



Жыр жинағы



**Ғазиз
ЕШТАНАЕВ**

«ТАМШЫДА ДА ТАҒДЫР БАР»

ЖЫР ЖИНАҒЫ



Анарыс
Б А С П А С Ы

**Алматы,
2018**

ӘОЖ 821.512.122-3

КБЖ 84 (5 қаз)-44

Е

*«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу,
басып шығару және тарату»
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»*

Ештанаев Ғ.

Е **«Тамшыда да тағдыр бар»:** *Өлеңдер. Поэмалар.
Аудармалар. /Ғазиз Ештанаев/. –
Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2018. – 208 б.*

ISBN

Бұл — қаламгердің үшінші кітабы. Жинаққа әр жылдарда жазылған жана туындылары топтастырылған. Акын өлеңдеріндегі лирикалық «мен» Сізбен жарық дүниенің жақсы-жаманы, ақ-қарасы жайлы сыр бөлісе алады. Сондай-ақ аталмыш жинақтан автордың «Кетбұқаның соңғы күйі», «Өкініш», «Бетпақдала», «Мырзабектің кара аты», «Сәрінжіп акын», «Аманат жүрек, армысың» атты поэмаларын да оқи аласыз.

Жинаққа қаламгердің аудармалары да енгізілді. Словения акындары Э.Коцбек, М.Бор, Балтық жағалауы акындары Б.Мацкявичюс, В.Шимкус, Ян Райнистің және жезқазғандық акындардың қазақ тілінде сөйлеген жырлары оқырмандарын бейжай қалдырмасы анық.

Кітап әдебиет сүйер көпшілікке арналған.

ӘОЖ 821.512.122-3

КБЖ 84 (5 қаз)-44

ISBN

© Ғазиз Ештанаев, 2018

© «Ан Арыс» баспасы, 2018

*Мұңдасым көп дертке дауа сұрайтын,
Жұбата алмай келем жаны жетімді.
Менің жаным шыдамдықты сынайтын,
Патшағарлар полигоны секілді.*

*Көктем қыздың жанары тұр күлімдеп,
Қыс жылайды: «Тағы да өтті күнім», – деп.
Өліраның кірпігінің ұшында
Бір тамшы жас дірілдеп.*

*Қыс ызғары қар астында тұншығып...
Көктем ару әлденеге құлшынып...
Екі маусым егесінің куәсі –
Көк сүңгінің ұшындағы тіршілік.*

*Дәурені өткен қыс жылайтын сыңайлы,
Көктем күннің жүзі не еткен шырайлы.
...Сүңгі ұшында дір-дір еткен тіршілік
Сәлден кейін үзіледі, құлайды.*

*Келу-кету – табиғаттың бар шыны,
Адам жаспен жан азабын аршыды.
Анау тамшы – өліараның өксігі,
Тамырында тіршіліктің талшығы.*

*Ал осыдан нені ұғына қалдыңдар?
Тіршілікте заһар мұң бар, бал мұң бар.
Дәлдүрішке өмір деген салтанат
Тосатынын қайдан білсін алдын жар.
Бәрі өткініші дегенді айтып ұқтырған
Тамшыда да тағдыр бар.*



Бірінші бөлім.

Тамшы-тірлік





АБАЙДЫҢ АРМАНДАРЫ БАР

Түйсігің болса, танып ал,
Құл емес ең ғой қарынға.
Абайдың армандары бар,
Қасымның айтқандарында.

Сабыр ет, дүние, дөңгелер,
Ақтарсын сырын бұл Қасым.
Адасып жүрген пенделер
Ақынның жырын тыңдасын.

Сортаңға сосын гүл шығып,
Табылар дерттің қайта емі.
Ырду да дырду тіршілік,
Тыншыға тұрсаң қайтеді...

Өлеңге көңіл бетін бер,
Бесігің осы бақ тербер.
Сендер де сабыр етіндер
Сары тісті саясаткерлер.

Ақынға пейіл бұрындар,
Тілегі де осы тандардың.
Аптығын баса тұрындар,
Алпауыт зымырандардың.

Біткен жоқ тірлік амалы,
Сабыр ет, қыркыс, егес-күн.
Керегі де әзір шамалы
Кеңселердегі кеңестің.

Ақылға құлап, еріндер,
Сен есен де, мен есен.
Ақынға кезек беріндер,
Ақиқат өлген демесең.





Ақын бар елдің бағы асып,
Ырғағын түзер күй-ғалам.
Абайсыз қоғам адасып,
Қасымсыз қоғам қираған.

Түйсігің болса, танып ал,
Сүйенген ұл ең сенімге.
Абайдың армандары бар,
Қасымның өлендерінде.



ЕЛШІ КЕРЕК...

Жүйке тозды.
Жүйе жоқ.
Ол да қайғы,
Маңдай терім мойынға сорғалайды.
Басу айтпақ боламын өзіме өзім,
Бір сөзімді бір сөзім қолдамайды.

Төзімімнің тартылып тас бұлағы,
Сосын дертім дендейді, асқынады.
Тағы басу айтамын өзіме өзім
Бір ойымды бір ойым басқа ұрады.

Көрсетпеймін сырт көзге,
Зораямын,
Мені сүйреп барады, солай, ағын.
Айтқанымға көнбейді имансыз тіл,
Айдауыма жүрмейді қол-аяғым.

Шындығым сол.
Шырылдат.
Шокқа қары,
Мұның қашан белгісіз тоқтамағы.
Жайлауынан жыр ұшқан менің жаным
Қайшылықтар алаңы боп барады.

Қолдамасаң, қайран дос, бірін мені,
Қандауыр ой жанымды тілімдеді.
Дастарханнан дәм ішіп отырамыз
Мен ұлымды түсінбей, ұлым мені.

«Заманыңның, — дейді ойым, — тынысын бақ,
Ыразы бол жүргенге ырысыңды ап».



....Қалғып кеткен екенмін
Тағы оятты
Диско-бардың дүңкілі тынышымды ап.

Кімді түзеп тастаймын, кімді ұқтырып,
Құрсауына ап қысады құлдық ғұрып.
Майқы бидің сөзі өшкен дүниені
Майкл Джексон барады дүрліктіріп.

Қайда қашам, тепкіге төзіп келем,
Мұңдасым боп әйтеуір кезікті өлең.
Илікпейді екі қол,
Қарайды әлі
Бір көзіме бір көзім сезікпенен.

Тайталасы төзімді талдырады,
Жапырылды жанымның бал құрағы.
Бір пікірді бір пікір бүйірлейді
Сол аяқтың оң аяқ – андығаны.

Қайда тартты көңілдің көш-көлігі,
Өктемдіктің баяғы өшкен үні.
Жатырқайды Жаңаның жарнамасын
Есімдегі Ескінің естелігі.

Ертені ерен жандармыз, өткені бай,
Мұнымды айта бермейін көпке бұлай.
Ескі менен Жаңаның шекарасы
Жүрегімнің тұсына дөп келуі-ай.

Бұла күннен алатын еншім ерек,
Көктемдерім, көңілді көрші демеп.
Мендегі екі сұмдықты бітістірер
Түбі маған тіс қаққан елші керек.

Елші керек.....



КҮЗДІҢ КҮНІ

Сокты дағы сойқан дауыл есіріп,
Қара бұлттар құрсаулады аспанды.
Қалған жоқ па
көктің түбі тесіліп,
Бас көтертпес нөсер тағы басталды.

Зандылық па?
Келісілген кезек пе?
Жылап алды жер-дүние, тіршілік.
Көңілденіп шыға келді мезетте,
Қара бұлттың ар жағынан күн шығып.

Табиғаттың өз дегені,
Не етерсің,
Байқатпайсың бұл адамға бетінді.
Күздің күні-ай, бәтуасыз екенсің.
Жылап алып, күлетіндер секілді.





КЕТЕМІН

Бәрі де бар.
Бақ-дәулет те жетеді.
Күнде думан күмбез таудың етегі.
Қызмет пе?
Қылға тізіп шыққанмын
Көпті көрген «көкелердің» жетегі.

Арманымдай көрінеді ақ таулар,
Жете бермес бәрін бірдей даттауға ар.
Мерейімді сан мәртебе өсірді,
Мұқағали естімеген мақтаулар.

Өтіп жатыр
Есептеулі күн еппен,
Көңіл шіркін көбелектей гүл өпкен.
Бағым тасып,
Бақыт шалқып барады,
Бас айналды банкетте айтқан тілектен.

Данқ үстемдік құрып тұрған бұл күні,
Марапат па?
Жек көреді кім мұны?
Маған айтқан дұрыстардың мақтауын,
Қолдай кетер хрустальдің сыңғыры.

Созылады дейсін бұл да қанша күн,
Ауыл жаққа ауа берді аңсарым.
Қараша үйде қатық ішіп өскен ем,
Дақпыртың мен даңғазаннан шаршадым.

Бұл сөзімді сынама, дос,
Сөкпе сен,
Болмас енді.
Талай күнде кетті есем.
Жамылып ап Аяз бидің шапанын,
Жиреншенің лашығына кетпесем.



Жанымды қарып мұз-қайғы,
Мың тарау болды-ау міндетім.
Қабырғам асты сыздайды,
Қара бұлт жапса күн бетін.

Жаныштап жалқын зар-үнді,
Жанымды үміт тоқ қылды.
Мағыналы минуттарымды
Жын-ойнақ күндер жоқ қылды.

Қайсыбір сәтте кектеніп,
Дабылдап кірдім дау-жынға.
Тәкаппар күндер кетті өліп,
Айдаһар жылдың аузында.

Дүниенің көрдім дүрмегін,
Өткінші бәрі-білгенім.
Ей, менің ғажап күндерім,
Ей, менің азат түндерім.

Мазасыз күндер көбейді,
Түндерім аздау көз ілген.
Құдай-ау, маған не дейді
Ботасы өлген бозінген?

Жырларым, от боп жаншы бек,
Шаршатты мынау шағыр мұн.
Таңдайын жібіт тамшы боп,
Аңқасы кепкен адырдын.

Есепсіз айтсам кеш, Күнім,
Ашынсам
тыншу табармын.
Азалы күйін естідім,
Адыра қалған Аралдың.





Кес-кестер жолды кесірлің,
Өмірге бірақ өкпем жоқ,
Өтсе де жылдар,
Жесірдің,
Көз жасы әлі кепкен жоқ.

Жанымды қарып мұз-қайғы,
Мың тарау болды-ау міндетім.
Қабырғам асты сыздайды,
Қара бұлт жапса күн бетін.

Азабың бар ма?
Бөлісем,
Болса да қатты жаза тым.
Жартасты жердің бөрісі ем,
Жарасын жалап жазатын.

Арманым алдап
Кетпес тек,
Жанымды мұңға талаттым.
Адам боп жүрсем жетпес пе ед,
Ақын ғып неге жараттың?!



ТӘУЛІК ТАМАМ БОЛҒАНДА

Тірілік күн сайын азаяды.

Ж.Баласағұни

Желпіндіріп жаз-үміт,
Ала қашты ой-дөнен.
...Отырсам да қазылып,
Жаза алмадым ойлы өлең.

Қайда кеттің, от-үміт,
Жаным неден торықты?
Арпалыспен отырып,
Түн ортасы болыпты.

Қиянға ойым жол шекті,
Көкіректе толған үн.
Сағат тілі көрсетті,
Он екiнiң болғанын.

Өткенді екшеп елегі,
Шежіре боп ауды күн.
Тамам болды дегені,
Тағы да бір тәулігің.

Жаңа тәулік басталды,
Жарылқай көр, дана Күн.
Жыртып алып тастадым,
Күнтiзбенiң парағын.

Атар таңым – күт алды,
Алған жөн-ау дамылдап.
Күнтiзбе де жұқарды,
Мұң тізбегім қалындап.





ТҮНДЕ

Ел ұйқыда.
Ояумын.
Тереземді торлап түн.
Қабағымда қаяу-мұн,
Жарылқаушым болмақ кім?

Қаламымды алам да,
Қағазыма үңілем.
Құтым қашар табанда,
Қара аспанның түрінен.

Қара түнге қараймын,
Аймақ – әлем сау ма деп,
Тыншығамын
Арайлы
Ай барына тәуба деп.



ЖАҒАЛАУДАҒЫ ЖАБЫРҚАУ

элегия

Көкжиекке көміп келіп күлкімді,
Жылап тұрып жаназа-өлең оқыдым.
Талақ еттім тағылымы жоқ ғұрпыңды,
Мені жұбата аламысың, тоты-күн?

Айдыныңнан аққу қашты.
Басың зар.
Бейбіт күнде безінуден қорқындар.
Мен келгенде неге долданасындар
Жағалаудың жанын жеген толқындар?

Тұра алмаспын осы дерттен құласам,
Жұбатам деп не істеп кеттің, жақсы аға?
Сексеуілден сезім өлгелі қашан
Бедеу құмдар бәйек болып жатсада.





ТІРЛІК-КӨКПАР

Миымызды миллион сауал ұрғылап,
Жүргенімен
Өліп кеткен жоқ ешкім.
Адам байқұс бір түзеліп, бір құлап,
Келе жатыр ішінде ертеке-елестің.

Талмайсың-ау,
Талмайсың-ау талпынып,
Үмітіңді басқа ұрса да шоқпар-күн.
Шыдамының шағаласы шарқ ұрып,
Ішінде адам тірлік деген көкпардың.

Сенімінің талай сынып жетегі,
Дәрменсіздер өмірден сан дерт емді.
Тақымды кеп тартып алып кетеді,
Уысыңа енді іліккен серкенді.

Дымың құрып діңкелейсің сен енді,
Күйің қайтіп додаласар арқырап.
Серке жұлған әлгі мықты жөнелді,
Уысыңнан ырысыңды тартып ап.

Күн кешу де көкпар сынды кәсібің,
Дода ішіне кіре алмайды кей шала.
Бөгде қолға кетсе сусып нәсібің,
Өзіңнен көр, бейшара.



Қабағыңды аш.
Қара бері.
Күлші, үміт,
Не түседі күн батқанмен күрсініп?
Жүрісімен жүйкені жеп болды ғой
Табанына тас байлаған Тіршілік.

Түксиеді түрін бермей тірлігім,
Шын жарылқап тастар дейсің кімді кім?
Күрек тісің көрінеді аксиып
Күлкінің де құны кетіп тұр бүгін.

Сіресуі-ай сұрғылт күннің сұрқымды ап,
Мына күнде кімді жатыр кім тыңдап?
Сағат шіркін жатыр бәрін есептеп,
Саудагердің саусағындай сыртылдап.

Сенгеніңнің үсті-басы былғаныш,
Сеніміңнің бітіп қалған құлағы.
Ұйқысынан жаңа оянған қу намыс
Ұйпа-тұйпа шашын тарап тұр әне.

Абыр-сабыр, алқам-салқам мына күн,
Жаға-жеңін түзеп алсын тіршілік.
Құдай, сенің рахымыңды сұрадым
Құлшылық...

...Күлші, Үміт.



АРЫЛУ

Ұстазым Орал Исатаевқа

**АБЫЗ. «Көкейтесті», «Көкейтесті» күй не дейсің?
Уа, не қыл дейсің, тынбаған көңіл, талмаған көкей. Күшік!**

(М. Әуезов. «Еңлік-Кебек» трагедиясынан.)

Бақ қашса, алар сор қамап,
Қу тірлік – құрдым естіге.
Көзімнің жасын сорғалат
Бас, көке, «Көкейтестіге!».

Бал тамыз, аға, бармақтан,
Көзімнен сезім сөзін ұқ.
Санама түскен салмақтан
Жұлын, ми жатсын езіліп.

Сағынудан да шаршадым,
Сарғая берсең, сор тұнбақ.
Тарта түс,
Осы – аңсарым
Тұла бой жатсын солқылдап.

Бебеулет, боздат, байбайлат.
Сайқалды бездір қаңғыртып.
Жіберсем бе екен айқайлап
Аспанның астын жаңғыртып.

Сағақтың бойын қуалай
Салалы саусақ, сал ойнақ.
Сенен де қашқан талай бақ,
Менен де қашқан талай бақ.

Пернеңе сіңіп тамшы-үміт,
Шерте түс.



Шер де құт-бағын.
Аспанға жатсын шаншылып
Шанақтан шапшып шыққан үн.

Жасаурап жүрек жанары,
Жыласын, күлсін, толқысын.
Жаныма жағып барады.
Тарта түсші, аға, сол тұсын.

Тартар ем өзім
Қол қысқа,
Бебеулет,
Боздат,
Қу,
Қаусат.
Бөгеле тұршы сол тұста,
Безектеп қалғыр қу саусак.

Белгілі мұның бітпесі
Басылмас күйді аңсау шақ.
Сол тұста жанның нүктесі
Қадалып сонда қал, саусак.

Тоқтатпа күйді,
Сұраймын,
Тұрсыншы елтіп бар манай.
Ақ сәуле шашқан Арман-ай,
Бебеу де бебеу жалған-ай

Беу! Жалған-ай!



Аспанның ашылмай қабағы,
Өксігі басылмай өткеннің.
Менің де қызығым шамалы,
Көзінен жас көрдім көктемнің.

Тал-қайың өң бермей тұр сұлық,
Таулар да шаршаған сынайлы.
Мұншама не болды тіршілік?
Қара аспан қамығып жылайды.

Шаршаған Орман, Тау, Көк – бәрі,
Көктемнің кім сүртер жанарын?
Көк теңіз теңселіп кетті әне
Демінен алқынған Даланың.

Шаршады Жаным да, Денем де
Жанарға жайғасқан Бақыт, Мұң.
Құс жолын көрдің бе төбенде?
Ағарған шашы ғой Уақыттың.



ӨРКЕНИЕТПЕН БЕТПЕ-БЕТ

Тынға салдым дейсің тірлік түренін.
Қандай суық қаны қашқан реңің.
Дегбірімді ап, дедектетіп барасың
Дамыған ел, дабысыңды білемін.

Сан ұлыстың билеп-төстеп санасын,
Бажайламай байыпты істің бағасын.
Анықтамай істің ақ пен қарасын,
Секундтардың сипай өтіп арасын,
Өркениет, қайда асығып барасың?

Дүрліккен жұрт.
Түсінген жоқ ел түкке.
Желіктіріп жетіп жүрме сен түпке.
Аптығыңды Америка, баса тұр,
Есіңді жи, Европа, еңтікпе.

Келер күннен дейсің ғажап құт көрем,
Кереметтер жасамақсың күтпеген.
Даурықпай-ақ алмасады дәуірлер
Сонда сенің мақсатың не діттеген?!

Өркениет, білем даңқың жоғары,
Дауысыңа әлем қолын соғады.
Билігімді жүргіземін дегенмен
Құрлықтардың саны өзгерген жоқ әлі.

Таң атады.
Күн батады. Тағы түн.
Өз заңы бар, салған жоқ қой сабытын.
Алып мұхит жатыр жайлы орнында
Өзендер де өзгерткен жоқ бағытын.





Тіршіліктің бізге анық па дерегі,
Бейкүнә елге бейбіт тірлік – керегі.
Өркениет, сенің ақыл-ойыңсыз
Жер жарықтық Күнді айналып келеді.

Кетпеді тек бақыт тайып, бақ ұшып,
Бірде тату, бірде қалдық қағысып.
Күнді айналып сен де, мен де келеміз
Жұмыр жердің бауырына жабысып.

Күнді айналып Жер келеді күрсініп,
Мұндылау ма?
Ай да әнеки тұр сұлық.
...Ұнамаса қайта бастай салатын
Компьютер ойыны емес Тіршілік.

Табан жерде, қиял кетіп шалғайға,
Аптыққанмен барады адам, ал, қайда?
Айтшы одан да адамзаттың баласы-ау,
Жүрісінен Жер жаңылып қалмай ма?

Соны ойласам санам сыздап, шарқ ұрад,
Даурығудың болса екен тек арты бақ.
Жер жарықтық әзір аман келеді
Адамзаттың оқ-дәрісін артып ап.

Монитордан көріне ме тағдырым,
Мүмкін болса, тыңда Жердің зарлы үнін:
Африка аштықтан тұр әлсіреп,
Азияның бауырында қанды ірің.

Тамағына көздің кермек жасы кеп,
Жылағанға ақылыңды басу ет.
Голливудта ғажап думан басталды,
Кандагарда – қанды алаңда қасірет.



Тартыстардан таңба түссе денеге,
Кекті бала келісімге келе ме?!
Жердің бетін тастамасан жарылқап,
Сонда сенің көздегенің немене?

Жоқ, Батыстың, байбаламшыл баласы,
Қара аспанда қасірет бар, қарашы.
Зымырандар алаңына айналды
Аққу ұшқан аспан, жердің арасы.

Ақыл-ойым жетпеген соң Айға анық,
Жердің үстін жүрген жөн-ау пайда ғып.
Амалым не, ақыл әзір дәрменсіз
Атомдардың әміріне байланып.

Үрейлі жұрт.
Түсінген жоқ ел түкке,
Желігем деп жетіп жүрме сен түпке.
Аптығынды Америка, баса тұр,
Есінді жи, Европа, ендікпе.

Сабыр, сабыр.
Санам соған бекіді.
Осы болды мендегі ақыл өкімі.
Далалықтар дау айтты деп даурықпа,
Өкпелеме, өркениет өкілі.

Сан ұлыстың билеп-төстеп санасын,
Бажайламай байыпты істің бағасын.
Анықтамай істің ақ пен қарасын
Секундтардың сипай өтіп арасын
Өркениет, қайда асығып барасың?!





ЛЕНИН ЕСКЕРТКІШІ ОРНЫНДА

Пролетариат көсемі В.И.Лениннің орталық алаңдағы ескерткіші қиратылды. Тарихқа тағы бір өзгеріс енгізердей талқандау ісіне құшына кіріскен құрылысшылар әуелі «көсемнің басын алды».

Солай болды, Володя,
Кешіргін,
Ел жадынан есімінді өшірдім.
Жылдар жылжып жылымына тартады
Енді тізгін берер ме екен көшір-күн?

Бас алынды,
Жаға-жеңің жыртылып,
Санамызда қимас сезім тұр тұнып.
Осы алаңда талай ағам ұрандап,
Талай ақын жыр оқыдық жұлқынып.

Енді, міне, соның бәрі – естелік,
Бәрі өзгерді,
Өзгеше ұрпақ өсті өніп.
Манифесті мұражайға тапсырып,
Басқа арнаға бетін бұрды көш-көлік.

Сынды ескерткіш,
Орынында тас қалды,
Өзі тіреп тұрғандай ед аспанды.
Көсемінен көсеу жасау пиғылы
Сенің ұлы Ресейіңнен басталды.

Ит сиді ғып ілімінді нақ сенер,
Қырқып жатыр,
Содан тыншу тапса егер.
Ұлан-байтақ Ресейіңнен, қайтейін,
Ұлтарактай жер бұйырмай жатса егер.



Өткен күндер көз ұшында бұлдырап,
Кеткенімен
Ұмытпайды Жыл бірақ.
Сеземісің сенің мәрмәр бейнеңнен
Самогонның аппараты құндырақ.

Солай, Ильич,
Бәрі өткінші білдің бе?
Қызық боп тұр,
Күлмедің не, күлдің не...
Октябрьде атқа мінген сарбаздың
Махоркамен бағасы бір бұл күнде.

Күн бұралаң,
Бағынбайды сызыққа,
Бірде қайғы, бірде батып қызыққа.
Бір басыңа жетті байлық-дәулетің
Теңдік іздеп нең бар еді мұжыққа?

Бәрі өзгерді,
Адам, Қоғам, Жол, Алап,
Жатыр елім жүрер жолын жобалап.
Алып кран шынжырына ілініп
Әне басың бара жатыр домалап.

Таңы жақын дейміз анық Бақыттың,
Мезгілімен атса болды жақұт Күн.
Абайламай,
Арманыңа асықсаң
Басыңды алып тастауы оңай Уақыттың.

Бар ма бүгін
Тәубаңа кел дейтін үн?
Келбетімді кекетеді кей күнім.
...Сол түні мен түсімде бір гәп көрдім
Басы-ау деймін, Махамбет пен Кейкінің.





Көңілімнің қайсыбір қаупін басып,
Қара орманым жатыр ма қауқылдасып?
Тарғыл тұман, тынысын тарылтпа енді
Таулар құшақтассыншы мауқын басып.

Қыран ба екен білмеймін
Құмай ма бак,
Қара бұлттар, тұрсың-ау сынай қарап.
Жұтым суға зар болған пендеңіз мен
Бұлағының бастауын лайлап ап.

Тамшы-үміттің тиер ме бірер себі,
Арманыма серік боп жыр ерсе еді.
Жылдар жүгін көтеріп келеді ұлың
Төзімінің дірілдеп тілерсегі.

Көзге сүйел болып тұр күйі алаптың,
Өлгенім жоқ,
Жанға үміт ұялаттым.
Ақыл, арым таба ма ем-дауасын,
Арсыз қолым жасаған қиянаттың?



Ақын аға!
Аспан астын, жер үстін,
Алаңына айналдырдық керістің,
Қалақтаста жазулы тұр жоқтау жыр
Қан төгілсе, құны бар ма жеңістің?

Біреу тұрып, біреу құлап жатқанда,
Біреу күліп, біреу жылап жатқанда,
Сарша тамыз сарғайтады санаңды
Жанынды аяз жауратады ақпанда.

Жаныңда – әлем, жанарыңда – шартарап,
Сауық болып сергітпеді салтанат.
Қара аспанда қайғы жоқ деп кім айтты
Сен келесің сол сұмдықты арқалап.

Бірге ілесіп пенде-ғұмыр көшпенен,
Еппен жүрсен кетпес еді ештенен.
Сен келесің малғұндарға майдан сап,
Сен келесің кескілесіп кешемен.

Күнің бар ма дамыл тауып тынығар,
Сенің қатпар әлеміңді кім ұғар.
Жігерсізді желкелеумен келесің
Онда, ағатай, қай әкеннің құны бар?!

Қажытты ма дегеніңді бермей Күн,
Жолы сортаң болады екен кейде ердің.
...Ақын біткен айтар сөзін тоқтатса
Қара жерді кара басты дей бергін.

Ақын сөзі айналғанда ұранға,
Рахым жауған сол күндерге жыр арна.
Жоғыңды, аға, іздеп жүрген ұланға
Қуат берсін, шуақ берсін бір Алла.





Тірлік осы:
Ақыры дауға ұласқан,
Бар ма амалын,
Бақытың ауды бастан.
Күйі қашқан даланың сиқы мынау,
Жұбата алмай жасиды жәудір аспан.

Арды таптап, айкәпір атанып па ем?
Балаң едім бабадан бата күткен.
Көңіл дөнен жер тарпып шұрқырайды,
Бұлбұл даусын басады бақа біткен.

Қара аспаннан қарайды қамығып Ай,
Сал даланың болып па ед әні бұлай?
Қарлығашты ғайып қып көз ұшынан,
Тоты құсқа телмірткен, тәңірім-ай!

Өтті күндер көңілге сына қаға,
Тәңірімнен тәбәрік, сыбаға ма?
Шегірткенің шырылын ән дей ме екен,
Аққу көрмей адасқан мына бала?

Көңіл қайтіп қалмайды,
Құласа күй,
Құласа күй, төзімді сынаса күй.
Елді ұйытып соңына ерте ала ма,
Еміздікке малданған мына сәби?

Жандәрмен ғып әйтеуір жүр ізгілік,
Қан жүгіртер қайда әлгі қымыз-қылық?
Аңызғағы Арқаның күй тартады,
Көңілімнің қурайын сыбызғы ғып.



АДАМЗАТҚА АРЫЗ

немесе

Ұлы Отан соғысының көзі тірі ең соңғы куәгерінің аманаты

Қайғыдан сонау қалтырап аспан, Ай мұздап,
Дүниеден тыншу таба алмай сорлы байғыз-бак.
Жалғанның мынау жағасын жыртып сұм соғыс
Өтті де кетті кеңістік төсін айғыздап.

Жанымыз отқа қарылған ол бір тамұқ күн,
Жату да бақыт ішінде ағаш табыттың.
Қаншама досым шашылып қалды далада,
Сұмдықтың соңғы куәсі мен боп қалыппын.

Марапат, мақтау...
Айтындар бәрін естиін,
Жанымда менің алапат дауыл, өш құйын.
Тірлікте мынау майдандас достың бірі жоқ,
Маған да енді бақыттың құны бес тиын.

Құрметке мынау
ырзамын мен де, ырза олар,
Әнеки, әне, арайлы келбет, нұрлы ажар.
Хабарсыз кеткен ұлымды тауып бермедің,
«Мерседес» мінген мырзалар.

Мен үшін де енді сөнеді жалған жарығы,
Толастар, бәлкім, сонан соң сұмдық зар-үні.
Дамыған қоғам, сенен де шара болмады-ау,
Әкемнің қайда қабірі?

Кездесу, саммит, келісімшарт пен салтанат...
Не үшін? Неге?
Дүрліге берді шартарап.



Тірілер әлі шеше алмай жүрген дау бар ма,
Беріндер маған, кетейін көрге арқалап.

Қажытып бітті қасарыс, қағыс, араздық,
Биржадағы ақша, білсеңдер еді, мәні аз құт.
Ең соңғы шартқа қол қояр уақыт жетті ғой
Сүйекті қалам, қан сіңген жерді қағаз ғып.

Шаршадым мен де, кәрілік женді, саркылдым,
Аманат сөздің анықтар ертең паркын күн.
Сол жерге жерле!
Соғыспау жайлы қол қойған
Нүктесі болып жатайын келісімшартыңның.



ӘН

*«Ұлытау үні» фестивалі.
Сахнада Дариға Ақтаева ән салып тұр.
Ұлытау мен Қызыларай арасын ән жалғап жатқандай.
Жо-жоқ, бүкіл әлемді ән тербеп кеткендей еді...*

Сезімің іште қалмасын десең түншығып,
Шырқай түс, шырқа,
қанатын қақсын жыршы-үміт.
Дамылдап бір сәт тазарып алсаң болмай ма
Ей, дегбірі қашқан тіршілік?!

Әнеки, көкем балаша мәз боп қуанды,
Әжемнің неге кірпігі жасқа шыланды?
Адамдар жанын аластап жатқан періштем
Пейіштен жеткен ақ сәуле дерсің мына әнді.

Бірзығым етіп реңі ғажап таң нұрын,
Қолыма сосын қондырып бәрін, барлығын.
Мәңгілік әнге айналып неге кетпейсің,
Ей, менің титтей тағдырым!

Шырқай түс тағы, санамыз жаңа сауықты,
Жаныңның даусын түсінді дала, тау ұқты.
Үміттерімнің үзігін жалғар мынау ән
Үзіліп кетсе...
Қауіпті.

Шырқай түс тағы,
Жәннаттың сезсін демін көп,
Сен таптың ән боп сырқатты жүрек емін кеп.
Ғаламның мынау жанарын сүртіп жақсылық,
Қара бұлттың да қанаты кетті жеңілдеп.



Токтата көрме,
Шырқата түсші,
Көкке өрле,
Тас көшелер де ән тындайды екен,
(жек көрме).
Осы әнмен қайтып тірілер, бәлкім, сезімім
Өлтіріп алған көктемде.



Қарайды сосын Түн күліп мені жынды ғып,
Ұйықтамақ болам...
Ұйықтап ем жұлқып оятты
Ауғанда өлген жастығым кенет шыңғырып.

Өзіммен өзім.
Ешкімнің менде жоқ ісі,
Жүрегім мынау – қасыреттердің тоғысы.
Ауғанның жері – бұл менің жыртық тағдырым,
Санамда әлі бітпеген сұмдық соғысы.

Көзімде бәрі:
Қан-қасап күннің шындығы,
Тыныштық күнде түсінер дейсің кім мұны!
Ауғанның жері – бұл менің кемтар ғұмырым
Жадымда мәңгі жазылып қалған сұмдығы.



БҰҒЫЛЫМ МЕНІҢ, ТАҒЫЛЫМ МЕНІҢ...

Бұғылы мен Тағылы бүркіт салған...

Иманжүсіп

Армандарымды ар, үнім дедім,
Ақ канат байлап ұшырған.
БұҒЫЛЫМ менің, ТаҒЫЛЫМ менің
Жыр оқып өттім тұсыңнан.

Өзекті жарған өлеңім еді,
Тереңдерінен бір сыр ұқ.
Жетелеп әлі келеді мені
Сен ғашық қылған тіршілік.

Жинар ем бәрін,
Бақ табар еді,
Қүдірет болса менде егер.
Сендерден күш ап аттанар еді,
Сәулесі сөнген пенделер.

Бәріне соның жететін еді,
Баурыңа біткен ғажап құт.
Ақын боп бәрі кететін еді,
Ақымақтарды мазақ қып.

Тағылым менің, Бұғылым менің,
БұҒЫЛЫМ менің, ТаҒЫЛЫМ.
Бабалар көшкен ұлы күндердің
Белгісін сенен таныдым.

Басымыз доп боп домалағалы,
Деп жүрміз бақыт бір келер.
Баурыңа бір күн оралады әлі,
Жерұйық іздеп жүрген ел.

БұҒЫЛЫМ менің,
ТаҒЫЛЫМ менің.



БІР ӨЛЕҢ

(ақын Сайлаухан Нәженовті мәңгілік сапарға шығарып саларда оқылған жоқтау жыр)

Ақын кетті!
Жоқтады жұрт, бұлақ, қыр,
Мұңлы аспанның дауысына құлақ түр.
Жазып кеткен бүкіл жыры жетім қап,
Жазам деген бір өлеңі жылап тұр.

Біз күткен жыр сол еді ғой, сол еді,
«Сол, – деуші еді, – жырларымның бөлегі»,
Сонда дейтін ғұмырымның дерегі,
Сонда дейтін жан-жүйемнің қорегі.
Біз күткен жыр сол еді ғой, сол еді.

Жылады өлең.
Сезініңіз, байқаңыз,
Жыр иесін қазір жерлеп қайтамыз.
Ән-мұңлықты жұбатып ек кеше әрең¹,
Мына өлеңге не деп басу айтамыз.?!

Жаратқанның әміріне байланып,
Ақын кетті бір ғажайып жайға анық.
Ақын кетті мекеніне бақилық
Бізді аңсатқан бір өлеңге айналып.

Жадымызда сақтап ақын жыр-үнін,
Сезінерміз жүрегінің жылуын.
Тәніміз бен жанымызды жауратқан
Мына қыстың суығын-ай, суығын.

21 қаңтар, 2008 жыл.

¹ Ақын С.Нәженовтің қазасының алдында қала жұрты белгілі сазгер Марат Түсіпбековтің жаназа намазын шығарған болатын.



АДАМДАР-АЙ

Жырым да сенсің, ағайын,
Мұңым да сенсің, ағайын.
Ортаңда жүрсем орманмын
Шуаққа толар маңайым.
Сендермен от боп жанайын,
Сендерсіз кірмес арайым.
Жаманыңды айтсам, жат қылма
Жақсыны қайдан табайын?

Арманы аққу балаңмын,
Саулығын сұрар даламның.
Ғажайып мына ғаламның,
Демінен мен де жаралдым.
Арманын айтар адамның
Ақының мен де саналдым.
Ағайын, сенен күй алдым,
Ағайын, сенен нәр алдым.

Алғысы жұрттың күн етті
Қарғысы кудын жүдетті.
Бір мінез жанды қарыса
Бір мінез жанға гүл екті.
Сортаңға салса бір мінез
Бір мінез көңіл түлетті.
Жақсылар, саған емдеттім
Жаралап алсам жүректі.

Арнасы сенсің жырымның,
Ағының болған ұлыңмын.
Сикқырын ұқтым сыр-үннің
Тіршілік деген дірілдің.
Жаның бар нудай біріңнің,
Зәрің бар удай біріңнің.
Біріңнен қалса көңілім
Біріне барып жылындым.





Киесі сендер киемнің,
Иесі жан мен жүйемнің.
Сендермен ән боп өрілдім,
Жаныма ғажап күй ендір.
Өмірді сүйсем өлердей
Өздерің бар деп сүйермін.
Біреудей мен де сүрінсем
Біріңе барып сүйендім.

Қаңтарда тоңсам дірілдеп,
Жылыттың жанды бірің кеп.
Шөлейтте қалсам шөліккеп,
Таңдайға түстің жырым боп.
Сырымды айттым алдында,
Түсінер жұртым шыным деп.
Менсіз де тірлік жалғасар,
Сендерсіз менің күнім жоқ.



ЖҮР, КЕТТІК...

Жантас Жақыповқа

Жантас-ау, сен де елуде, мен де елуде,
Жастықтың ауылы қайда?
Көрмедің бе?
Заманнан зақым алған біздің жүрек
Тәубаның дәрісімен емделуде.
Осылай жетерміз-ау керме – күнге.

Ұтылдық бір жарыста, бірін ұттық,
Сүрініп жүріп тірлік сырын ұқтық.
Жарқылдап біздің жастық өтті, кетті
Мазмұны – социалистік, түрі – ұлттық.

Мына бір заман келді уысы нән,
Не бөліп берер екен ырысынан?
Ел сенген социализм салыныпты-ау
Шараптың біз босатқан шынысынан.

Дүркіреп дүниенің дүрмегінде,
Сүйсініп социалистік «нұрлы өмірге».
Ауылда тракторист боп мен жүргенмін,
Шопан боп сен елінде жүргенінде.

Сондағы сертім кәне, сертің кәне?
Біз советтік жастар ек өр тұлғалы.
Сыпырып сол сенімді алып кетті
Уақыттың қатыгез толқындары.

Жөн бе екен біздің әннің тоқтамағы,
Жастықтан жанымызда от бар әлі.
Досым-ау,
Бұрын мұндай емес едік,
Қу көңіл тым секемшіл боп барады.





Сеземін, маңың – тартыс, жаның – тартыс,
Өзінше бағалайды дарынды әр тұс.
Жантас-ау, бүгінгі күн кешегі емес,
Көсем емес бізге енді Карл Маркс.

Ғалым боп атың шықты алашыңа,
Айналдың бір ұрпақтың ағасына.
Жүр кеттік. Оқшауланып не табамыз?
Аласұрған адамдар арасына.

Бұл күнде шашса да айып, жиса да айып
Бар ма әлгі салқын сыраң
Құйшы
Алайық.
Сонан соң басқалардай тым болмаса
Он сотық жерімізді ап, үй салайық.

Жүр, кеттік ...

2008 жыл.



ӘШІМТАЙДЫҢ «ҚОҢЫР ҚАЗЫ»

*Даңқты күйші Мағауия Хамзиннің
рухына ескерткіш*

(күй-өлең)

*– Қарағым-ай, «Қоңыр қаздың»
берекесін алып жібердің ғой.
Бұл күйді былай тартады, –*

деді Мағауия аға күйші бауырына кейіп.

Көсіп-көсіп алды да домбырасын,
Сырлы әлемге сермеп қап кең құлашын.
Көз жұмып ап. Сары шал боздатты-ай кеп,
Күйді бітпей көтермес енді басын.

Бір керемет жасады кезекті алып,
Өксік түсіп кеткендей өзекке анық.
Қу тақтайдың үнінен шер тамады,
Перне қуған бес саусақ безек қағып.

Тебірентіп, теңселтіп бар алапты,
Тырнап өтті іштегі жара-дақты.
Сары шалдың қоңырқай домбырасы
Қоңыр қазға айналып бара жатты.

Жал-құйрығын жел күзеп замананың,
Бізді сүйреп бір жаққа барады ағын.
Қоңыр күйін шертеді далада мұң
Далада мұң.
Бұл – менің бабаларым.



Тажал оғы тұрса да төніп көктен,
Көніп кеткен.
Бәрін де көріп кеткен.
Жанын жеген жегідей шер мен мұнын
Бегазының түбіне көміп кеткен.

Бабаларым ел даңқын биіктеткен,
Құшағына ап ұл-қызын сүйіп беттен.
Ақ таңға ұқсас арманын аманаттап
Ақсоранның басына түйіп кеткен.

Арман-мұңға ақ алмас сертін малып,
Танытам деп әлемге көркімді анық.
Міне, мынау тағдыры үш арыстың
Тоқырауын ағады толқынданып.
Жарықтықтың жағасын толқын қағып.

Сол өзеннен қия-жар кезең көрдім,
Кезең көрдім сан рет кезерді ерінім.
Тағдыры да бізге ұқсас болады екен,
Дарияға құятын өзендердің.

Өзені бар өлке едік, жасымадық,
Таңба салған тағдырым тасыма анық.
Кей жылдары керемет күйге оранып
Тоқырауын жатады тасып ағып.

Аққуларым өзіне тапқан айдын,
Баян болар баурынан бақ қараймын.
Қоңыр қаздың үніндей қоңыраулы
Өз мінезі бар біздің Ақтоғайдын.

Қыздарының көзінен көктем көрдім,
Гүлге ораған арасын көк пен жердің.
Жанар ма еді бақыты ұл-қыздарсыз
Манарбегі ән салып кеткен белдің.



Қыран ұлы – қожасы өктем жырдың,
Олардың да басынан өткен бір мұң.
Жал-құйрығы күзеліп кеткен жырдың
Жоғын іздеп келеді ақындары
Күләш ән боп аспанға жеткен күннің
Аққыз күйге айналып кеткен жылдың.

Арсы жаққа қол созып тауы тағы,
Өзгеше бір өрлікті танытады.
Шың басынан саңқылдап жыр оқылды
Жеңіс пе екен?
Жоқ әлде Дәуітәлі?

Көз жетпейді көруге өкінішті-ақ,
Кемеңгер күн, кемел жыр кет ырыстап.
Жарқылдатып сонан соң жыр оқысын
Ақсұнқардың Серігі от уыстап.

Белгілі өңір жақын мен жатқа жайы,
«Жарқылдаған жұлдыздай бақ талайы».
Осы Ақтоғай – Абзалдың арқа белі
Осы ауыл ғой Дәртайдың Ақтоғайы.

Көкке өрлетті көңілді бір ән азат,
Бір мұң ғана өткенді тұр азалап.
Қозғап кетті қоңыр күй қайдағыны
Қобызы ғой Шәмшидің – мына ғажап.

Жаттығы жоқ күлкі, мұң жүрсін ұдай,
Арманым бар менің де білші, Құдай.
Ақ-қарасы шарпысқан өмірім-ай,
Қос шегіндей қобыздың тіршілік-ай.





Бір қуантып, мұңайтып мына манды,
Күй де бітті.
Бес саусақ тына қалды.
Жарты жаным жарқылдап отқа айналды.
Жас шығармай жарты жан жылап алды.

...Сол бір шақпен көңілім көкке өрлейді,
Болса болсын ажалың өктем мейлі.
Сол күйшіні көне көз ақсақалдар:
«Қоңыр қазға айналып кеткен», – дейді.

Анау асқақ таулардың басында айбын.
Солар барда төмендеп, басылмаймын.
Мынау – Мағауияның домбырасы,
Шанағында «Қоңыр қаз», Әшімтай-мұң.





КЕШІР, БАБА

*«...Қызыл жендеттер бұларды айуандықпен өлтірді:
екі қолы, басы кесіп алынды, ай-күні жетіп отырған
Ақжанның ішін жарып, нәресте етік табанына тапталды
және інісі Түскен де азаппен өлтірілді.»*

Ө.Бекмағанбетов,
тарихшы.

Атой салып, сен мінгенде атқа енді,
Майдан қылып жау ішін.
Қан-сөлі жоқ қара тасты қақ бөлді,
Күркіреген дауысың.

Жын соққандай болды майдан даласы,
Аспан мен жер қабысып.
Сансырады сары орыстың баласы,
Бастарынан бағы ұшып.

Арпалыста ат сауырын қан жауып,
Темір етік айналған-ды тебенге.
Дұшпан иттің жүгі жолда қалды ауып,
Құлан Кейкі атқа қонды дегенде.

Қайран менің, қайта тумас бабам-ай,
Сен білесің қасірет не, қайғы не?
От бүркіген өлімге де қарамай,
Басты тіктің бәйгеге.

Кім басының амандығын тілемес,
Дедің: «Басым артық емес басқадан.
Менің бассыз қалғандығым түк емес,
Ертең ұрпақ бассыз қалса, масқара!»

Баласына бақ тілеген бабам-ай,
Тағдырыңды салдың тауға, тасқа да.





Жауға шаптың жан тәтті деп қарамай,
«Ертең қазақ бассыз қалса, масқара!»

Батыр баба!
Бауыр бүтін, бас аман,
Сен алысқан дұшпаннан да азатпын.
Бой көрсетіп жүрген жоқпын тасадан,
Міне, мынау ұлы көші қазақтың.

Батыр баба, киен еді бұл Алаш,
Дей алам ба сеніміңді ақтады.
Иықтағы аман қалған мына бас
Іздеп жүріп, басыңды әрең тапты, әне.

Қу сүйек те құтын жаудың қашырды,
Құлшынып ед құл қылам деп құрықтап.
Паң далаға әзер сыйған басыңды
Кунсткамера қалай тұрсын құлыптап?!

Өлім жайлы ойламадың сен мүлдем,
Қайығыңды қарсы салдың ағынға.
Аңдыған жау сені өлтірген сол күннен
Жалаулының жара қалды жанында.

Иығыңнан басың кеткен күн еді,
Жыланшықтың қан қаптады арнасын.
Қаншама рет Доғал, Үрпек түледі
Өшірем деп сол сұмдықтың таңбасын.

Қан иісі қалай кетсін, сорлы адам,
Ажал болып қарып өтсе түн демі?
Адам басын ойыншық еткен сол қоғам,
Өзі бассыз қалатынын білмеді.

Қу қазақтың күйі өзекті өртеді,
Сол қасырет жетті, баба, маған да.



Сені ауыртқан сорлы жұрттың дерті еді,
Сол дертіңнен сызат қалды санамда.

Амал қанша, таба алмадық дертіне ем,
Басыңа кеп дұға жасап тұр Алаш.
Кешір баба, тайсам жүрек сертінен,
Ұшып түссін мына бас.

Ұрпағың бар құнын білген бақыттың,
Саған мәңгі өшпес белгі қойды анық.
...Қазақ отыр кемесінде Уақыттың,
Басын ұстап ойланып.





КЕШІР, БІЗДІ!

(31 мамыр күні оқылған өлең)

Сен кешір, бізді!

Қыр жіліншікті қиғызып ап қақпанға,
Уақытыңның зарынан у татқанда.
Жалаң аяқ қар кешкенде ақпанда,
Саған ешкім ара түсе алмады,
«Халық жауы» деп жазғырып жатқанда.

Сау сананды талқандады, жынды ғып,
Саусағыңды бір-біртіндеп сындырып.
Тырнағыңа қызған ине жүгіртті,
Есуас ит бар білгенін тындырып.
Саған ешкім ара түсе алмады,
Жан азаптан жатқаныңда шынғырып.

Кешір мені,
жоқ еді ғой күш менде,
Қаныпезер қаныңды ұрттап ішкенде,
Саған ешкім ара түсе алмады
Бас жарылып, көзің ағып түскенде.

Бүгілді бел, тұрушы едің көк тіреп,
Сынды аяғың: «Токтар шағың жетті! — деп,
Тек кеудеңде өшпей жатты отты леп.
Саған ешкім ара түсе алмады
Үкіметің жатқан кезде тепкілеп.

Қызған темір басылғанда табанға,
Жарық дүние бір уыс боп жанарда,
Амал етпей жанға пана табарға.
Ақ тәніңе тиген оқтың ізінен
Жазылмайтын тыртық қалды санамда.



Солай болды керек қоғам кесімі,
Солай етті мешеу, малғұн, мес ұлы.
Кешір, бізді,
«Халық жауының» жетімі,
Кешір, бізді,
«Халық жауының» жесірі.

Құнын білмес қасиет пен обалдың,
Дөңгелетіп өтті солай доғал күн.
Бесіктегі біз де шошып ояндық,
Дауысынан қолы қанды қоғамның.

Өстік біздер аз қуанып, күліп кем,
Келер күнге сенім арттық үмітпен.
Күлкісінде жалғандық бар жан көрсем
Қолдарына қарай берем күдікпен.

Қыр жіліншікті қиғызып ап қақпанға,
Уақытыңның зарынан у татқанда.
Жалаң аяқ қар кешкенде ақпанда,
Саған ешкім ара түсе алмады,
«Халық жауы» деп жазғырып жатқанда.

Кешір, бізді!



ҚАСЫМНАН ҚАЛҒАН...

Заманның алып буынын,
Зарарын шашып тұр індет.
Сыздайды жүйке-жұлыным,
Мезгілмен бірге дірілдеп.

Сенің де дертің – бұл өлең,
Менің де дертім – бұл өлең.
Бұл өлең болып қуанам,
Бұл өлең болып түнерем.

Мұң қосып келем мұңыма,
Жанымда дүлей от, құйын.
Өзеуреп туған ұлыңа
Өлеңнің құны көк тиын.

Өлеңді қайтсін, мына күн,
Өздері бәрін біледі.
Өзгертіп алған ұранын,
Тас па деп қалдым жүрегі.

Тарықсаң басу табатын,
Өзгеріп кетті дос тілек,
Өлеңге құлақ салатын
Сен туған ғасыр естірек.

Бұлайдай желіп кететін,
Бұл өлең қайда, жолықтыр.
«Күркіреп күндей...» өтетін
Қасым-жыр керек болып тұр.

Аши ма жаның Алашқа,
Байсынға бізді баста бір.
Дүниені бір рет аласта,
Қасымнан қалған қасқа жыр.



ҚАЗАҚ ДЕЙТІН ХАЛЫҚПЫН

Жаратылған Тірлік дейтін ырғақтан,
Сөйлеп кетсе тарих болып тіл қатқан.
Армандары дарияны бетке алып
Өзендермен қол ұстасып бірге аққан.

Қиялдары желмен жүйрік жарысқан,
Қас жауына қасарысып, қарысқан.
Қабылетім қара жерден дариды,
Қасиетім — ғарыштан.

Байқайсың ба,
Бауыр дертті, бас жара,
Сөйтіп жүріп серттен тайсам — маскара!
Менің жаным — қайшылықтар алаңы,
Менің жаным түсініксіз басқаға.

Жазылады дедім жанның жарасы,
Көк түріктің көк Бөрі еді анасы.
Ала құйын, мың құбылған тағдырым —
«Елім-ай» мен «Илигайдың» арасы.

Деп отырмай: «Тағдыр салған күй осы»,
Мені оятты оман күштің киесі.
Жұрттан озсам деп келеді жығылмай
«Жұртта қалған» дейтін күйдің Иесі.

Ұмтылады, ұмтылады жан сала,
Талдырам деп тірлік сынға салса да.
Тағдырыма қарғыс айтсам қаншама,
Тағдырыма шүкір еттім соншама.

Өтті-кетті.
«Ел айырылған» кез кеше,
Есті ұланың өзі танып, сезбесе.



Баян таудан баяғы бұлт тараған,
Қаратаудың айтар әні өзгеше.

Ұлытаудың ұраны өзге, ғұрпы, ісі,
Сансыз бояу – туған айдың түр-түсі.
Еділ-Жайық екі өзенге жетті әне,
Жетісудан жеті өзеннің күлкісі.

Ох, қаншама талықсыдым, тарықтым,
Жұбанышым – жан жылытқан жарық Күн.
Өзге түгіл өзіне де құпия
Қазақ дейтін мен осындай халықпын.

Өмір емес, мен кешкен күн өрт десін,
Өткеніме өкпе артпаймын,
Сертке – сын.
...Мәңгі өлмеудің сырын білсем дегендер
Алдыменен Мені келіп зерттесін.



БҰЛАН ҚАЙТҚАН...

Бұлантының басына
Бұлан неге қайтпайды?!
Білеуті көз жасы ма,
Білсе неге айтпайды?

Білгені бар тастың да, —
Жақ ашпайды қырсығып.
Көк аспанның астында
Күрсінеді Тіршілік.

Болмай тұр ғой мазам да,
Бір ой тырнап жараны.
Қар жауғызба қазанда,
Кәрі таудың қабағы.

Сынап тағдыр-талайым,
Сынбай, мінез таныттық.
Бір жадырап алайын
Қабағыңды аш, жарықтық.

Бәтқардалап қайтемін,
Бәлду-бәлду бәрі — аңыз.
Жаңғырмасын,
айт емін,
Жанға түскен жарамыз.

Қол бастаған көсемдер,
Сөз бастаған шешендер!
Арқа белде Ақ Орда
Кенес қылам десеңдер.

Думаны өзге құба бел,
Бәрі де бар, не керек!
Отырарға мұрагер
Орда салдым керемет.



Ғұмыр жазса, көрерсің,
Кереметтер бар әлі.
Елім тыныш, не дерсің,
Есіл ағып барады.

Көрдік сынның талайын,
Сынбай, мінез таныттық.
Бір жадырап алайын
Қабағынды аш, жарықтық.

Ата тауым – атағым,
Қабағынды аш
(от қой мұң).
Мына жырдың атауын
«Бұлантының бойына
Бұлан қайтқан...» деп қойдым.



КҮН ҚАЛА

Көркімен ғажап көз жауын алған көш көрем,
Салтында тарих өрнегі жатыр өшпеген.
Ертеңді бетке ап қалалар көшін бастады,
Мына көш — сенің салтанат көшің, Өскемен.

Тауларың анау дәуірді баққан патшадай,
Паңданбай қайтсін таралып содан жатса арай.
Күн астына күмістен құйған күн қала,
Ай астына алтыннан соққан ақ сарай.

Алдымен саған түседі күннің жанары,
Сәулесі сосын сезімдерді іздеп табады.
Ұлдарың менен тауларың сұсты болса да
Күн шығыс жақтың өзені күліп ағады.

Айта алмай кеткем жүректің байлам-үкімін,
«Ағатай» деген өзгерткен жоқ па пікірін?
«Уғай-ай» әнін сызылта салып жүр ме екен,
Үлбіде көрген үкілім?

Артықтау кетсем, айыбымды айт та кеше гөр,
Өскемен, сенде өнеге жайып өседі ер.
Өздеріңе арнап бір өлең жазып жібердім,
Ұйқысы сергек көшелер!

Тәңірдің өзі түсірген сенде арай бар,
Ұл-қызың соны абырой көріп, санайды ар.
Өмірдің жырын сендерден тыңдап жатсын жұрт,
Өскемендегі алаңдар менен сарайлар.

Күн қалам менің, ән-күйің шекер, жырың бал,
Әжімді таулар айтатын, білем, сырың бар.



Қара орман қазақ ұйқысын ашсын шүкір деп,
Қайырлы таңның атқанын айтып тұрындар.

Көркімен ғажап көз жауын алған көш көрем,
Салтында тарих өрнегі жатыр өшпеген.
Ертеңді бетке ап қалалар көшін бастады,
Мына көш – сенің салтанат көшің, Өскемен.



ДАЛА ҮНІ

– Сорақы боп бір күнінен бір күні,
Қасірет кеп жаулығымнан жұлқыды.
Таңдайымда замананың шер-мұңы,
Маңдайымда қантөгістің тыртығы.

Көргенім – көп, көкірегіме зар тұнды,
Сөйтсе де үміт қаншама рет талпынды.
Қажи-қажі әжім түсті тауларға,
Жылай-жылай өзендер де тартылды.

Бірлігі жоқ ел бақытсыз – түйгенім,
Маңдайыңа жазды тағдыр сый керім.
Бірлік дейтін ұранды естіп өзіннен
Енді ғана тыншу тапқан күйдемін.

Дау тудырма қару кезеп, тіл кезеп,
Уақыт – төре.
Қызық – кезек.
Мұң – кезек.
Жұмыр жердің бөлшегімін мен деген
Маған да енді тыныштық бер, бір мезет.





САУСАҒЫҢДА НЕ СҰМДЫҚ...

Қобызшы Байғара Сәдуақасовқа

Қобызыңды қолыңа алшы жайлана,
Күрсінсін де күй тындасын айнала.
Қу тақтай мен қыл бойынан күй сауған
Саусағыңда не сұмдық бар, Байғара?

Тіршіліктің тұр бойынан күй кетіп,
Бар деуші еді қобыз төккен күйде құт.
Тарт күйінді,
Саналыны сілкітіп,
Ойсыздардың патшалығын күйретіп.

Ақтарып сал патша мұңын, құл бағын,
Көз алдымнан өтсін қайран жылдарым.
Байғарам-ау, қобызыңнан тапқанмын
Дүниенің Дірілі мен Ырғағын.

Сеземісің өмір осы: өзекте – от,
Ойланатын бізге жатыр кезек кеп.
Сан сауалға жауап іздеп жүргендей,
Қыл бойымен саусақтарың безектеп.

Қорқыт баба жалғап жүрсің жол, ізін,
Көкірегінде қоңыр әуен, оғыз-үн.
Байғара дос, айтып берші не дейді
Көкжиекке қолын созған қобызың?

Қобызыңды қолыңа алшы жайлана,
Күрсінсін де күй тындасын айнала.
Қу тақтайдың тілін тауып күй сауған
Саусағыңда не сұмдық бар, Байғара?



ҚАРТТАРЫМ

Ақылыңнан жатамыз күш-ағын ап,
Өздеріңсіз елден де ұшады бақ.
Дарияға теңедім өздерінді
Өзендерді жататын құшағына ап.

Отырады сөйлесең қарап бәрі,
Жүрегінде жұртыңның канатты әні.
Көкіректе қатталып жатыр ма екен
Тарау-тарау тарихтың парақтары.

Енді-енді жиғанда елім есін,
Жарасасың, қарттарым, төріме шын.
Өткенімнің, бүгінгі көктемімнің
Шырақшысы сияқты көрінесің.

Тағдыр жүгін, қарттарым, арқаладың,
Өмір-өзен кешкенде, тартады ағын.
Ай астында ақ боз үй тіктім, әне,
Қариялар, сендердің арқаларың.





ҚҰЙҚАБАЙДЫҢ СОВЕТІ

Ауылдан келген Оралбаев Өмірзақ ағадан Құйқабает Советтің халін сұрадым. Ол – кезінде Жүсіпбек Елебековтің жанында жүріп, ән айтып, батасын алған әнші. Үңіректің әншісі.

– Сырқаттанып қояды. Бәйбішесі Әсия қайтыс болғаннан бері әнді де қойды. Кейінгі кезде домбыраны да қолына алмай жүр, – деді.

«О, тоба-ай, ән айтатын жүрегі екен...»
«Тербетіп түсінде де ән жүреді екен...»
«...Мына жұрт Елебеков бата берген
Құйқабайдың Советін біле ме екен?»

Ән айтса шығатұғын жан құмардан
Жастық шақ өтті-кетті шалқып алған.
Қу тірлік дейтін сұмның поштабайы,
Қолынан домбырасын тартып алған.

Ағасы-ау, Жүсекеңнің жолы бар-ды,
Жол қылып кетпедің бе сол ұранды.
Кептеліп көкіректе тұрған шығар,
«Аты еді бұл әніңнің «Жонып алды».

Ән салшы, іштегі мұң тарқар әлі,
Ағаның жетер ме екен қалқаға әні.
Басынан «Бұғылының» ән тындасын,
«Атыңнан айналайын, Қарқаралы».

Ішіңнен жарып шыққан әнді ұға алса,
Қалқаның өзегі от боп жанды қанша?
Өзіңе ғашық болған сол ару ғой
«Қарқаралы басында жалғыз арша».

Ән салшы екпіндетіп, еркелетіп,
Көтеріп көңіліңді желкен етіп.
Көкшеден Бұғылыға жеткен әнді
Тірлікке қойғаның ба желкелетіп.

Ән салшы екпіндетіп, еркелетіп.



САҒЫНЫШ

Отызымда аттандырдың мені елден,
Қанат байлап қала жаққа жөнелгем.
Тас көшелер еліктіріп әкетті,
Жайлы қала жырақтатты мені елден.

Жайлы қала жырақтатты мені елден,
Жылдар өтті қайтып елге «келеммен».
Сағыныш боп көшті бұлттар төбемнен,
Өзімді өзім жұбатамын өлеңмен.

Бауырыңда қанатымды қолдап ем,
Аттандырған тілегімді қолдап ел.
Мен орынша,
Қалың қалай өзіңнің,
«Қарашоқы» бауырына қонған ел?

Жауабы жоқ сауалдардың астына ап,
Кейде тірлік кетер жанды осқылап.
«Сабыр», – дей ме баяғыша «Шортанды».
«Бәрі өткінші», – дейді ме әлі «Қос бұлақ».

Тұрған кезде баурың ішке іркіп мұң,
Жібере ме жадыратып сілкіп күн.
Қаруылдап қараша ауыл тірлігін,
Тұрған шығар «Айдарлым» мен «Бүркіттім».

«Дәмекенің» бауырын жел сипалап,
«Өтегеннің» дейді жері құйқалы-ақ.
Аңыз айтып жатыр ма әлі «Ақкияқ»,
«Тоғыз үйден» тоғыз тарау күй тарап.

Сендер барда кете қоймас қолдан құт,
Кешегідей жіберіндер орман ғып.



Мен орынша,
Қалың қалай өзіңнің,
«Үңіректің» жағасына қонған жұрт?

«Керегі жоқ, – дейтін еді, – жат елің,
Жерім – осы, осында енді өтемін.
Осында өлем», – дейтін бұзып от өңін.
Көппен бірге көшіп кеткен жоқ па екен,
Ауылда ма, Бочарев пен Охобин?



Уай, Сандыбайдың Ердені!
Қарадан шығып хан баласына теңелген,
Ақылмен басса, атанды күштеп шөгерген.
Атақ пен дәулет асып төгілген кемерден
Айнала қазақ баласын сөзбен тоқтатып,
Асырып айттың сен, Ерден!

Көз ұшым-тарих. Бұлдыр да бұлдыр көнерген,
Қаңғыған бұлттай көшеді жылдар төбемнен.
Өткеннің көшін өзімше шолып келем мен,
Ақымағы жоқ, алыптар қалған асқарда
Қасқайып тұрсың сен, Ерден!

Жағаласатын жауын да сірі, өлермен,
Әруақсыз болсаң жауынды басып, жеңер ме ең?
«Жағының жүні жабайы шошқа түгіндей»
Оязға сес ең сен, Ерден!

Аласұрғанменен аса алмай жауың өреннен,
Қаймыққан шығар тұрпаты таудай денеңнен.
Қобызда күйсің. Жырлады ақын өлеңмен.
Бағанды білер балаға кие – сен, Ерден
Бағаналы жатқан байтаққа ие – сен, Ерден!

Уай, Сандыбайдың Ердені!
Қазаққа мәлім жеңілісің мен жеңісің,
Белінді буып майданға түстің ел үшін.
Ақшоқы жактан ақырған дауыс естілді
Ұнамай жүр ме, кей ісім?

Ақырып келсе ата жауыңмен алыстың,
Өртендің талай отына жанып намыстың.



Сен кешір бізді. Ақ сауыт киер күн емес,
Басында жүрміз пайдасы ғана бар істің.

Бабамнан қалған өрлік пе? Жоқ ол, жоғалған.
Қасиетім де орта. Қайсыбір жылы тоналған.
Біз Тәуірменен алысып кеттік, ой, Алла-ай
Сен Дәуірменен белдесіп өттің,
Жоқ арман.

Уай, Сандыбайдың Ердени!



ТӨРДЕН ОРЫН САЙЛАҢДАР...

Немерем Нүртегінге

Жаппар ием таң шапағын жаққанда,
Бар тіршілік сәлем беріп ақ таңға,
Айналғанда әлем ақ қар-ақпанға,
Желтоқсаннан жанға жылу тапқанда.
Дүниеге **НҰР** дидарлы ұл келді,
Ел еркіндік тойын тойлап жатқанда.

Айдын көлге алтын бояу тамғанда,
Жарық сәуле жайылғанда бар маңға,
Қанат бітті мендегі аппақ арманға,
(Армандаудан адам әсте талған ба?)
ТЕГІН жұртқа жариялар ұл келді
Айт күніне алты тәулік қалғанда.

Бір ұл келді, ал, көңілім, ақтарыл,
Болсын дедім бақ баянды, бақ қабыл.
Дүниеге **НҰРТЕГІНІМ** келіпті,
Жыл алмасып, жыл жаңарар шақта бұл.

Әне, әне, алмасады жыл тағы,
Жылмен бірге жаңарады жұрт әні.
Нүртегінге төрден орын сайлаңдар,
Күлтегіннің ұрпағы!





КЕҢГІР БОЙЫНДАҒЫ КЕШ

*Бетке ұстап отырған мыс заводы да тоқтады.
Енді не боламыз?
Жұрт аузындағы сөзден.*

Өзгешелеу биыл қыстың өрнегі,
Судың жайы болды жұрттың ермегі.
Біреу: «Биыл жерде қалың тон», – деді,
Біреу: «Биыл қардың суы мол, – деді.

Жақсылыққа дәмелі етіп ел мені,
Толар судың толқынында тербеді.
Сәуір өтті.
Мамыр міне,
Ой, Аллаһ!
Қарық қылып Кеңгірге су келмеді.

Биыл тағы Кеңгір асып-таспады,
Осы ма екен көлден құттың қашқаны.
Бет бермейді бозарған күн аспаны,
Аңызак жел баяғы әнін бастады.

Қуандырып Кеңгір суға толмады,
Сәуегейдің тағы айтқаны болмады.
Ұмтылады көшкен бұлтқа қол созып,
Сусыраған көңілімнің орманы.

Күтуменен өткердік бір көктемді,
Кімге айтасың назың менен өкпенді?
...Кеңгір кеші.
Күн құлады қырды асып,
Қызыл-жалқын түске бояп көк белді.

Күнбатысты қызыл арай алды орап,
Қып-қызыл от лапылдады,
Жанды алап.



Ымырт келіп,
өшіріп жүр отты әлгі,
Амалымен бұл да көңіл алдамақ.

Көкжиекте қызыл белдеу жолақ қап,
Сол жолақтан басталардай жол аппақ.
Ымырт құрған торғын перде артына,
Үміт пенен күдік жатты қонақтап.

Демін басқан аспаннан нұр тамады,
Алақайлап көлдің есті самалы.
Өн бойына қан жүгіріп қаланың,
Көшелердің қазір шамы жанады.

Көшелердің қазір шамы жанады,
Ән салады Құрлысшылар алаңы.
...Тек анау қарт селт етпеді түкке де,
Топты жұртқа тыжырына қарады.
Қарады да жасаураған жанары,
Сөніп қалған «Медьзаводтың» мұржасын,
Адастырмай тағы да іздеп табады.
Бар ашуын ішке жиған мына қарт
Металлург болар жаны жаралы?

Табатындай содан жанның күтімін,
Көрсем дей ме, жанған пештің түтінін.
– Мүмкін емес, – деді де қарт лактырды,
Аузындағы сөнген шылым тұқылын.

Онысымен, кәне, кімді мұқатты?
...Көрді дағы бүршік жарған бұтақты,
– Мүмкін емес, – деді де қарт тағы да,
Қорабынан темекі алып тұтатты.

Күдікті ойлар жан-жағынан андыздап,
Жұлқып болды-ау...
Отыр қартым жалғыз қап.



Субұрқактың маңына жұрт жиылды,
Қолдарында – балмұздақ.

Қара түннің жарық түскен түндігі – Ай,
Берерінен құр қалдырмас бұл Құдай.
Балмұздағың неткен дәмді, тәтті еді,
«Суының да сұрауы бар» Тірлік-ай.

«Суының да сұрауы бар» Тірлік-ай!





Күбір-күбір күнкіл көшіп көңілден,
Жан сарайым,
Жақсылыққа орын бер.
Күндерім көп қаңку сөзден жеңілген,
Жұлма-жұлма жүрегімді ап көріндер.

Кетті деме мына өмірден мезі боп,
Кеудемдегі өшіргем жоқ жалынды.
Мешеулердің мен жайлы айтқан сөзі көп,
Күрсінем де
Күнге тосам жанымды.

Мен өзімше өмір сүріп келемін,
Тұрса болды маңдайымнан сүйіп күн.
Қайтем анау көрсоқыр мен кереңін,
Мен олардың барлығынан биікпін.

Жұлдыздардың манайынан көріндім,
Дей тұрсам да
Жаным жадау,
Жаралы.
Көргені көп, көңілі ояу көбінің,
Күндестігің жанға батып барады.

Жаның қандай?
Жанарыңнан таныдым,
Біле білсең адамдардың беті – айна.
Жұлдыз болып жетпей жатса жарығым,
Менің биік болғанымнан не пайда?

Жарығым боп жамиғатқа жет, Өлең,
Күн бола ма күнкіл өшіп,
Алшандар.
От-дауынды мен-ақ алып кетер ем,
Жоқтауымды келістіре алсаңдар.





БІЗДІҢ АУЫЛ

Елден жырақ кеткелі, нанасың ба,
Біраз бопты.
Көрмеппін қарасында.
Барып қайттым.
Ен жайлап жатыр екен
Қараша ауыл Қаратал жағасында.

Өмір сырын өзінше безбендеген,
Қарттарым-ай, саясат сөзге ермеген.
Жанталасып өзге жұрт жатыр әне,
Біздің ауыл, құдай-ау, өзгермеген.

Баса алмаған сауығын, сейіл үнін
Шырамыттым түрлерін кей ұлының.
«Айналайын» деді де ұсынды әжем
Тостағанға толтырып мейірімін.

Ерік бердім бойдағы күш-ағынға,
Көңілімде орын жоқ құса-мұңға.
Маңдайымнан иіскеген ағалардың
Бала болып ойнадым құшағында.

Айта бермес жан еді текке өкпені,
Шақырып ап қасына: «Өт, – деп, – бері».
Кейіді қарт: «Балам-ау, ауыл саған
Кет дегенде осылай кет деп пе еді?!

Сап басылды шалқыған күй табанда,
(Нем бар еді көміліп күйкі алаңға).
Жалғас қарттың ұрысканы ұмыт болды,
Жеңешем кеп шашымнан сипағанда.

Жаным жүдеп жүр еді жеке, мұнды,
Тап сол күні бір ғажап от өрілді.



«Қаладағы баламыз кеп қалды» деп,
Қараша ауыл қазаны көтерілді.

Жариялап жақсысын салтындағы,
Бір көтеріп тастады парқымды ары.
...Сіз ауылды өзгеріп кеткен дейсіз,
Біздің ауыл баяғы қалпында әлі.





БІР ҰЛ ТУУ КЕРЕК-ТІ ҚАРҚАРАЛЫ

*Арпалысып ала құйын заманалар,
Арбасып тұрып алды, мен не етемін?!*

ҚАСЫМ

Алтын құрсақ айналдым, ардагер Күн,
Ай маңдайлы ұл еді арманы елдің.
...Жоқтау жыры еді ғой сені әкелген
Абайынан айырылып қалған елдің.

Ахаукер ән айтылмай Арқадағы,
Ақын кеткен ауылдан зар тарады.
Қара өлеңнің қайғысын тарқататын
Бір ұл туу керек-ті Қарқаралы.

Тағдыр қанша жылатты, тайғанап бак,
Арың таза, ағатай, айдан аппақ.
Сен туғанда Қаратау дүр сілкінді,
Алатаудың басына ай қонақтап.

Сен күткендей күлімдеп күн шықпады,
Көңіліңнің кей-кейде тұншықты әні.
Пәтер сұрап сен кірген кеңселерден
Заманыңның қулары құр шықпады.

Ойға алмастан күйінді күрделенген,
Өмірінді өткіздің күнде өлеңмен.
Дарынсыздың даурықпа үні естілді-ау,
Дауылдатып сен тұрар мінбелерден.

Жаурады ма жырыңның жаны ызғардан,
Тағат таппай тостың ба, тамызды алдан?
Ғажап ғұмырнаменді таптық, аға,
Өлеңіңнен, өсектен, арыздардан.



Күрсінүмен атырған күз ақ таңын,
Сездік, аға, жаныңның сызаттарын.
Өзің жаққан отқа өртеп жіберсем бе,
Сен сыймаған заманның құжаттарын.

Өкінбе, аға.
Қалықтап көкте өлеңің,
Кербез белдің көрдің бе көктегенін?
Бізге ақиқат әйтеуір, айбынды аға,
Қара өлеңге қарыз боп кетпегенің.

Жігерлі ұрпақ жүрген жел өтіндегі,
Дәуірінің қаратты бетін бері.
Жер сарайын жаңғыртты, естимісің,
Қара өлеңмен Қасымның жетімдері.





ШЫҒАРЫП САЛУ

*Аяулы ағам
Аманай Бейсенбековке.*

Вокзал басы.
Ән де айтылар, жыр қызып,
Ығы-жығы жүргіншілер.
Кіл қызық.
Сен де мені шығарып сап жүруші ең,
Жезқазғанның поезына мінгізіп.

Бар қызығың түгесіліп, тарқардай,
Қоштасудан қиын нәрсе бар қандай?
Тепловоз ышқынады жер тарпып
Біздің кимас сезімдерді тарта алмай.

Табан тіреп үміт пенен сенімге,
Бір қорғаным бар деуші едім менің де.
Ентелеп кеп есігіңді қағушы ем,
Еркелеп кеп жататынмын төрінде.

Теңіз-тірлік жатты осылай толқындап,
Күрсінемін есіме, аға, сол күнді ап.
Біздің кимас сезімдердің күшінен
Шойын жолдар жататұғын солқылдап.

Сұм ажалдың, қане, қайсы тапты емін,
Жазатыным жоқтау ма еді тап менің.
Есімде, аға, біз қауышқан сол күндер.
Есімде, аға, қош айтысқан сәттерім.

Тіршілікте шарт үзілген аз ба арман?
Кім қашады мандайына жазғаннан.



Аттанатын жолаушымыз – бәріміз
Өмір атты тұрлауы жоқ вокзалдан.

Өмір-вокзал. Қан базардай тұр қызып,
Бәрі алдамшы, болғанымен мың қызық.
Аттандырдық сол вокзалдан сені, аға,
Мәңгіліктің поезына мінгізіп.





ЖАЛҒЫЗ АРША

Қарқаралы басында жалғыз арша...

Біржан

Моласындай бақсының,

Жалғыз қалдым тап шыным.

Абай

Шыншылым-ай
Шырағыдан, шарайнам-ай,
Аңыз болған Абыздар, Абайлар-ай.
...Қарқаралы басында жалғыз арша
Көзім талды-ай жалғызға қарай-қарай.

Етегінде сол таудың ел мекендеп,
Періште деп жүргенім пенде екен көп.
Қарқаралы басында жалғыз арша
Қарай бердім қамыққан сен бе екен деп.

Есерлердің біткенде енді әлегі,
Тұрлау табар тұғырың кең дала еді.
Етектегі ессіздер шаршатқан-ау,
Тарғыл таста таудағы нең бар еді?

Қалмай қойды қанымнан қазақ-қылық,
Ғайып болып жоғалды ғажап ғұрып.
Қарқаралы басынан қарайсың-ау,
Қараулардың ісіне мазақ қылып.

Бақ орнайды білмеймін басқа қашан,
Бакытымды деуші едім тасқа басам.
Жалғыз менің қолымнан келер емес
Қазағынды қайта өзің бастамасаң.

Қылығым да жетеді жек көрерге,
Қайтіп ақталғандаймын сөккен елге.
Қарқаралы басынан қарайлай сал
Құдай ісін ұмытып кеткен елге.



Сан сауалға шырмалып санаң ұдай,
«Жүре алмаймын, – дедің-ау, – аға, бұлай».
Маңдайыңды тауға ұрдың, тасқа да ұрдың,
Шындық іздеп шатылған, қарағым-ай.

Жасытпашы, жаныңды текке налып,
Бақытыңның басы ауып кеткені анық.
Шындық іздеп сөйлеп көр көп алдында,
Бір бетпақ кеп тастасын беттен алып.

Жүрмеген соң тақ мініп, паркың асып,
Қолдай қояр деймісің халқың ашық.
Жұртым дейсің,
Жұртыңа жүгініп көр,
Мазақ қылсын малғұны артын ашып.

Бұл тірліктің көрерсің сор, сұмдығын,
Арсыздықтан аулақтау болсын күнін.
Сен екеуміз түгілі сергелдең ғып,
Абайды да шаршатқан сол Шындығың.

Сол күндердің суреті елес бүгін,
Мен естідім өксігін,
Сен естідің.
Бес енеден белгілі болды емес пе,
Абылайдан әулие еместігің.

Ендеше, інім, жоқ іздеп шатыспалық,
Тіршілікке алған жөн тақыстанып.
Жүрмесекте тірліктен нақыш танып,





Адаспауды әйтеуір нақ ұстанып,
Тіршілікке алған жөн тақыстанып.

Екеуміз де жаны күз,
Жетім едік,
Ал не шықты сөйледік екіленіп?
Толқын тірлік ағызып келе жатыр,
Мен секілді кетеді етің өліп.



АҚТОҒАЙДАН ҚАЙТҚАНДА ТУҒАН ЖЫР ЖОЛДАРЫ

Күпия-сыр – құздары,
Көкке құмар шындары.
Қалай ұқсап туды екен
Ақтоғайдың қыздары,
Ақсораңның ұлдары?

Кеудесі – күй, сөзі – кен,
Қабакта мұң бар дағы.
Айтары көп шежірем –
Ақтоғайдың шалдары.

Даласы бай, өнді елі,
Құдай берген несібі.
Әлиханның жөргегі,
Әлімханның бесігі.

Санқ етті тау қыраны,
Дара шыңның батыры.
Өлең оқып тұр әне,
Ақтоғайдың ақыны.





Қатпар-қатпар тастарын,
Шимай-шимай етіпті.
Тарих-шайыр дастанын
Өзі жазып кетіпті.

Жазылыпты той,
Дауы,
Қанды жорық, бақыт, мұң.
Қызыларай қойнауы –
Қолжазбасы Уақыттың.

Қызыларай – киелім,
Данажер деген ақынның,
Жыр-мұрасы екенсің.
Қаражер деген батырдың
Дулығасы екенсің.





Қызыл бояу.
Түсім бе?
Ғажап күйге түстім мен.
Қалың ойдың ішінде,
Қара жолдың үстінде.

Бәрі түгел,
Жақсы,
Аман,
Әлдилеген үміт-ау?!
Шыққан жерім – Ақсоран,
Барар жерім – Ұлытау.

Ақ отауым – Аспан ол!
Сөйле, сезім пернесі.
Айналайын, қасқа жол,
Адастыра көрмеші.

Аптаптан аулақ безініп,
Қаңтарға барып ұрындым.
Сенімнен сәуле сезініп
Үмітпен ғана жылындым.

Тірліктің бақтым тәртібін,
Дүние-дүрмек – білгенім.
Дүбірмен өткен бар күнім
Дүрия шағым бұл менің.





Шатысады дүние кең дегендер,
Мына әлемге әзер сыйып тұр жаным.
Құдай!
Маған өлмейтұғын өлең бер.
Тек сол үшін ырзамын.

Ғұрпы бөлек, ғұмыры ұзақ өлең бер,
Қолым жетсе, Ай бетіне жазамын.
Көп ішінен шыққан өңшең «кемеңгер»
Аспан жаққа аударсын деп назарын.

Аспан жақтан оқылғанда сол өлең,
Жылап тыңдар жыр қадірін білгендер.
Сонда ғана жоғын табар деген ем
Жоғалтқанын жерден іздеп жүргендер.

Құдай!
Маған өлмейтұғын өлең бер.





ЖОЛДАР

Ақ жол тілеп айтылады арман-ән,
Туу алыста мақсат жатыр таңдаған.
Қасиетті қара жолда кие бар
Бүгіндермен болашақты жалғаған.

Бағаласаң жол қадірін, дос атын
Алдыңда анау жеңістер бар тосатын.
Осы жолдар тілек пенен тілекті,
Жүректер мен жүректерді қосатын.

Дала – теңіз, жол – кәдімгі жел кеме!
Ақ желкендей ақ сағымға еркеле!
Қара жолмен басталады сапарлар
Арман деген өлкеге.

Жол жеткізер армандарға іздеген,
Жан болса егер үміт жібін үзбеген.
Сапар сайын ақ жол тілеп аттанар
Жолаушымыз біз деген.





ҚАЗАНЫМ ЖҰРТТА ҚАЛМАСЫН

Ғасырлар мені ғашық қылады,
Ғажабын айтса, сенгісіз.
Алапат жылдар асықтырады
Тірелер жері белгісіз.

Абыр да сабыр аспанның асты
Ақпараттары жарысып.
Оймақтай өлең дастанға ұласты,
Ойларым оймен алысып.

Жүйіткіген жылдар қадамы мына
Өкініш емес, болса құт.
Ғаламның ғажап жаңалығына
Қалалар жатыр қол соғып.

Дамыған жұрттың дабысы мынау
Түспеуім керек бопсаға.
Қара қазаным, бақ-ырысым-ау,
Қарайлар саған жоқ шама.

Мылтықсыз майдан.
Ұрысқа кірдім,
Армандарым бар ақ таңда,
Тағдырын ұлт пен ұлыстарыңның
Секундтар шешіп жатқанда.

Жарысқа кірсем,
Жеткені күшім,
Аламыз ба екен жан сактай.
Өркениетке өкпелімісің
Қал-күйің қалай, Қарсақбай?

Қарайлай алмас өктем ғасырдың,
Абыр да сабыр адамы.



Қарсақбай, – дейді, – өткен ғасырдың
Сарғайып кеткен парағы.

Сарғайған бетте тағдырларымның
Таңбасы сайрап тұр анық
Зұлмат жылдағы зар-мұңдарымның
Біледі бәрін мына жұрт.

Қайғысын шашты қан майдан көпке,
Қамал боп елге қалды ұлдар.
Қарсақбай дейтін сарғайған бетте
Сарғайып кеткен тағдыр бар.

Баяғы күндей жыр ұшпайды. Арман.
Мұржаң тұр. Өшпес бар ұшқын.
Сарғайған бетте тыныстай қалған,
Қаламы сынды Қаныштың.

Мұржаң тұр әне.
(Ескерсе тегі)
Бауырына сыйып бақыт, мұн.
Әлі де бізге сес көрсетеді
Саусағы ма екен уақыттың?

Дамыған жұрттың дабысы мынау
Түспеуім керек бопсаға.
Қара қазаным, бақ-ырысым-ау,
Қарайлар саған жоқ шама.

Заманның үнін саралап санам,
Дүрмекке ендім.
Алда-сын.
Қадырдың ұлы-ау, аманат саған,
Қазаным жұртта қалмасын.





АШЫНУ

Табандап қалдың, тіл, неге
Сұр жылан бол да сумаңда.
Сарнамап па еді бұл неме,
Даңғойлар жүрген думанда.

Күніреніп сөйле, қу көмей,
Көзімді жеткіз жайға анық.
Думанды кездім шу демей,
Дақпыртқа басым айналып.

Көсілер жерде күмілжіп,
Тілімді тістеп қалдым ба?
Ұлыдан қалса бір ынжық,
Құрбаның болсын алдында.

Жайымды түсін, сырын ұқ,
Жаныма батып жарам тұр.
Таланты тегіс қырылып,
Тантығы қалған заман бұл.

Дертіме дәру табайын,
Жетеле, желпі, Жыр-көктем.
Жазғыра көрме, ағайын,
Жетісіп мені жүр деп пе ең!

Есепшіл екен ағам да,
Жалтақтау болды жақсы інім.
Жабырқап жалғыз қалам ба,
«Моласындай бақсының».

Тәубаңды, ей, жан, есіңе ал,
Тіксініп өттің сен кеше.



Қүдіретің болса кесіп ал,
Ақынның тілін ендеше.

Дей көрме жаны жаншылды,
Талайыңменен тең өстім.
Сілтесең сілте қамшыңды,
Абайдан әулие емеспін.





КЕШ. ҚАРТ. БОЗБАЛА

Күнің мынау тынымсыз парақталған,
Жеткізбейді жүрдек күн,
Қанатты арман.
Анау сәби алаңсыз мәз болады,
Ана бір қарт батысқа қарап қалған.

Не жазылды қартымның зердесіне,
Қадалады ымырт шақ пердесіне.
Батқан күннен бақытты ғұмыр тілеп,
Бақ сұрай ма жұмыр бас пендесіне?

Тұрған шығар өткеннің қозғап әнін,
Күн батысқа несіне көз қададың?
Қамсыз тұрған қартымды селк еткізді
Қатты шыққан күлкісі бозбаланың.



Көп бақытын көзіне ілмей кететін,
Сірә, мен де тәубасы жоқ жанмын-ау.

Бұл мінезбен мен ұшпаққа жете алсам,
Кейи берсем келбетімнен кетер сән.
Сабырлыққа шақырайын санамды,
Тәубаңыздан тәуір болып кете алсам.





УАҚЫТТЫ БАҒАЛАУ

*Бәрінен данышпан – Уақыт,
өйткені ол бәрінің сырын ашады.*

Фалес

Жете алдық па, сенің байып-бағана,
Сәтте мынау сызат түскен санаға.
Кешіре гөр,
Кесапаттау пенденді,
Затсыздықтан запы болған Замана.

Мешеуліктің тарттың қанша залалын,
Запыраны сол емес пе даланың.
Түкіргенің текті атаның бетіне,
Заманыңа қарғыс айтсаң, қарағым.

Дакпырты көп,
Дырдуы мол,
Дауы мың,
Кештік бастан замананың дауылын.
Бірақ, бірақ
Кінәлауға хақың жоқ,
Ұлы Абайдың ұрпақ жайған дәуірін.

Тарих қанша қанға бөкті расында,
Ақтығын айт,
Ақиқатты айт,
Жасырма.
Бірақ, бірақ қарғыс айту жат саған,
Мұхтар туған мынау маңғаз ғасырға.

Асылдардың аяласақ сынығын,
Тектілігі сол емес пе тірінің.





Басқа түскен болмашы бір қайғы үшін,
Заманыңа зауал шашпа, құлыным.

Атаныңа ақ, қараны теңдедің,
Есіңді жи. Енді еңіреу – ерге мін.
...Бақытыңа күмәнім бар, ағайын,
Уақытыңа қарғыс айтқан пенденің.





Екінші бөлім.

*Маңдайымнан
мамыр сипап
өткенде*





КӨБЕЛЕКТІҢ ҚАНАТЫНДА ӨЛЕҢ ЖҮР

Гүлдер,
Гүлдер,
Келген жоқпыз бекер біз,
Жіберсеңші, сезімдерге жан салып.
Шыныменен сағынған-ақ екенбіз.
Көп қарадық гүл-ғаламға тамсанып.

Ақ қанатты періште ғой,
Білдің бе?
Көбелектің тілеуі де тек қызық.
Ұшып жүріп бір гүлдерден бір гүлге
Жатады екен сағынышын жеткізіп.

Қабағымнан ғайып болды нала, мұн,
Мұндай шақта шалқып-тасып жатпай ма ән?
Аяулымның кеудесіне қададым,
Алау гүлді «Арман-ай» деп ат қойған.

Қалай өзі!
Қызық, күлкім арта ма...
Жүрегімді жұлмалайтын бұрын мұн.
Бір шумағын оқып бердім қалқаға
Гүлдер жайлы жазған жаңа жырымның.

Гүл жайлы ғой, — деді аяулым айыптап, —
Бүгін маған арналады деген жыр.
— Көбелекке қара, жаным, байыптап,
Қанатында өзің жайлы өлең жүр.



СҰЛУ ЕШКІЛЕР

Жыл сайын Сауд Арабиясында сұлу ешкілердің конкурсы өткізіліп тұрады. Биылғы жарысқа елдің түкпір-түкпірінен жүзден астам ешкі қатысты.

Қазылар алқасының шешімімен ең сұлу ешкі атағын алыстағы ауылдан келген жануар жеңіп алды. Оның иесіне 10 мың еуро көлемінде сыйақы берілді.

(«Нұр Астана» газетінен, 3 шілде, 2008 жыл.)

Сұлулық десе өртеніп талай маздап ем...
Ай-күнім есен, аманда.
Көктем – қыз жайлы керемет өлең жазбақ ем.
Талғамым, міне, тас-талқан болды табанда.

Керемет өлең кеудемде күй боп қағылды
Кеністік көрмей текке өлді.
Тамшыдан түзген ақ маржан моншақтарымды
Ешкілер таптап кетті енді.

Есі кеткендер ешкіден тапты сұлулық
Саған да, досым, бұл сөзім тосын естілер.
Осындай өлең жазғызды маған,
сырымды ұқ,
Кебенек келгір ешкілер.

Қалайсың, досым, көңілден сұлу көшті ме?
Қолыңды бір-ақ сілтейтініңді сезіп ем.
Қазылар, бәлкім, караған шығар ешкіге
Текенің талғам-көзімен.

Ақымақ деме.
Ұйғарса солай.
Білген де...
Ғажаптар көп қой жалғанда.





Екеуіміз енді ешкіге күліп жүргенде
Есектен «сұлтан» табылып жатса таң қалма.

... Отырмын оқшау.
Ойларым кетіп өткенге,
Әнеки, әне, жастығым жатыр көк белде.
«Көршімнің қызы керемет еді» менің де
Көк көйлек киіп шығатын дәйім көктемде.

Сөз айтпақ болып шықсам да талай сайланып,
Сол қызды көрсем қалатын тілім байланып.
Көк көйлек киген көкем-ай ару кететін
Көктемге кенет айналып.

Маужырап маңай.
Көктем де бізге жетіпті.
Көршінің қызы көңілсіз бүгін. Не күтті?
...Ертеңгі күні кием деп жайған көйлегін
Ешкілер шайнап кетіпті.





БАҚЫТ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС

Бақыт – біздің шаттық, көңіл қошымыз,
Бақытпенен керім керуен-көшіміз.
Сәттіліктің бәрін бақыт санаймыз,
Бақыт жайлы не білеміз осы біз?

Бізді ағызып кетті өмірдің ағысы,
Жиіледі жүректің де қағысы.
Білемісің, өмір деген сұмдығың –
Бақыт іздеп жүргендердің жарысы.

Бүгін мұнды көрінгенмен жанары,
Ол да ертең-ақ шын бақытын табады.
Байқаймысың, әне, анау адамдар
Бақыт іздеп барады.

Тіршіліктің әзір аман, сау көші,
Түк етпейді сәл салмағы, әуресі.
Басындағы бағасы зор шын бақыт –
Жанардағы жарық Күннің сәулесі.

«Бақыт» дедім жаңа туған ән атын,
Сол ән – самғап ұшатұғын қанатым.
Бақыт...
Бақыт қолындағы зат емес
Ұнамаса айырбастай салатын.

Өмірімнің өзені бар
Тынбай, талмай ағатын,
Соның үні – соққан әрбір сағатым.



Бақыт деген базардағы бөз емес,
Ақшаң болса сатып ала салатын.

Тірлік маған қайғы-мұңын танса да,
Сен деп ғұмыр кешіп келем жан сала.
Киімі көп бақытсыздар қаншама,
Тиыны жоқ бақыттылар қаншама?!

Бізді сынап жатыр тірлік толғағы,
Бүгінгі күн – ертең жүрер жол қамы.
Бақыт деген бір нәзік құс қолдағы,
Соны үркітіп алмасақ тек болғаны.





АЙЛЫ ТҮН АСТЫ – АҚ САРАЙ

(лирикалық диалог)

Бойжеткен:

Ерке бұлаққа ертегі айт деп барып ем,
– Ән тында, – деді сыңғырлап, –
табарсың содан өртеніп жанған жаныңа ем.
Құшағына алар бұлбұл-бак.

Ақ қайыңға айттым,
Айтып бер дедім бір аңыз.
– Ән тында, – деді, – тыңдасын барлық атырап.
– Ән тында, – деді, – Күнікей келбет бұла қыз, –
жамырап барлық жапырақ.

Абыз тау анау іргесіне елдің орнаған,
Қабағы бағып өлкені.
– Сен айтшы, – деп ем,
Бас изеп тұрып ол маған:
– Осы ғой, – деді, – ертегі.

Көңілім менің ерекше бір күй шертеді,
Самғайды көкте, дәрмені жетпей қонуға.
Сен айтшы, жаным, мен күткен ғажап ертегі,
Өзіңе ғашық болу ма?!

Бозбала:

– Құшағы түннің не деген бүгін жылы еді,
Иіскейін, жаным, түн түстес сиқыр шашыннан.
Ақ тілеу Ай да дүрсілдей соғып жүрегі,
– Жіберме, – дейді, – қасыңнан.

Тындашы, сәулем, түннің де ғажап әні бар,
Толқын боп тербеп,
Самал боп, саз боп еседі.
Ақ сәуле жауған астында Айдың табылар,
Ғашықтар әні – ол кешегі.





Бойжеткен:

– Ендеше, жаным, несіне тұрмыз тосылып,
Күлгін түс мына күдіктің бәрін өшіріп.
Шырқайық, жаным, шарқ ұрған сезім тыншықсын,
Сол әнге біз де қосылып.

Бозбала:

– Ертеңгі ақ таң — сапарға бастар жол алды,
Жақсы әуен болсын жұлдызды түннен жоралғы.
Айлы түн әні — ғашықтар әні кешегі
Тек үнсіз ғана айтады, жаным, ол әнді.

Бойжеткен:

– Жаныммен сезіп жалғанның мынау кеңдігін,
Күй кештім ғажап, құлаққа сенің келді үнің.
Шашымнан сипап, сүйгендей болдың маңдайдан,
Күліп ояндым мен бүгін.

Бозбала:

– Күл, жаным, күлші.
Күлкіңмен мұңды сілкіші,
Күлкіңе ұқсас бақыттың анау түр-түсі.
Әлемді мынау әлдилеп тұрған, айнам-ау,
Өзің сияқты бақыттылардың күлкісі.

Бойжеткен:

– Қара түн қойны. Қарадың неге түршігіп?

Бозбала:

– Әншейін, сәулем...

Бойжеткен:

– Жо-жо-жоқ, жаным, айлы түн асты — жырышы үміт,
Жұлдызды көктен жұмыр жерге де нұр сіңіп,
Қап-қара түнде тамырланады тіршілік.



Бозбала:

– Арыма менің қуат бер қор боп тапталмас,
Жаныма жақын айлы аспанның да арайы.
Біз келдік саған. Тосырқай көрме. Қақпанды аш,
Ей, ғашықтардың сарайы.

Бойжеткен:

– Жұлдыздарым менің, заманалардың құрдасы,

Бозбала:

– Ей, ару Ай, аспанның алтын сырғасы.

Бойжеткен:

– Үміттерім менің, төсіне түннің жайғасқан,
Адастыра көрме, адастыра көрме, айлы Аспан!





Ұғам десең менің тылсым жанымды,
Құлағың сал, кеудемдегі дүбірге.
Осы дүбір айтқызады барымды,
Өлең болып жазылады түбінде.

Сол өлеңім айналады өзенге,
Құяр жері – құшағы ашық көк теңіз.
Ал әзірше, мына толқын кезеңде,
Жалған сөзге алданбайық текке біз.

Сүйемін деп айта салу оп-оңай,
Ал олардан басқа біздің өлкеміз.
Шыда, жаным, өтер жылдар, өтер ай,
Біздің де ағып баратын жер – сол теңіз.
Айтпағымды енді ұқтың ба, ерке қыз.





Өзінді кінәлама,
Титімдей де кінәң жоқ бұл арада,
Жырақтаппыз, түсіпті жыл араға.
Екеумізден қалған сол тәтті күндер,
Айналыпты мелшиген мұнараға.

Өзінді айыптама,
Айыбың жоқ мен үшін, ғайып бала.
Тербеуші еді құшағын жайып дала.
Сол күндерден белгі анау жағадағы
Ескегі жоқ ескірген қайық қана.

Мейлі олар айып көрсін,
Айта қоймас сені ұққан байыпты ер сын,
Сен де ол жанға жаныңды жайып көр шын.
Арамызда болған сол аңыз күндер,
Кеңістікке сіңсін де ғайып болсын.

Сол күнгідей соңғы рет жыла, бала,
Мұңыңды шақ мелшиген мұнараға,
Ол мұнара жаныңды ұға ала ма?
Титімдей де кінәң жоқ бұл арада,
Өзінді кінәлама...





КӨҢІЛ ТАМШЫЛАРЫ

Тағы, айнама-ау, мұқалды еркің неден?
Жанарыңнан жас көрдім мөлтілдеген.
Сауық тауып санаңа
Серпіл деп ем,
Сертің неден сынды екен,
Еркің неден?
...Шемен болған шер бар ма шертілмеген?

Көңіліңнің кірлесе ақ парағы,
Дауасы жоқ жаңында дақ қалады.
Ширықпасаң, айнама-ау,
шын бақытың,
Табаныңда тірліктің тапталады.

Арман алыс.
Келеді сырғып кемең,
Атар таңнан аққу-ән кім күтпеген.
Шын бақыттың алдында, шырайлым-ау,
Шыр айналтып алады Тірлік деген.
...Шырылдатып алады Тірлік деген.





Сезім де сайқал сенбеймін,
Сенем деп шаршап, шалдыққам
Мен сені жақсы көрмеймін.
Жек көрмейтінім де сондықтан.

Оңаша,
Оқшау отырып
Белінді тағы ой мыңға
Сүйемін...
Жо-жоқ өтірік
Сүймейін десем қойдың ба?





Қайтады қаңтар, басылады ызғар, өкпегі
Гүл шашып келер сен кеткен жақтың көктемі.
Алқаракөктен ақша бұлт көрсең, қол бұлға
Осында жүр ғой деп мені.

Жақыным едің,
Жат болып кеттің,
Өгейсің.
Өмірдің өктем заңына, жаным, не дейсің?
Сарыарқа белдің самалы сүйсе бетіңнен,
Сағынып жүр-ау, дегейсің.

Аяулым, енді аулаққа бұрдың бетті шын,
Отаның сонда,
Ордаңа есен жет құсым.
Ақ жауын жауса, сағынған жүрек сен жайлы
Жыр жазып жатыр деп түсін.

Менімен бірге сағынар сені мынау бақ,
Іздейді көңіл ізіңнен сенің сыр аулап.
«Алқалым» деген әнім ғой, саған арнаған,
Тырналар үні төбеңнен өткен тыраулап.

Сағыныш толды көңілдің кернеп кемерін,
Кеңгірге бардым, айтамын бәрін деп едім.
Ақ бауыр бұлтқа аманат етіп жібергем
Жетті ме, жаным, «Ақ моншақ» деген өлеңім.



Ойлы күнім пара-пар боп ғасырға,
Шамырқансам іс шапты де насырға.
Уысымда уатылып тасың да
Аспан, жердің арасында майдан сап
Айналамын жасынға.

Жерұйыққа жаным сапар шеккенде,
Шаттанамын.
(Ондай шақтар көп менде),
Айналамын көк бояулы көктемге,
Маңдайымнан мамыр сипап өткенде.





Толастайтын сыңайы жоқ тынышымды ап,
Аласұрма, ақыр сонын, құрысын, күт.
Жұлын-миға сіңіп жатыр шымшымдап
Тық-тық еткен бір сұмдық.

Жаным сезіп жатыр анық түн лебін,
Ертең, ертең жарық күнге жетем мен.
Мына тықыл саусағы ма білмедім
Сайқал ойдың
Нұқып жатқан шекемнен.

Алақаным әлдеқандай сезеді от,
Бұл не пәле? Мәнін білмей мәңгірдім.
Тық-тық еткен әлде, әлде...
Жо-жо-жок,
Тамшысына ұқсамайды жаңбырдың.

Мазамды алған әлде дауыл, жел ме екен?
Үрейімді ал.
Қорқыт мейлі.
Селк еткіз.
...Әлде әйнекке тас лақтырған сен бе екен,
Бала күнгі маған ғашық тентек қыз?

Толқын-толқын тамырымда күй ақты,
Көңілімді көтере түс, көкке өргіз.
...Сен ойнаған доптың үні сияқты
мына тықыл,
арман болған көктем қыз.

Доп ойнай түс, тек сол ғана сұрауым,
Тықылдан да жан сергітер сыр күттім.
...Бәрі бекер! Жаңа таптым мынау үн
Тық-тық еткен өкшесі екен тірліктің.



ӨМІР СОЛАЙ
немесе
БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ
БАЗАРЫН АҢСАУ

*С.М.Киров атындағы Ақшатау орта мектебін
1976 жылы тәмамдаған түлектердің
30 жылдық тойына.*

Отыз жыл боп өте шықты ағын-күн,
Ағын-күнде жыры жатыр жанымның.
Ай астында ақ теңгедей Ақшатау
Жайлауы ғой, менің бала шағымның.
Балалық шақ, базарынды сағындым.

Алаңсыз ек күліп аққан бұлақтай,
Сайран күндер сырғып түсті сынаптай.
Уақыт бізді әр тарапқа лақтырды
Тіршіліктің тегеуріні шыдатпай.

Басқалардай қалсақ кейде сүрініп,
Сүрінгеннен өзімізше сыр ұғып.
Бәрімізде болды өлмейтін бір арман
Бәрімізді жетеледі бір үміт.

Иілгенмен сынбай қалды бақ-шыбық,
Талайларды теңселткенмен тапшылық.
Бәрімізде болды өлмейтін бір мақсат
Бәрімізді жетеледі жақсылық.

Сол отыз жыл бүгін аңыз, ертегі-із,
Есіл күнді ертегі ғып шертеміз.
Бұғағы өскен бәйбіше боп қалыпты
Бұрымға қол тигізбейтін ерке қыз.

Отыз жылдың енді мәнін біліп көр,
Отыз жыл боп жанды қанша үміттер.
Алдарына бір-бір қарын сап апты
Бір кездегі тартқан сымдай жігіттер.





Сыр айтатын сөйлеп кетсе сан сақтан,
Көрмегелі атты, ұстазым, қанша ақ таң.
Еңсеңіз де еңкіш тартқан секілді
Уақыттың салмағы ма шаршатқан?!

Ұлы арманға жетеледің сен мені,
Сол бір арман ақ бесік боп тербеді.
Талайыңда тағдырыңның жазуы
Самайыңда уақыттың өрнегі.

Жүз атанға жүк болғандай көргенің,
Аяулы ұстаз, ұрпақ дедің, ел дедің.
Мандайдағы әжімдерден таныдық
Өмір деген суретшінің еңбегін.

Солай, достар, сыр айтады мынау бак,
Төбемізден өтті күндер тыраулап.
Күйбің-күйбің тіршілікпен жүргенде
Кетіпті ғой ғасыр аунап, жыл аунап.

Жалымызды ұстарадай күн күзеп,
Тастағаны-ай,
Тарпан, тентек, жұлдыз ек.
Аттың басын нарыққа кеп тіредік
Социализм деген елдің ұл-қызы ек.

Өмір заңы. Тәуба дейік бұған да,
Қуат берсін бәрімізге бір Алла.
Құшақтас та, сағынышыңды басып ал,
Сағынатын күн алда.

Сағыныш боп салмақ түсер пендеге,
Көшеді жыл.
Бір тұру жоқ кермеде.
Біздің бала шағымыздың жайлауы
Ақшатаудан көшіп жатыр ел неге?

10 шілде, 2006 жыл.



САҒЫНЫШ

(мектеп бітіргеннен кейінгі 40 жылдан соң...)

...Достар, достар, жүрсің қайда?

Ән мәтінінен.

Достар, бүгін өткен күннің бәрі – аңыз,
Соны ойласаң шым етеді санаңыз?
Жұмыр жердің бетін басып жүрсек те,
Жақындамай қойды-ау біздің арамыз.

Солай өмір, құй шабылма, құй шабыл.
Шүкір дейміз, Алла берген сый – сабыр.
Алматыға Бейсен кеткелі қашан,
Мен Жездіде, Екібаста Қиса жүр.

Аманолла Астанада жүр еді,
Қуанышбек Ақадырға аттың басын тіреді.
Темірғали шашын аққа бояпты,
Қуат достың неге ауырды жүрегі?

Рас екен, жете алмасы жоққа бар,
Бұл сағыныш қалай, қашан тоқталар?!
Шетел асып кетпегені белгілі,
Аманай мен Қалкеннен де жоқ хабар.

«Айналамды сырлы әуенмен гүл етем,
Сол әнменен жанымды да түлетем, –
Деп жүретін гитарасын сөйлетіп
Софин Мұрат қай қиырда жүр екен?»

«Әуре болма бір жүрем деп төгіп тер», –
Дейді Уақыт.
Достым, енді сеніп көр.
Қанат қайда? Жанат қайда? Сәрсен ше?
Бір ат ізін салмай қойды Серікбол.





Жатқанымен сауық-сайран құрып жыл,
Көңіл – сұрғылт, ән сияқсыз, сынық жыр.
Рымқұлды он жыл бұрын бір көрдім,
Аманбаймен кездеспеппін қырық жыл.

Уақыт қатал! Осы – ақылдың тоқтамы,
Біраз болды көрмегелі Вовканы.
Бір қалада бірін бірі іздеуге
«Ғазиздің де, Болаттың да жоқ халі».

Құр көңілге тимейді екен күй себі,
Тиер еді маған әннің тисе емі.
Ермектен де ұшты-күйлі хабар жоқ,
Әрең таптым іргедегі Дүйсенді.

Уақыт бізді толқынында тербеді,
Тербеді де, бірақ ерік бермеді.
Бір ауылдан түлеп ұшқан ұл-қыздан,
Тартып алды тең ұстаған делбені.
Тым алыстап кетіп еді Құсайын,
Дұрыс болды-ау, елге қайтып келгені.

Қайда Ақшатау біздің жастық шақтағы,
Барып қайттым: бәрі – суық, жат – бәрі.
Десек тағы Дәулеттікі жөн екен,
Туған елден тамыр үзбей жатқаны.

Шашырадық әр өңірге, әр елге,
Зәру болдық кездесу мен сәлемге.
Бізді қойшы, жүрміз жердің бетінде
Мұрат, Марат, Рахым бөлек әлемде.

Сырым осы айтам деген жасырмай,
Сағындырып жүрген күндер ғасырдай.
Кетті емес пе, ұғындырып көп жайтты,
Қазыбек пен Асылбай.



Өкінбейік шаттық күндер өтті деп,
Жүрміз есен, төбемізбен көк тіреп.
Еске түсіп, сағындырар жүрген кез
Ат тезегін доп қып ойнап тепкілеп.

Өте шыққан қырық дейтін жыл қалай?
Күндер зулап, қызықтарды ұрлады ай.
«Қызылдан» сәл ауыз тиіп, қызарып
Қыздарға хат жазам деген жылдар-ай.

Тасқа барып соғылатын тамшы-үміт,
Ызаланып, қу намысты қамшы ғып.
«Мен сені...», – деп бастай берген кезінде,
Сүйген қызың сырт беретін бәлсініп.

Қандай еді сол қыздардың гүл-өңі,
Қандай еді ақ пейілі, тілеуі?
Бірімізге бұйырмапты-ау, жігіттер,
Сол қыздардың біреуі.

Арпалысқа түспедің не, түстің не?
Ол күндерді оралтар жоқ күш мүлде.
Ай-хой шақтың уақыты тоқтап тұр,
Қирап жатқан Ақшатаудың үстінде.

Бәрімізде бағыт бөлек, жол – дара,
Қолымызда Уақыт берген жолдама.
Ақшатауда.
Қирандылар астында
Естелік бар.
Жанға батар сол ғана.

Ол естелік – сағым жыл мен сағым күн,
Көңіліңді сергітпейді шағыл-мұң.
Қандай күйде жүр екенсің, достарым?
Мен сендерді сағындым.





Қайырылмас қайтып өктем қыз ба едің,
Өкінішім боп өткен қыз дедім.
Атыңды сұрау қажет те емес,
«Көгілдір көзді көктем қыз» дедім.

Сүйкімді қыз-ау, тәтті әнім дер ем,
Мөлдіреп жатты дәптерімде өлең.
Өлтіресіңдер-ау, ақын біткенді
Осындай сұмдық сәттеріңменен.

1990 жыл.





Әне, тағы сәтсіз болды сапарың,
– Қашты, – дейсін, – басымыздан кие-құт.
Әпендем-ау, таусылған жоқ татарың,
Сеніміне тағы көрші сүйеніп.

Тағы ұмтылдың тәуекел деп тұрдың да,
Өткен іске алдың дағы күрсініп.
Тағы тірлік тастай салды құрдымға,
Неге сонша безбүйрек ең, Тіршілік?!

Сауалға осы шимайланды санам мың,
Мен де жанды сан сапарда талатқам.
Сорын неге қалың еттің адамның,
Бар тілегін баянды етпей, Жаратқан.

Айтамыз-ау
болғаннан соң қол қысқа,
Көңіл отын жатқаннан соң көсеп мұң.
Тәуба дейік, АДАМ еткен болмысқа,
Сикын көріп есектің.

Кейде біздің байбалам да бекер-ау,
Тіршіліктің бере алдық па бағасын.
Біле білсең бейшаралық екен-ау,
Айыра алмау бақ пен сордың арасын.





ӨЛЕҢІМ

Жүрем деп ем өмірді желіп өтіп,
Жалт бергені-ай жастықтың желігі өтіп.
Аққулардың аулына бет түзегем
Өлең, сені өмірлік серік етіп.

Киелім-ау,
Шертіп өт дала сырын,
Бұл тағдырдың енші еткен наласы мың.
Жөргегінен жанына жыр дарытқан
Арман-елдің арманшыл баласымын.

Өртім де өлең өртеген,
Дертім де өлең.
Саған барып байланғам еркімменен.
Көңілімде бір күй бар шертілмеген,
Соған тағам үкімді желкілдеген.

Мына құмның бет бермей безеруі-ай,
Қолын созып тұрса да өзен ұдай.
Өмір солай екен-ау, өмір солай,
Өлеңім-ай, өмірім, өзегім-ай.





ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ҚАНАТЫНДА БІР ГӘП БАР

Асу да асу асқарлар бар алда мың,
Ей, тіршілік,
Мен айтпаған бар ма әнің?
Жаксы адамдар, сендер қолдап жүрсіндер
Түйетапта туған ұлдың арманын.

Болғанымен сөзі сергек, жыры тың,
Ақындардың шуақты емес күні тым.
Жаксы адамдар, сендер жебеп жүрсіндер
Бұғылыда өскен ұлдың үмітін.

Жанарыма жарты әлемді сыйдырып,
Көктем өлең көкірегіме кұйды үміт.
Шатыршадан шабыт алып шалқыдым,
Мандайымды Аксоранға сүйдіріп.

Тірлік осы:
Түн тұнжырап, күн күліп,
Жебір тірлік жіберердей жынды ғып.
Ен ортаңда ғұмыр кешіп келемін
Ұлытаудың шапағатын сіндіріп.

Ұзақ жолда дауыл ұрып, күн қақтар,
Жүрегімді тербетеді ырғақтар.
Жанымменен жамырасып жататын
Қарлығаштың қанатында бір гәп бар.

Мен барымды бағыштадым елге деп,
Жүрсең болды шуағыңмен сен демеп.
Армандарым жұлдызша ағып барады
Ақ бөкеннің тұяғында дөңгелеп.

Жалын барда жүйткіп-жүйткіп алайын,
Тілегімді жарылқай гөр, жаңа айым.
Өлеңімнің өзегінде Өмір тұр,
Төрешім бол, ағайын.



Үшінші бөлім.

Күс жолы

(Поэмалар)





ӨКІНІШ

Оразбай Аққұлыұлы – Тобықты еліндегі Бұғылы болысының байы, қажы. Жас кезінде ниеттес болғанмен, кейін Абаймен жауласып, араздасып кеткен кісі... Абай өміріне қастандық жасап, соққыға жығып, жанжалмен сайлауды (Мұқыр) тартып жіберуге мәжбүр еткен.

(«Абай» энциклопедиясынан.)

Күрсінеді өнді алқап гүл өрілген,
Абыз-әлем мұң шашып реңінен.
Күн камығып, жылады аһылап Ай,
Ақын Абай көшкелі мына өмірден.

Хабар жетті бар аймақ, бар ауылға,
Дала жатты тағдырдың талауында.
Шер шегендеп шежіре Шыңғыстауды
Қарғыс атқан күн туды Қарауылға.

Тынши қалды дау-дамай, жала, шатпақ,
Келбетінен айырылды дала сәтте-ақ.
Бауырымдап азалы ел ағылуда
Бәрін көрді бақ қашқан Балашақпақ.

Ақын өлсе, ауылдан бақ қашқаны,
Бақ қашқанға еш пенде таппас дәрі.
Көкірегін күн сүйген Жидебайдың
Азалы үннен жыртылып жатты аспаны.

Ақын өлсе, ауылдан қашқаны бақ,
Талқан болды тамшы үміт тасқа құлап.
Бесік болған,
Абайға несіп болған
Жылап ақты жылғалы Қасқабұлақ.



Көздің жасын көл етті
Жылап алаш,
Қасіретке қайыспай тұра ма бас?
Тамам елді теңселткен мына өлімнен
Шыңғыстағы сынбаған шынар ағаш.

Егілді елдің ес білген баласы да,
Данасы да жоқтады,
Анасы да.
Абай кеткен ауылдан арай кетгі
Қайтіп басу айтасың қарашыға?

Абай өлді...
Босады тақ-тұғырың,
Егес тынды.
Шықпай ма шаттық үнін.
О, ғажап-ай, көз жасын тия алмай жүр
Оразбайы кәдімгі Аққұлының.

Неге өзгерді сорлының түс-тұлғасы,
Енді ақиқат — дау-дамай іс қылмасы.
Қамшы ұстаудан қайтпаған алақанға
Тырс-тырс тамды көзінің ыстық жасы.

Сойылдан да талмаған күш-білегі,
Дойырдан да талмаған күш-білегі.
Енді икемге көнбейді.
Алақанға
Көзден тамған жас неткен ыстық еді?

Өтті күндер ел араз,
қатын араз.
Байлықтың да болған кез атына мәз.
Абай емес,
Алысып енді ойымен
Үй оңаша,
Оңаша отыр Ораз.



Демімді алсам бос кеуде жел үреді.
Ақ боз үйдің іші де қаңырап тұр.

Дегенің бе сенің де күнің өтті,
Күнің өтті беделді, құрметті, —
деген ойда күйзеліп отырған шал
Әлдене деп күрсініп,
Күбір етті.

Алқымыңды аяздай ескі үн қарып,
Қанша ғұмыр!
Дүниеден көштің налып.
...Күбір етті Оразбай әлдене деп,
«Бауырым-ай» дегені естілді анық.

Азалы ауыл.
Ауған шақ күн бесінге,
Шерлі күй тұр Шынғыстың іргесінде.
Оңаша үйде отырған Оразбайдың
Күйін мынау күдікті ел білмесін бе?

Елге әңгіме — егіліп жылағаны,
Неге бұлай?
Ешкім жөн сұрамады.
...Оңаша үйге ентелеп кіріп келді,
Оразбайды пір тұтқан бір адамы.

Жай сұрады жанына жақын барып,
Қайраттанып,
Сонан соң қатуланып:
Жә-жә, жарар, — деді әлгі кекесінмен, —
Оразбайым аймаққа атың қанық.





Жыла-жыла тарқаса бұдан қайғың,
Не десең де мұныңды құп алмаймын.
Абай өлсе...
Баулыған бөрісі еді,
Кеше азуын көрсеткен Құнанбайдың.

Жауың Абай болғанын біледі елің,
Осы емес пе, Тәңірден тілегенің.
Жетер енді!
Жараспас, Оразбайым,
Борша езіліп, бұлайша жүдегенің.

Не күн туды басыңа
Зарлағандай!
Жалғызыңды жер жұтып жалмағандай.
Абай өлді...
Езіліп еңіреуін
Тобықтыда текті ұлан қалмағандай!

– Доғар!
Кенет зірк етті нар даусы,
Адам өлсе, тірінің зарлау – ісі.
Қара ниет жаныңды білем, білем,
Жігітектің жыртқышы,
Қандыауызы!

Өлсе де Абай
Даңқы бел барады асып,
Қимас сезім тұрғызды-ау санама шық.
Боктауыма бас иген өңкей шірік,
Жоктауыма нең бар ед жағаласып!

Мен де өлемін,
Сен де өлік
Ерте-кеш пе,
Ақылды ұрпақ ала ма ертең еске?



Рас, Абай дегенде кек кернеді,
Қойдыңдар ма жанымды өртемеске.

Абай өліп,
Қайтқандай есең бүгін,
Біле алмадың қадірін – мешеулігің!
Қызғанышым қылт етіп бой көтерсе,
Қызбасына қойды ма көсеу тілің.

Арысыма айтшы енді тең келер кім?
Мен де көрдім қылығын,
Сен де көрдің.
Қиқуына қосылып қоса шаптым,
Қу мансапқа құл болған пенделердің.

Жалған емес:
Жарыстым, жағаластым,
Өзін тәңір тұлғадай санамас кім?
Жаулассақ та жанымыз жақын еді,
Жанпозымнан айрылдым,
Жалаңашпын.

Сайқал емес өзгертер демде бетін,
Қасың болар досыңмен тең көретін.
Абай кетті.
Жаурадым.
Көне, қайсың?
Тоңазыған жаныма дем беретін.

Қайтем қайғы жанымды қарығанда,
Қайран қазақ жақсыға жарыған ба?
Уыс толып ұстасар қайсың барсын
Қайратымды қайта ұштап жанығанда?





Бар ма амалың жұбатып,
Басар қайғы,
Білем,
Күшің күңкілден аса алмайды.
Бұ маңайдың мыңы кеп тізілсе де,
Бір Абайдың орынын баса алмайды.

Көз алдымда бүгінім,
Кешегі есте,
Қу намыс қой құтыртқан өш-егесте.
Үш мың жылқы айдаған қазақ аз ба,
Атымды елге паш еткен осы емес пе?

Ұмытсын де күндерді құлқын ала,
Келсін
Бірге жоқтассын Күнту ана.
Оразбайлар келер-ау күнде өмірге,
Енді Абайдай Тобықты ұл туа ма?!

Садаға кет ізінен дана Абайдың,
Көрінбендер көзіме,
Қаламаймын.
Аңдыссам да ақылды жауым өлді,
Тірлігімді енді бақ санамаймын.

Жоғал әрмен!
Жөніңе жөнел, пенде,
Жеткіз сөзді көрсоқыр, керендерге.
Қаза жетіп,
Көз жұмсам жоқтасын ел,
Абай атын қоса айтып мен өлгенде.

...Байқұс, бейбақ жөнелді,
Түк демеді.
Оразбайдан тап мұны күтпеп еді.



...Жылады бай,
Аза күй алды дендеп
Егес еңкейте алмаған нық денені.

Алқымыңды аяздай ескі үн қарып,
Қанша ғұмыр!
Дүниеден көштің налып.
Күбір етті Оразбай әлдене деп,
«Арысым-ай» дегені естілді анық.





БЕТПАҚДАЛА

*Ақжолтай Ағыбай батырдың
туғанына 200 жыл толу тойына*

*«— Осы Ағыбай бабамыздың Сарыарқаның Бурабайына, Баян-
ауылына, Қарқаралысына бармай меңіреу шөл даланы мекен
еткеніне қайран қаламын.»*

(Біреудің айтқаны.)

*«Төбе басында отырған Ағыбай батырдың басына бір
кішкентай бозторғай шырылдап келіп қонады. Сонда батыр:*

*— Не хан Кенесарының, не төре Наурызбайдың басына
қонбай, сегіз мың қол келе жатқан жорықта осы бозторғай
менің басыма қонып еді. Батырлығым асты, бағым тасыды. Енді
сол бозторғай менің басыма тағы қонып отыр. «Орда бұзатын
шағың өтті, дүниемен қош айтысатын кезің жетті» дегені
шығар. Бесін намазын мына жерде оқымай, үйге барып оқиын.
Аманжолға хабар беріңдер, — дейді.*

*Алты күн ауырып, жетінші күні батыр көз жұмады. Қайсар
бабамыздың мәңгілік мекені де Бетпақдаланың бір шетінен
бұйырды.»*

(Ел аузынан.)

Көңілім құс ұшырмас Құлагер-ді,
Мәнісін таба алмадым сұрап енді.
Қастерлер қара тасын мына Қазақ
Бетпақ деп неге атаған мына жерді?

Күндердің керуендетіп көші кетті,
Осы жер бауырын елге бесік етті.
Бозінген — тағдырындай мына өлкені
Бозбел деп атай салса несі кетті?

Көңілі дала шарлап, қия шалған,
Арманы анау көкке ұя салған.



Таласып төсін еміп өскен жерін
Бетпақ деп қалай ғана қия салған?

Көңілдің жел үйірсем желкеніне,
Өлеңім өткеннен күй шертеді ме?
«Көкорай шалғынды жер болған» дейді
Құдай-ау, сенсем бе екен ертегіге.

Тамылжыр тірлік қашып тамыздағы,
Заманның соқты ма екен зар ызғары?
«Бұл жерде орман, тоғай болған», — дейді
Көненің шаршап жеткен аңыздары.

Бетпақтың безірейіп тұр аспаны,
Жасырып құпиясын құм асты әне.
Сазарып саздауыт жер бет бермеді,
Безеріп бедеу тақыр сыр ашпады.

Әйтеуір бір сұмдыққа қанық бәрі,
Жырасы жылы шырай танытпады,
Бетпақтың иесі еді, киесі еді,
Сыр айтып сексеуіл де жарытпады.

Қара тас түк демейді сырға қанық,
Өткеннің бәрін бағып тұрғаны анық.
Өзінше тірлігі бар Бетпақ шөлдің
Төсінде тарқамайтын мұң бары анық.





Кезі жоқ жау қашырап атқа мініп,
Қылқынта тастаушы еді жатқа құрық.
Сексеннің үшеуіне келген батыр
О, тоба, сөйлеп отыр ақтарылып.

Жырымен жұртты ұйытқан жырындыдай,
Сөйлейді.
Берген шығар күнін құдай.
Шешініп төсегіне жатпайтын шал
Шешіліп сөйлемейтін бұрын бұлай.

Сері күн кетпеп еді бұландаған,
Көндігіп алады екен бұған да адам.
Мына шал алты алаштың Ағыбайы
«Ақжол» деп қалың қолға ұрандаған.

Дәурен жоқ жүретұғын атқа мініп,
Болған жоқ шайқас толы шақтар ұмыт.
Тіс жарып түк демейтін түксиген шал
Құдай-ау, сөйлеп отыр ақтарылып.

– Адыра қалған Арқа бел,
Адыра қалған Арқа бел,
Алтындай басын қор қылып,
Ажары қайтып тарқады ел.

Бәйгесін сайлап байталдың,
Бағымды қанша қайтардың.
Сауығы болды-ау, Сарыарқа,
Сақалы жирен сайтанның.

Дәурені өткен далам-ай,
Кәдене қалдым жарамай.
Қайғыңа батып, қан құстым
Шақшадай басым шарадай.



Ертегі күнде еңселі ем,
Кәрі емен сынды теңселем.
Көңілін басып шер-шемен,
Үмітін үзді ел сенен.

Жүретін кез жоқ көк тіреп,
Күй қайтты бойдан, кетті леп.
Әйтпесе кәпір жүрер ме ед
Атамның басын тепкілеп.

Базарым кетті дейін бе?
Ажарым кетті дейін бе?
Бір уыс болған дүние
Ажалым жетті дейін бе?

Адыра қалған Арқа бел...

Әп сәтте шуақ қашып түріндегі,
«Кәпірге қара бақыр құным», – деді.
Жазылып жұдырығы Ағыбайдың
Салалы саусақтары дірілдеді.

– Сөкпендер сөз етті деп әлденені,
Сергітіп алайыншы сәл денені.
Сағындым наркескен ұл Науанымды,
Сағындым қара нардай хан Кенені.

Көкшетау, жер ұйық ең Арқадағы,
Басынан Баянтаудың зар тамады.
Есімді ап, Ерейментау, сағындырдың
Төбенді көрсетпедің, Қарқаралы.

Сарыкеңгір, Қаракеңгір келісе аққан,
Санамның сау күнінде сені сатпан.
Баяғы хан, төремен тең күнім жоқ,
Кеттің бе теріс қарап, Терісаққан?



Алыстым атқа мініп албастымен,
Бәрі бос. Енді бағым жанбас білем.
Жайлауым жауға қоныс болғаннан соң
Жайнамаз жаятын жер қалмас білем.

Құдайдың құлдық ұрдым жарлығына,
Көрген соң көнесің де барлығына.
Жүдеген жаным тыншу табар еді
Бір аунап алсам, шіркін, шалғынына.

Кілт тоқтап сөз айтпады мұнан әрі,
Онысы, бәлкім, жұртын сынағаны.
Қайрамақ болды ма екен батыр жанын
Сөз бастап кетті ауылдың бір адамы.

Алайын деді ме әлгі сынап ерді.
Бағытты басқа арнаға бұра берді.
Айылын жиятұғын сынайы жоқ
Шынтақтай жатып алып құрама ерді.

– Ағеке, айтқаныңның дұрыс бәрі,
Халқыңның жанға батты-ау құныс халі.
Көкшеден ойып орын алам десең
Батыр-ау, кімді қой деді, кім ұстады?

Тапсырған аманат қып арын Айға,
Алты алаш Ақжолтай деп танымай ма.
Баянның ырзығы мол өңірінен
Жер алса жараспас па ед Ағыбайға.

Ұран боп жайылған соң атың, аға,
Атағың сес болмас па жатыңа да.
Ен жайлап Есіл бойын жүрмес пе едің
Бетпақта не жоғалттың, батыр аға?

Мынаның батып кетті-ау әкіреңі,
Бұл ой да ішінде өліп жатыр еді.



Ашуы қайқаң қағып шыға келді.
Сұстанып сала берді батыр өні.

– Көргем жоқ, сендей шапшаң, күйгелекті,
Сұрасам, Ағыбайға сый бөлек-ті!
Тас түйін бола қалды тарамыс шал
Жанары жас жігітті түйреп өтті.

– Қалғандай бұртиясың босағада,
Бойынды сыртқа салып бошалама.
Алпыс үй, ағайыннан кетіп едің
Алты жүз түтін болдың осы арада.

Бәрінен қымбат осы дала маған,
Даламнан даңқымды асқақ санамағам.
Алпыс үй Шұбыртпалы тек сен емес
Шұбырған қазақ мұнда паналаған.

Мына елдің тағдыр талай сынады әлін,
Өлмеудің жасады жұрт мың амалын.
Бетпақтың құшағы еді қалың елді
Сақтаған сұмдығынан сұламаның.

Даласын талақ еткен қай кісі бар,
Қарызбыз бай, патша бар, байғұсы бар.
Осы жер – тағдырымның шежіресі,
Төсінде тарқамайтын қайғысы бар.

Қан-қасап куә болған қанды күнге әр,
Бетпақта қасірет бар, қанды ірің бар.
Өмірім осы өлкеде өтті, ағайын,
Өлген соң осы жерде қалдырыңдар.

Деді де кілт тоқтады. Үндемеді,
Жанары іздегендей бірденені.
Саңк етіп Айыртаудан қыран ұшты,
Көп бопты-ау көрмегелі бұл немені?



Көңілі қарияның көкке өрледі,
Жалғыз-ақ өзіне аян жеткен жері.
«Қарт қыран қарауылдап жүр екен ғой
Көрінбей кетіп еді көптен бері».

Көңілі көкке өрледі далаға асық,
Қыран құс мұнар белден барады асып.
Қиялы құба жонды кетті кезіп
Көз ұшы көкжиекпен араласып.

Ақжолтай атың дара, затың дара,
Қайғы емес Ағыбайға қатын, бала.
Бетпақтан көзін алмай отыр әлі
...Не ойлап кеттің екен, батыр баба?

Сыналап түсті талай жыл араға,
Сыр тартып бабам жайлы сұра, бала.
Қиямет-қайым күннің шежіресі
Бетпақ деп аталады мына дала.

Жылдардың жыл ереді жетегінде,
Ағекем не деді екен кетерінде?
Бетпақты мекен қылып жатыр әне,
Аймүйіз Айыртаудың етегінде.

Бұйығы бұйрат құмның арасында
Бетпақтың сағым басқан даласында.
Айыртау аталатын дара шында
Ағекемнің арманы бар, нанасың ба?
Дұғамды баба, қабыл аласың ба?
Бүгіннің сағыныш бар санасында.



Сағынар Сырдың сұлу ертегі елі,
Күй қылып Атыраудың шертеді елі.
Жауды ма Арқа белдің ақ жауыны,
Жетті ме Жетісудың ерке желі?

Ұсынып бермесе де саған тағын,
Самалы сәлем айтты сал Арқаның.
Бетпакты бетке ап аққан өзендер бар,
Сарысу – сағынышы Сарыарқаның.





ҚОШТАСУ

немесе

СӘРІНЖІП АҚЫННЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

*«...Жөңкіліп жаудан үркіп аумаса ел,
Еркімен жерін тастап, ел кеткен бе?»*

*«Көрмейінші деп едім,
Шыққыр көзім не көрдің?
Қайран қазақ баласы,
Ажалыңнан өлмедің.»*

Сәрінжіп ӘЗБЕРГЕНҰЛЫ (1862 – 1935 жж.)

Жетпістің үшеуіне шыққан қарт ақын бүгін ерекше күйде. Күндегідей емес, қимылы ширақ. Көңілі әлденеге құмартып тұрғандай ма, қалай? Еңсесін езген салмақ ғайып болған. Алпыс екі тамырын қуалай аққан қан жан түкпірінде жатқан жасырын сырын түрткілеп оятқандай. Әлдекімдерді шақырып алып, бәрін ақтарғысы келеді. Көргені, түйгені көңілінде шор болып қатып қалғалы қашан? Жұрт ішінде жүріп жүрегінің басын жылытар сөз естімегелі де талай уақыт өтіпті-ау. Көмейінде түйнек, көңілінде шер. Бауырын сыздатқан бір сұмдықтан құтыла алмай келе жатқаны. «Өлсем, осы шерден, осы бігеу жарадан өлетін шығармын» дейтін. Бүгін бойы жеңілдеп, еңсесін езген ауыр ойдан арылғандай. Өзін жеңіл сезінеді. Әуелде: «Келген көктемнің бойға берген қуаты ма екен?», – деп ойлады да артынша: «Бой жазу деген осы болар» деген ойын ешкімге білдірмей, ішіне түйген Сәрінжіп ақын ауыл сыртындағы төбеге қарай бет алды.

Төбе басына шыққан ақын ақтарылды-ай кеп.

Бір сәтте терістіктен шашырай шығып, бара-бара тұтаса түскен кара бұлттай түнерді. Дауыл тұрғызып, артынан ағыл-тегіл қып төпелеп өтті.





Енді бір сәтте суы арнасына сыймай, жағалауындағыны жайпап өтердей болған адуын өзендей копарыла козғалды.

Жаркылдап найзағай ойнады бір сәтте. Жаркылының артын жан шошытарлық күркірімен қуырып алған найзағай мына далиған даланы бір-ақ уыс қылды. Аспан төсін тілгілеп өткен әлгі найзағай-қылыш жан-жүрегіндегі бітеу жараны тілгілеп, қанды іріңін ағызып жатқандай.

Сәрінжіп ақын ақтарылып отыр төбе басында. «Қаражартас» қана қан құсқан ақынның басын сүйеп, басу атқандай...

– Ей, Тағылы бойы тарғыл тас,
Тағылы бойы тарғыл тас!
«Тарықса шығар көзден жас»,
Талайды бұл да көрген бас,
Талайға бұл да көнген бас,
Тарылып тыныс барады,
Жай-күйім солай, енді оңбас.

Ей, жағалай қонған жалпақ ел,
Еліме қоныс Арқа бел.
Заманның жүгі мың батпан,
Азабын сөйтіп тартады ер.
Қарайған жұрттың қалқаны – ер,
Ақ-қарасы алмасып,
Зауалдатқан күн бүгін
Тарта бер, жұртым, тарта бер!

Береке біткен күнім-ай!
Көрмесінді көрсетіп,
Білмесінді білгізген.
Қанжығанды майлатып,
Қыранға қызыл ілгізген.
Тостаған толы қымыздың
Бетінде майын жүзгізген.





Көз орнындай көлшіктен,
Майлы балық сүзгізген.
Жайлаудың сәні кіруші ед,
Жаны жаздай ұл-қызбен.
Жиделі Байсын сол күнді
Тартып алды кім бізден?!

Ат тұсаған жерімде
Алтыннан белдік қалдырғам.
Сымбаты көркем қалқаға,
«Сырғалым» әнін салдырғам.
Жібектей әнмен желпіп бір
Жүрегін оттай жандырғам.
Аттанып сосын ауылдан
Көңілін досқа құлатып,
Жанарын жасқа шылатып,
Аққудай мойнын талдырғам.
Жастығым өтті-ау, дүние-ай,
Жаксыға деуші ем жан құрбан.
Жарасым күндер кетті алыс,
Не күтер екен алдымнан?
Ақының едім айбарлы,
Әнімен танды таңға ұрған.
Болдырған аттай күй мынау
Арқасын ерге алдырған.

Ей, кетеуі кеткен кер заман!
Кешегі күні болмап па ед
Керуендеткен көшім құт?
Көсілер жерде көсілдік,
Шешілер жерде шешілдік.
Дауlassам дауыл тұрғыздым,
Бабамның сөзін кесім ғып.
Бесікке салған баланы
Бес түлетіп өсірдік.
Алдымды кесіп өтпеуші ед,
Жүрегі жаһил кесір жұрт.



Осы ма ебің кеткені,
Етегі жыртық есіл жұрт?!
Алтынды астау Арқада
Аштықтан өлген не сұмдық?!
Аштықтан өлген не сұмдық?!

Жүрегінің түбінен лықсып шыққан өксік пен өленді бір ақтарып алған ақын айналасына қарады. Мына ел не көрмеді? Кеше Колчактың теперішін көрген ол қопарылып түстікке қашты. Бошалап кетіп, ботасынан айырылып қайтқаны қаншама? Елге оралып, енді есін жия бастаған жұрт колхоз құрды? Қарық қыламын деген колхоз запыс болған жұртты тағы бір үркітіп тастаған. Сол дүрбелеңнің ішінде өзі де жүрді. Жұртты «Жастерек» колхозына ұжымдастырды. Елді сендірген саясатқа бұл да сенді. Сенген. Бірақ сенгені сатып кеткен. Әйтпесе, ай аман, жыл есенде аштан қырылғаны несі?! Байын кәмпескелеп, байқұсының бұтындағы лыпасын сыпырып алған мына үкіметтің күйттегені не?

Сәрінжіп ақынның ойы тас-талқан болды. Кімге сену керек? Көсемнің айтқаны жөн бе, көсеу болған жұрттың айтқаны дұрыс па? Ауыр күрсінген қарт Тағылы жаққа қарады. Заман сұмдығынан шошынғаны ма, аштықтың топалаңынан сүйегін сүйреп шыққан елдің есеңгіреген күйін көрмейін дей ме, әлде бірлігі қожырап, бітімі болмаған елге өкпелегені ме, ол да бүк түсіп, бет бермей жатыр. Наурыздың бой сергітер лебін де сезінбегендей. Қыс көрпесін жамылған күйі сыр ашпай жатыр.

Ақын ауыр күрсінді. Іштегі жалын өзегін өртеп өткендей болды. Көкірегін қарып өткен күрсіністің соны өлеңге ұласа берді. Манағыдай екпіндетпеді, кеудесінен қобыз үні шықты.

Бас сүйер енді кім бар зар шеккенде,
Амал не, еркі қашқан болсақ пенде?
Үшқойтас, үшкіріп бір жіберсейші,
Тәуекел, кетсем бе екен, Наршөккенге?



Сарыоба, сен не дейсің маған енді,
Жаныма дауасыз дерт – нала келді.
Мұқырдан бойға сіңген бір мінез жоқ,
Кәрілік кәріптікті ала келді.

Қалай еске алмайын Қартабайды,
Қартабайсыз іште мұң таркамайды.
О, тоба-ай, Иманжүсіп әнге қосқан
Бұғылының басынан зар тарайды.

Ертеден елдің құты Домалақ-ты,
Бірناзар, Ойран, Еспе о да бақ-ты.
Жалған-ай, уысынан ырыс кеткен
Мына елді не нәрсенің обалы атты?

Айыртау, шақыр ұран асқақ беттен,
Болмаса бақ-береке қашпақ көптен.
Кешегі Кәрсон бабам ұрпағына
Күрзісі емес пе едің тастап кеткен.

Жаратқан нұрын төккен осы араға,
Кие бар Қарашоқы, Босағада.
Қолымды көкке жайып тілек қылдым,
Білмеймін дұғамды Алла қош ала ма?

Арындай жарқылдаған алдаспаны,
Осы өлке туған талай марқасқаны.
Мен саған енді айналып соға алмаспын,
Жастығым, жайраң күнім Шалтастағы.

Қаратал, Ақсай, Бапы, Күреңбелім,
Жан дертім болып тұр ғой бұл ел менің.
Шіркін-ай, дертке дауа тауып алар,
Баурыңа, Керегетас, түнер ме едім?!

Білмеймін мұзбалақты үркітті кім?
Санамды алар еді-ау, сілкіп бүгін.



Шаңқ етсе, етектегі аң есі кеткен,
Бүркіті көрінбей жүр Бүркіттінің.

Бала қайда бабаның сөзін ұғар?
Жігіт қайда сыр ұққыш сезімі бар?
Қазаныңның қақпағы ашық қалды-ау,
«Ешкіөлместе» ел жүдеп не жыны бар?!

Кешегінің кетті алыс шаттық әні,
Уақыт солай бәрін де жат қылады.
Тіршіліктің қатыгез толқындары
Мені де ертең жағаға лақтырады.
Өлеңімді өлтірмей сен жалғарсың,
Ақшағылда Андастың Ақбұлағы.

Қаражартас, қазығым, қасиетім,
Менің кием өзіңсің бас иетін.
Топырағың – анамның алақаны
Қаражартас, қазығым, қасиетім.

Көңілі Кәрсон-Керней жұрты қоныс еткен кең
даланың әр қиырына кеткен ақын шаршап қалғандай.
Дем алысы жиілеп кетті. Көзі жетпесе де көңілі жеткен
жерді ойша бір шолып өтті. Бойына қуат біткендей ме,
қалай? Кеше ғана аштық алапатынан аман қалған мына
қарайған жұртының есендігіне шүкір етті. Бір сәт бойын
тіктеп алып, түйіле қалды. Енді өзгеше леппен сөйлеп
кетті.

Арқаның алғыры еді мақтанатын,
Көз емес, сөзімен бақ тапқан ақын.
Өмір жайлы, қанекей, сен не дейсің
Бауырыңа басу айтшы, Қақпан ақын?!

Ақынның темірден-ау, сірә, жаны,
Сені де діңкелетті-ау күй азабы,



Ойыма ой қоссаңшы Оқа, Бабас,
Жырыңмен сілкінтші елді, Дия қажы.

Тірліктің жауратқан ғой ызғар лебі,
Әйтпесе жаның мұнша мұздар ма еді?
«Өткінші қосбасарың» не деп кетті,
Қазақтың желжүйрігі – Қыздарбегі?!

Еге кім естен танған елге мынау,
Байқұстың болып шықты сенгені жау.
Сағындырып сендер де кеттіндер ғой,
Әбдим-ау, шерменде Сембегім-ау!

Жо-жо-жок, бірі емеспін өзгергеннің,
Сертімді сындырмасқа сөз бергенмін.
Езіліп құса-мұңға бой алдырсам,
Ұлы болмай кетейін Әзбергеннің.

Езілсем өмірімнің текке өткені,
Бойда күш – дұшпанға сес,
Беттетпеді.
Босасам, Бұғылыда тумағаным,
Тағылының тасынан тек кеткені.

Бұл – менің жан азабым, кешкен мұным,
Сәрінжіп солай ғой деп ескерді кім?
Сеземін алыс емес, Қаражартас,
Кәрсон-Керней жұртына кош дер күнім.

Сәрінжіп ақын төбе басынан салмағы батпан-батпан
ауыр ойды арқалай түсті. Сергиінші деп барып еді, жаны
жүдеп қайтты. Қыс көбесін сөгемін деген наурыздың лебі
де жанына дауа болмады. Жүдеу тартқан жұрттың күйі
жанына батқан ақын көпке бармады, жарық дүниемен
коштасты.

Р.С. Сәрінжіп ақынның бақыты сол болар, ол 37-нің
топалаңын көрмеді.



МЫРЗАБЕКТИҢ ҚАРА АТЫ

(Поэма)

Астанадан телефон шалған Жантастың амандық-саулық сұрасып алғаннан кейінгі әдеттегідей: «Қайда-сың? Не істеп жатырсың?», — деген сауалдарын мен де: «Ал өзін не қарекет қылып жатырсың? Демалысың қалай өтіп жатыр? — деген тіршілік сұрақтарымен жалғастыра жөнелдім.

— Мен бір кітап құрастырумен айналысып жатырмын. Марқұм Мырзабек деген ағамның туғанына 80 жыл толған еді. Балалары әке рухына ескерткіш болсын деп кітап шығармақшы. Сол шаруаның бір шетін ұстап жатқаным ғой, — деп алды да:

— Әй, Ғазиз, сен ол кісі жайлы білесің. Темештің Жангілесі деген бұтағынан барып қосыламыз. Әкем Жақып екеуі немере-шөбере туыс болып келеді. Мырзабек ағамның бәйге Қара аты жайлы айтып едім ғой.

— Әлгі шайтан суын «Бозжорға» деп айтатын ағаң ба? — деп қойып қалдым.

— Дәл өзі. Керемет адам еді. Өмірдің небір сынын да көрді. Мұқалмайтын жан еді. Мына дайындап жатқаным сол кісі жайлы естеліктер жинағы ғой, — деп Мырзабек ағасының өмір тарихының өзі білетін беттерін сыр қылып айтып тастады. Жантастың ауызша айтқан естелік әңгімесі бітер тұста мен:

— Оу, мынауың жап-жақсы естелік қой. Енді осыны қағазға түсіріп, кітапқа енгізсеңші, — дедім.

— Жаздым. Сол естелігімді сен бір оқып шығып, ойыңды айтасың ба қолың тисе?

— Жібер, оқиын.

Жақсы аға жайлы жып-жылы естелік жазылыпты. Естелікті оқып отырып, бұрынырақ Жантас айтқан әңгімелердің сұлба-сорабына түстім. Мырзекен жайлы әр кезде айтқан тәтті әңгімелер жолай есіме сарт-сарт етіп





түсіп жатты. «Е, мына кісі сол Мырзекең екен ғой» деп қоямын оқыған сайын.

Естелікті оқып шықтым. Оқып шықтым да жазбаның мына бір тұсына қайырылып соғып, қайта оқыдым. Неге екенін білмеймін, «Мырзекеңнің Қара аты» деген сөзді қайталай бердім. Сонан соң: «Мырзекең шопыр, қойшы, қырманшы болумен тірлігін түгендеген қарапайым жан ғой. Көптің бірі болғанымен көңілі мен көкірегі ашық Мырзекең жүйрік мінуге лайық адам екен», – дедім де естеліктің әлгі тұсын қайта оқыдым.

«...Осы ат алғаш бас жүлдені алғандағы оқиға есімде. Сол кездегі Теңіз ауданының орталығы Баршын ауылының жанындағы бір жайлауда шопандардың жыл сайын өтетін дәстүрлі тойы болды. «Соналы» совхозынан қосылатын бірнеше аттың ішінде бір үміт, бір күдікпен қосылған Қара ат та бар. Бәйге басталды. Мырзабек ағай «Аллалап, Аруақтап» ішінен күбір-күбір етіп қояды. Ат қосып тұрғанына жүзінде мақтаныштың да сыңайы жоқ емес. Сонымен, аттар айналып шауып жүр, айналым көбейген сайын алдында ат азайып келеді. Соңғы айналым. Қара ат үзіліп шықты. Халық шулап тұр: әркім өз қосқанын атап айқайға басып тұр. Мырзабек ағай үзіліп шыққан Қара атты көріп жерге отыра қалды. Тыныс ала алмай қалып отыра қалған сияқты. Қара ат мәрені кесіп өткенде жерді жұдырығымен қойып жіберіп: «Аруақ! Аруақ!» – деп жылап жіберді. Бәйгеден келген атқа қарай жұрт жүгіріп жетіп қаумалап алды...».

Естелікті оқып болған мен де қолыма қалам алдым. Қағазға мына бір жыр жолдары түсті. Жантастың естелігінің атауы сияқты мен де өлеңге «Мырзабектің Қара аты» деп ат қойдым.

«Е-е, сендердің күндерің жырдың күні ғой. Мырзабектің бала кезінен көрмегені жоқ. Өгей шешенің қолында болды, ол заман да басыңа тартсаң, етегің, етекке тартсаң, басың ашылып қалатын кез еді ғой. Тойып тамақ ішетін де кез емес. Қаршадайынан ауыр бейнет кешті.

Күләйім шешеміздің сөзінен.



Той қызығы кернеп дала, аспанды,
Бәйгенің де бәсі ортаға тасталды.
Осы еді ғой жұрттың көптен күткені
Әне, әне, ат жарысы басталды!

Жүйріктердің осында өңшең төресі,
Соны көріп әбден шықты ел есі.
Әне, әне: «Басталды, — деп, — аламан!»
Белгі берді төреші.

Желпіндіріп жағалай жұрт қиялын,
Жан қыздырып төгілді әсем күй-ағын.
Жұлдызша ағып бара жатыр кіл жүйрік,
Қара жерге кірш-кірш қадап тұяғын.

Ал, қайсысы бәйге алады жарысып?
Қайсысының кетер екен бағы ұшып?
Шапқан атпен бірге заулап барады
Шабандоздар ат жалына жабысып.

«Құр мақтаныш болар жанға қайбір ем?
Әйгіленсең аламанда әйгілен».
Бәрінің де топтан озу — арманы,
Бәрінің де үміті бар бәйгеден.

— Әне, анау — Қорғалжынның құласы,
— Анау қасқа — Айдардың Ақ Тұмасы.
— Ана ақтабан Ұлытаудан келіпті,
— Соналыдан ат қосты ма? Сұрашы!
— «Арықтыдан» алты ат кепті деседі,
— «Жантекенің» жел жүйрігі осы еді.
— «Кеңбидайық» ат қоспапты өкпелеп...
— Қой, ол — бос сөз, көре алмастың өсегі.

— Ат қосты ма «Бестамақтың» баласы,
— Анау буырыл Баршыннан ғой, қарашы!
— Аяқтарын сілтей тастап заулаған
Ана қара ат — Мырзабектің Қарасы.





– Бүктетіліп, орғуын-ай қояндай!
– Ескі әдетін жүр-ау, ол да қоя алмай,
Түк шықпайтын сол Қарасын Мырзабек
Тағы әкеліп қосыпты ғой, ой, Алла-ай.

– Өй, болды енді!
Күндемесең өлдің бе?!
Іштарлау боп барасың ғой сен мүлде.
Ана Қара жараудай-ақ жарапты,
Артқы аяқтың түскен жерін көрдің бе?!

Шын жүйрікті тану үшін көз керек,
Мен Қарадан сезгендеймін өзге леп.
Алға қарай соза тастап мойынын,
Қос аяқты сілтеуі де өзгерек.

– Мына Қара аяғына сенеді,
– Мығым аяқ теңселтпейді денені.
– Әй, жігіттер, ат баптаған мен білсем,
Мырзабектің Қарасы озып келеді.

Міне, осылай жұрт үн қосты дүбірге,
Адал сөздің арты ұласып күбірге.
Қара атына қиқу қосқан Мырзабек,
Мына сөздің естіген жоқ бірін де.

«Жарқырап шық жарыс тілеп түстің бе,
Оза алмасаң, күздан құлап ұштым де».
Мырзабектің екі көзі Қарада,
Шыбын жаны Қара атының үстінде.

Соңғы айналым.
Соңғы ышқыныс.
Серпіліс,
Сезіп отыр Қара атында кең тыныс.
«Аттың басын жібер!» – деді балаға,
«Жаз қанатты, Қара атым-ай, еркін ұш!»



«Жануарым, бұза көрме сертінді,
Көрсетуге келген жоқпын көркімді».
...Мырзабектің Қара аты сол мезетте,
Бүктетіліп, серпілді.

Топты жұртқа көргендей бір түс қылды:
Алдында екеу.
Озбаққа енді күш қылды.
Жарықтық-ай, бүктетіліп, серпілді.
Жарықтық-ай, барын салып ышқынды.

Шулап кетті Баршынның бай даласы,
Нұра менен Құланөтпес арасы.
Арқа жұртын бір серпілткен сол тойда
Озып келді Мырзабектің Қарасы.

Қара атының шабысына ырза көп.
«Атым озды, Алла деген бір жан ек,
Жануарым, ризамын!» – деді де
Көз жасына ерік берді Мырзабек.

– Жетім өстім, жоғалтып ап шешемді,
Қатал өмір қайтарды сан меселді.
Тас емшегін жібітпеген тірліктен
Уыз емес, уын сорып неше емдім.
Темір тордың ар жағында жатқанда,
Мендегі үміт неше оянып, неше өлді?
Өмір сыны жанға қатты батса да,
Ластағам жоқ Ар дейтұғын көшемді.
Көріп келем мынау тірлік көшінде,
Дұшпан елді, дос елді.
Бөкене бой мешелді,
Көкірегі ояу көсемді.
Жүйрігім-ау, жан сырымды ақтарып,
Саған жылап айтпағым да осы енді.
Қара атым-ау, мынау қатал тірліктен
Сен әпердің кеткен талай есемді...
Сен қайтардың есемді...





Көкірекке қуаныштың толды үні,
Жақсылықтың шығар бұл да молдығы.
Кім біледі?
Бар жетімнің зар-мұңы
Бір жеңілдеп қалған шығар сол күні.

Талай жерде күтпесе де төр мұны,
Оны өлтірмей жетеледі өрлігі.
Кім біледі, адал жанның барлығы
Жылап алған шығар бәлкім қосылып,
Мырзабектің Қара аты озған сол күні.





КЕТБҰҚАНЫҢ СОҢҒЫ КҮЙІ

(лирикалық поэма)

«...Күш-қуатың саудаланып пұл боларсың, сақ болғын,
Кұдыреті күшті елге құл боларсың, сақ болғын.»

Кетбұқа

«Кетбұқадай билерден
Кеңес сұрар күн қайда?»

Доспанбет жырау

...Кетбұқа бүгін шатырынан шыққан жоқ. Хал-жағдайын сұрап шықпақ болған жанашыр жандардың да қасында болуын қаламады. Алқалы топтың алдында ақтарылып сөйлейтін, қағанның алдында да қасын қақпайтын жыраудың еңсесін басқан әлдеқандай ауыр ой бойын жаздырмады. Қабағынан қар жауып, түнеріп алған. Құлағына іліп қоятын мұртын «мұрт емес, қайқы қылыштың жүзі» дерсің. Бет-әлпетінен әдеттегі нұр емес, қасырет күй сезіледі. Ғауаң қалың ой үстінде отыр.

Қарақорымнан қайғылы хабар жеткен. Мөңке қаған да дүниеден өтті. Құлағуды нөкерімен ұзақ жолға шығарып салып, қалың қолмен шекараны күзетіп өзі қалды. Алда үлкен шайқас тұр. Мысыр еліне аттанады. Құтыздың самсаған әскерімен соғысар күннің сұмдығын іштей сезеді. Ойы сан-саққа жүгірген Кетбұқаның көз алдынан өткен күндердің суреттері тізбектеліп өте бастады. Хангай тауындағы жеңіліс, Таян ханның өлімі, Найман мемлекетінің қасыретті күйі, Күшілік ханның соңғы тырбанысы, үдере көшу қияметі – бәрі-бәрі күні кеше ғана болғандай санада сайрап тұр.

Сағымға айналған сона-а-ау жылдардың сарыны келді көмейге.





– Қайран басым,
тауға соқтым, тасқа ұрдым,
Жаным жалын,
Мен де дертпін,
Асқындым.
Айналама күжірейтіп жалымды,
Айға қарап мұң шағатын қасқырмын.

Қарсы тұрар қалмады ғой амалы,
Қалың Найман жолбарыстай жаралы.
Ақыр соңы Алтайға да тиген-ді
Тапап келе жатқан жаудың табаны.

Жау тигенде батыры үнсіз жатқан ба?
Аттан салып атқа мінді ақ таңда.
Ой, дүние-ай, жиырмадағы жігіт ем,
Хангай тауы қан соқта боп жатқанда.

Қалың моңғол жыланша орап жан-жақты,
Шырылдаумен шығар-шықпас жан жатты.
Сол сойқаннан Орхон боздап аққан-ды,
Қара Ертістің жағалауын қан жапты.

Қырық бөлек қылса дағы етімді,
Қалың Найман берілмеуге бекінді.
Жау жебесі жауды аспаннан,
Жебе емес
Сұм ажалдың түкірігі секілді.

Ғайып болды ғажайып шақ, ғазал күн,
Күң бола ма құшам деген ажарлым?
Самсаған жау суылдатты қылышын,
Қылыш емес,
Күрек тісі ажалдың.

Көкірегіме жау найзасын түйреді.
Тәңірімнен мен тілеген күй ме еді?!



...Азияның алып төсін жайлаған
Ұлы Найман мемлекеті күйреді.

Төтеп берер күш болмады тасқынға,
Үркек бақыт, сен де менен қаштың ба?
Ата жұртым жатыр әне жаншылып,
Шыңғысханның табанының астында.

Кім көрді екен мына мендей сорлыны,
Күйреген ел күңіренді.
Соңғы үні!
Көресіні көрген мына көзімнен
Қан аққан-ды сол күні.

Ақиқат сол, шығара алман жасынға,
Жылап тұрдым, болмады ешкім қасымда.
Қарғыс айттым қайғы шашқан ғасырға.
Тимучинді хан таныған сол күні
Сабрақ батыр рухы бірге жылады,
Текті Алтайдың басында.

Жұмақ күндер жұтылғанмен жылымға,
Қайтарымы болар дедім мұның да.
Амалым не, ата жұрттан ауды жұрт,
Сабрақ қалды Өр Алтайдың шыңында.

Кешір баба!
Елің солай сорлады,
Тағдырымның тартты алысқа жолдары.
Ертістен де елің пана таппады,
Жетісу да жанға сая болмады.

Дала төсі таланғандай зар-мұңға,
Баяны жоқ бақыттың да, бардың да.
Ойлап па едім пана сұрап тұрам деп,
Қара қытай гурханының алдында.



Ұлы Найман бақ-дәулеті басқа
жұртқа көшті анық,
Тап осындай тағдырдан сын тоспадық.
Маған енді қоныс болар ма екенсің,
Баласағұн, Бесбалық?

Қанды кектен жарылардай жүрегім,
Қидан жұрты, жанашырдың бірі едің.
Еміл, сенің көш тоқтаттым жағаңа,
Қойлық, саған аттың басын тіредім.

«Суы қайтқан арнадаймын,
жел мүжіген кемерін,
Ей, Күшілік,
«Найман елін тік тұрғызам» деп едің.
Инаншы атаң сияқтанған өр едің,
Жылап көшкен жұртты ұранмен демедің.
Таян ханмен ата жұртта бірге өлмей,
Саған ғана сенім артып кеп едім.
Қалжыраған қайран жұрттың қамын же,
Осы болсын берерің!

Ей, Күшілік!
Кетті жауда көп есен,
Сен бөлерсің баққа жұртты бөлесең.
Өлімші боп келген жұрттың есін жи,
Өр Алтайың өксіп өлсін демесең».

Үміт өшті, жиылмады ел есі,
Қайырлады қайран күннің кемесі.
Соңғы үмітім Күшілікпен бірге өлді,
Үзді үмітті Жебе ноян жебесі.

Қасыретім тұрса дағы аскынып,
Қиындыққа тіктім мына басты нық.
Жылап тұрдым соңғы ханы Найманның
Күшілікті қара жерге тапсырып.



Қайран басым,
тауға соқтым, тасқа ұрдым,
Жаным жалын,
Мен де дертпін,
Асқындым.
Айналама күжірейтіп жалымды,
Айға қарап мұң шағатын қасқырмын.

Жаным дертті, кім жазады жарасын?
Танып білдім өмір, өлім арасын.
Бар арманым: өлтірмеуге бекіндім,
Соңыма ерген қалың Найман баласын.

Көшу керек.
Дұрыс шығар осыным,
Кетбұқаның тірегі – серт, досы – мұң.
Бет алғаным – Арғанаты, Ұлытау,
Барар жерім – ақ ордасы Жошының.

Қош, бол Алтай – алтын арай, ақ таңым,
Топырағыңнан тамыр тартып жатты әнім.
Көштің басын Сарыарқаға бұрдым мен,
Кешір мені, басқа амалын таппадым.

Кешір мені, Тарбағатай – тамырым,
Сен де түсін жүрегімнің әмірін.
Ұлытаудың жерін басып көрейін,
Маңдайыма не жазды екен Тәңірім?!

Тірлігінде танып білген өренді ел,
Кешіріңдер, бабаларым кемеңгер.
«Жаның сонша артық па еді басқадан,
Туған жерде неге өлмедің» демендер.

Қорқытқан жоқ,
қорқыта алмас мені өлім,
Қылыш алсам қай Найманнан кем едім.



Түу алыстан туырлықтай жер тауып,
Ерген жұртқа ес жиғызсам деп едім.

Батырың ем жанға сауға сұрамас,
Менің мұңым – Алтай жұрты, мына алаш.
Қалған елге қам қылайын,
Кеудемде
Қашанғы аман жүрер дейсің мына бас.

Өткен күннің қасырет-қайғысын еске алған Кетбұқа әлгі оқиғаларды тап кеше ғана болғандай етіп сөйледі. Даусы бірде ап-айқын, анық естіліп, бірде жұтылып, түсініксіз күбірге айналып кетеді. Айтып отырғаны – кешегі қырғын, кешегі басы ауған жұрт, Шыңғыстың шеңгеліне түскен қалың Найман. Сонынан еріп үдере көшкен үркердей жұртының «енді не болар екен» деген тағдыр-талайы.

Кетбұқа қолын жанында жатқан қобызына қарай соза берді.

Сөйле, бейбақ, тілін жұтып жатпа құр,
Тарқат шерді, айт барлығын, ақтарыл.
Шыңғыс ханға сөз өткізген Кетбұқа
Босаңсыған шақта бұл.

Сөйле, қобыз, жан серігім, қонырым,
Екеумізді сынап бақты долы күн.
Шыңғыс хан жоқ, Жошы да жоқ бұл күні,
Құлағудың қылыш ұстар қолымын.

Тарлық етіп мынау алып кеңістік,
Байлық үшін қан төгістік, керістік.
Шам елі де дәргеіме жығылды,
Мысырды да алмақшымыз өріс қып.
...Тарлық етіп мынау алып кеңістік!



Кетбұқа кім?

Қолбасшы де, ақын де,
Дұшпанына ат ойнатқан батыр де.
Ұлы Шыңғыс ұрпағына қызмет қып,
Шам елінде билік құрып жатыр де.

Кетбұқа кім?

Жаһанға аян өрлігім,
Соңыма ерді жер қайысқан қол бүгін.
Төңкеріле көшсем дүлей тасқынмын,
Бейкүнәға өтті, білем, зорлығым.
Аттан түсіп жалғыз қалған шағымда
Ойға жем боп отыратын сорлымын.

Кетбұқа кім?

Таныды жұрт, көрді елі,
Атақ-даңқым шыннан шынға өрледі.
Құлдық ұрып мен жаулаған бай өлке,
Атаныма алтын-күміс теңдеді.
Топ бастасам Кетбұқамын данышпан,
Оңашада танымайсың сен мені.

Сырты дүрдей, іші дертті денемін,
Бір кездері асқақ едім, өр едім.
Елу төрт жыл мен Алтайдан кеткелі,
Елу төрт жыл жанымды жеп келемін.

Қайран Алтай асқақ еді, өр еді,
Қалың Найман қай жұртыңнан кем еді.
...Қабағынан қар жаудырған Сабрақ пен
Инаншы хан түсіме ене береді.

Бір кемістік болды ма екен ісімде?
Амалым жоқ, жүрдім оттың ішінде.
Тата тұңға жекіп-жекіп алады,
Құбатегін күрсінеді түсімде.





Сағынтады салқын самал, сайран күн,
Сағыныштан мен де шерге айналдым.
Құлағымнан кекті сөзі кетпейді,
Күшіліктің,
соңғы ханы Найманның.

Тап сол шақта өр Алтайға тарап мұң,
Төбемізден мүсіркеді қарап Күн.
Ақтарылып, ағыл-тегіл жылағам
Қу тамырын құшақтап ап дарактың.
Сосын... сосын...
Басқа амалым қалмады,
Көштің басын Ұлытауға қараттым.

Баурын еркін жайласам да даламның,
Бір басыма жеттіп жатты алаң, мұң.
Мен де еріксіз дегеніне жығылғам,
Кеше елімді талқан қылған Қағанның.

Жаза алған жоқ Уақыт жанның жарасын,
Таба алғам жоқ байлықпен де жарасым.
Бақытына жеткізсем деп ойладым,
Басымды емес,
Бағаналы баласын.

Мені осыған талпындырды отты арман,
Жүлдемді алдым тірлік дейтін көкпардан.
Бас деген не?
Жошы өлімін естірткенде Шыңғысқа,
Басымды алып тастаса екен деп барғам.

Сол бас, міне, кеудемде әлі келеді,
Сүйреп әлі келе жатыр денені.
Бір сөзінде Тата тұңға: «Кетбұқа,
«Халық бассыз қалмау керек», — деп еді.



Қу тірліктен тауып нәрін, қорегін,
Басымды әзір аман сақтап келемін.
Ей, шерменде қара қобыз, айт бәрін,
Кетбұқаның ел білмейтін дерегін.
Мың бұраулы менің мұңлық жанымды,
Сен түсініп, сен ұғар деп сенемін.

Сөйле, бейбақ, тілің жұтып жатпа құр,
Тарқат шерді,
айт барлығын,
ақтарыл.

Шыңғыс ханға сөз өткізген Кетбұқа,
Шер тарқатқан шақта бұл.

Ақтар бәрін,
Сырым жетсін елге де,
Кетбұқаны құпиялы көмбе де.
Кетбұқа де кеңес айтқан Шыңғысқа,
Сөйтіп жүріп шер жұқартқан пенде де.

Кетбұқаны пенде деп айт шерменде,
Мына өмірге қос Кетбұқа келген де.
«Бір Кетбұқа Шам елінде әмір» де,
«Бір Кетбұқа Өр Алтайда өлген» де.

Қу дүние-ай, дүрбелені, дауы мың,
Кешіп жүр де тағдыр сынын, дауылын.
Құлағудың қолын бастап жүргенмен,
Аңсайды де ұлы Найман дәуірін.

Сыр қылып айт, сенім артқан серігім,
Сөйлеп берсең тоқтата алар сені кім?
Кетбұқа кім?
Апанының аузында
Қылтасынан қақпан қиған бөрімін.



Жөнім жоқ ед күңіреніп, күрсінер,
Дабылымнан дұшпан жаны түршігер.
Ат үркітер атақ-даңқым жетеді,
Бірақ менің еңсемді езіп батпан ой,
Адымымды аштырмайды қыл шідер.
Айт барлығын.
Ішкені у мен бал болған
Кетбұқаның кім екенін білсін ел.

Ноянның қолына алған нар қобызы аспан мен жердің арасын жабыстырып тастардай боп қуырылып сөйледі, күңіреніп сөйледі. Желді күнгі теңіз суындай көбік шашып долданды, жағалауды ұрғылады. Бір сәт ботасы өлген бозінген болып боздады. Қос ішектен төгілген зар ақ шатырдан асып, сырттағы жұртқа жетіп жатты. Бақан таңбасы салынған шашақты найзасын қолына алса құдыреттеніп кететін Кетбұқаны білетіндер мына қобыздың не айтып тұрғанын түсіне алмады. Түсінгендері жетпістің бесеуіне шыққан қолбасшының әлеміндегі әлдебір құпия сырдың қотарылып жатқанын ұқты.

Кенет ащы дауыс естілді.

— Мәмлүктер! Айн-Джалут бойына Құтыз әскері келді!

Мысыр әміршісі Құтыздың жер қайысқан қалың қолы Шам елінің іргесіне ат ойнатып тұрған еді бұл кезде.

«Сағындым-ау» деп барып тоқтаған қобызын лақтырып жіберген Кетбұқа әп-сәтте жауар бұлттай боп түнере қалды. Көзі қанталап, қабағы түксиіп, шатынап шыға келді. Әлгі хабарды естіген сәтте қаны басына тепті, жанарында от ойнады. Лақтырып жіберген қобызының ішегі әлденеге тиіп барып жерге түсті ме, қияқ тимеген қылдан ащы дыбыс шықты.

«Сағындым-ау».



Дүр сілкінді.
Қанға толып жанары,
– Құтыз қайда?!
Оқты көзін қадады.
Лап еткен от алпыс екі тамырмен
Тұла бойға тарады.
...Қобыз емес, қос қолына қылыш ап,
Кетбұқа әне, колды бастап барады.

Ақ шатырда қобыз қалды жылаған,
Жарықтықты көтерген жоқ бір адам.
Айн-Джалут бойындағы шайқастан
Ғауаң қайтып оралар деп дін аман.

Айн-Джалут бойында Кетбұқа ноянның он мың әскері мен Құтыздың қырық мың әскері кездесті. «Шегініп, қосымша күш келгенше шешуші соғыс жасамайық» дегендер де болыпты. Қарсы келген жауынан қашқалақтап шегінуді білмейтін Кетбұқа оймақтай ғана он мың әскермен төрт түмен болған Құтыз әскеріне қарсы шайқасқа кірді. Сол қанды ұрыста ұлы жырау, даңқты қолбасшы, кемел ойлы кеңесші, көзсіз батыр атанған Кетбұқа қаза тапты.

Р.С. Қаза тапты бір қауымның көсемі,
Сұмдықты естіп күңіренді дос елі.
Тіршіліктен тыншу таппай жүретін
Кетбұқаның қалауы да осы еді.
...Қаза тапты бір қауымның көсемі!

Бізге жеткен ескі әңгіме кешегі:
Кетбұқаны ер еді дер көшелі.



Жөн білген жұрт Кетбұқа мен қобызды,
Бір қабірге қатар қойды деседі.

Маң ғасырлар тарих көшін сүйретті,
Алмасты ұрпақ заманға сай күйге епті.
Өкініш сол:
Кетбұқа мен қобыздың
Өзегінде біз білмейтін күй кетті.

Беу, дүние-ай, тартар сыйы – мың бір сын,
Мың бір сында кім жадырап, кім күлсін?
Тірі қалса шерге толы сол күйін
«Сағындым» деп атар ма еді, кім білсін?

Бір дәуірге сөз жүргізген би еді,
Туды Алтайда, қалды Шамда сүйегі.
Екі өлкені жалғап жатқан Құс жолы,
«Сағындым» деп аталатын күй еді.

Кетбұқаның ең ақырғы күйі еді...



АМАНАТ ЖҮРЕК, АРМЫСЫҢ!

*Қарағанды қаласының тұрғыны, досым Қуат Мақсұтовқа
2015 жылдың 17 ақпанында жүрек алмастыру отасы жасалды.
Ота сәтті аяқталды.*

*Астана қаласындағы мемлекеттік ғылыми
кардиологиялық орталық директоры
Юрий Владимирович ПЯ мырзаға
және бүкіл ұжымға арналады.*

Түн азабы

– Жылт еткен жарық сезілмей,
Атырам таңды көз ілмей.
Аспандағы анау жұлдыздар
Ажалдың суық көзіндей.

Шаршатып атты ақ таңым,
Жамылып көрпе жатпадым.
Қара түн көркі Ай еді,
Одан да жылу таппадым.

«Осы ма ажал қармағы?»
«Арманым өлді-ау алдағы».
Жарқырап тұрған Күнің де,
Жанымды емдей алмады.

Асқынған дертім мендеді,
Ажалдың осы-ау төңгені.
Қызығым бар ед алда әлі,
Дәрігер-ау, емде сен мені.

Жүрегім дертті, жаралы,
Қуатым да енді шамалы,



Қолыңнан келсе көмек бер,
Тарылып тыныс барады.

Шыбындай ғана жаным бар,
Жөні жоқ ерте дамылдар.
Тартылған өзен секілді
Қан жүрмей жатқан тамырлар.

Отырмын оймен мәңгіріп,
Барады бойдан хал құрып.
Сырқаты ауыр жүректі
Тастасам ба екен алдырып.

Бермесен енді сен оңдап,
Барады сырқат денемді ап.
Жүректі алмастырам деп,
Үзіліп кетсем не болмақ?!

Өлмеймін, өмір сүремін,
Сокқанмен әлсіз жүрегім.
Үмітім жалғыз өзің де
Дәрігер-ау, тапшы бір емін.

Аулақ қыл қабір-түнекті,
Емдетіп алам жүректі.
Қажытқан оймен алысып,
Тағы бір ауыр түн өтті.

...Емдету керек жүректі.



**Астана қаласындағы
кардиологиялық орталықта**

— Осылай үзілмек пе арман-әнім,
Тым ерте тоқтамақ па таңдағы әнім.
Емхана.
Сыр ашпайды дәрігерлер де,
Қол-аяғым таңулы,
Арбадамын.

Дәрігердің өзгеріс жоқ түр-өңінде,
Білмеймін, өлмей, өмір сүремін бе?
Дамыл жоқ, тексеріп-ақ жатыр бәрін,
Сеземін, бір сұмдық бар жүрегімде.

Шаршатты қу тірліктің толқын күні
Шынымен жабылмақ па сор түндігі?
...Сәл шыда, қазір маған Пя мырза,
Айтады дәрігерлік қорытындыны.

Шыдашы, шыдай білу ерге сын-ды,
Сөзін естіп дәрігердің көр кесімді.
...Сәл шыда, Пя мырза айтады анық,
Өлерімді немесе өлмесімді.

... — Азамат, құштар жансыз жарыққа анық,
Ендеше сәл босаңсу танытпалық.
Біз ұзақ тексерістің арқасында,
Жүректегі сырқатты анықтадық.

Баяғыдай бұл жүрек соға алмайды,
Тамырға сондықтан қан тола алмайды.
Бір-ақ жол: басқа жүрек салу ғана,
Бұл жүрек Сізге серік бола алмайды.

Жанға сеп болмады үміт алауы түк,
Жан ем ғой жігерімнің жалауы тік.





«Жүректі алмастырам» деген сөзден,
Жанда – үрей, көзім кетті қарауытып.

«Жырлатқан сен емес пе ең шаттық әнін,
Мойныма тақтым қанша бақ тұмарын.
Елу бес жыл кеудемді қағып келген,
Мен сені қалай қиып лактырамын?!

Дәрігер-ау, келмеді ме басқа ой саған,
Сөзіңнен талқан болды тастай санам.
Елу бес жыл кеудемде соғып келген,
Мен қалай жүрегімді тастай салам?!

Шынымен өз жүрегім жоғала ма?
Шынымен өмір жырын доғара ма?
Ал, әлгі өзің салған басқа жүрек,
Өзімнің жүрегімдей бола ала ма?»

Көз – тұман, баста – шыңыл, арқам ысып,
Кеткендей жанның қорған қалқаны ұшып.
Бір мезет миллион сауал миды атқылап,
Отырып қалдым оймен арпалысып.

– Азамат, сәл дем алып, дамылдаңыз,
Не қажет? Біз әрдайым жанындамыз.
Келісу, келіспеуді Сіз шешесіз,
Шешімді тек тезірек қабылдаңыз.

Деп дәрігер айтар сөзін тамамдады,
Сан сауал соғыс сап жүр санамда әлі.
Басқа жол жоқ болса егер, амалым не,
Өмір сүру керек қой маған да әлі.

Бір білгенің бар шығар, тегі, сенің,
Дәрігер едің артатын елі сенім.
Кеудемдегі, қайтейін, жүрегімді
Кесіп алып тастауға келісемін.



**Жүрекпен қоштасу
немесе
ота жасау бөлмесіне бара жатқанда**

– Тар кеудем болған шығар саған бесік,
Өлмесем, енді сенсіз табам несіп.
Соғып қал, дәрігер солай шешім етті,
Сәлден соң қоштасамыз, амал нешік!

Ырзамын бірге болған жылдарыма,
Сен мені ғашық еттің сырғалыма.
Өзіңнен басталатын ұлы күшпен,
Қосылдым тіршіліктің ырғағына.

Туласан, мен де асаудай өректімін,
Сезіндім толқын күшін, жел екпінін.
Жүрегім, сен үйреттің жанымменен
Өмірді қалай сүю керектігін.

Жанымды сен едің ғой жасын еткен,
Көктемде көл-көсір боп тасып өткен.
Өзіңсің арманға алыс қол создырған,
Ғажайып дүниеге ғашық еткен.

Сонан соң ынтықтырды аспан – ғалам,
Ол сезім жұғысты еді жастан маған.
Өзіңде Өмір дейтін күйге ұласты,
Анамның әлдіінен басталған ән.

Жанымның тоқтатпадың жыр ағысын,
Жүрегім, жан серігім, жұбанышым.
Жатсынбай жазып алып жаттың бәрін,
Пендеңнің қайғысы мен қуанышысын.

Өр едім, иілген жоқ жатқа басым,
Өзгенің қызғанбадым тапқан асын.



Түсіріп жанарыма жазып алдым,
Тыншу жоқ тіршіліктің ақ-қарасын.

Қандауыр-қара бояу тілгіледі,
Ақ бояу боп аспанда Күн күледі.
Отқа салып өзінді, оққа тосып,
Қажытып алдым ба екен, кім біледі?

Шырылдап бақтым шипа табамын деп,
Қайтемін, сөнуге шақ жанарымда от.
Сәлден соң сен екеуіміз қоштасамыз,
Қоштасамыз, қайтейін, амалым жоқ.

Ісімен таң қалдырған бар әлемді,
Деп жүрген дәрігер екен: «Табам емді».
Сәлден соң Пя мырза ота жасап,
Кеудемнен сені кесіп алады енді.

Мінекей, арбада әлсіз дене жатыр,
Тоқтасаң, ол да қор боп өледі ақыр.
Кеш мені,
 алмастырар басқа жүрек,
Ұшақпен Алматыдан келе жатыр.

«Болады, – дейді дәрігер, – пайдасы әлі»,
(Өзінсіз тіршіліктің қайда сәні?..)
...Амал не, сәлден кейін бөтен жүрек,
Өзіннің орнына кеп жайғасады.

Алда не?
Тағдырым, сый ал дайында,
Сынақтың көніп берем қандайына.
Өзгенің сау жүрегін өлтірмеуді
Құдайым жазған шығар маңдайыма!

Тар кеудем болған шығар саған бесік,
Өлмесем, сенсіз енді табам несіп.



Соғып қал, бұл ақырғы тілдесуім,
Сәлден соң қоштасамыз, амал нешік!

Бір жүрген күндер артта қалады енді,
Бақыт боп басқа жүрек жана ма енді?
Ал, қош бол, сәлден кейін ұйықтап кетем,
Басқа жүрек оятып алады енді,

Басқа жүрек оятып алады енді.

**Армысың аманат жүрек
немесе
жүрек алмастыру отасынан кейінгі сезім**

Жүруші ем жүдеп, құр сұлық,
Талықсып, талып, тұншығып.
Емхана іші. Ояндым.
Өмірге қайта құлшынып,
Армысың, менің Өмірім,
Ақ сәуле шашқан Тіршілік!

Ұйықтап ем: «Бәрі бітті!» – деп,
Ояндым саулық, құт тілеп.
Аманат жүрек, армысың
Кеудемді жатқан түрткілеп.

Мен үшін сенің сырың мың,
Дірілден соны ұғындым.
Үзігін жалға, ей Жүрек,
Үзіліп кеткен ғұмырдың.

Жаныма солмас гүл еккін
Көрейін қайта түлеп мың.
Үзігін мен де жалғайын,
Үзілем деген Жүректің.





Санадан күдік безінсін,
Тамырда тірлік сезінсін.
Аманат **КЕУДЕ** мінекей,
Аманат **ЖҮРЕК** өзіңсін.

Байқаймын, бойда хал-күшім,
Азапты күн-түн қалды шын.
Кеудемді жатқан түрткілеп,
Аманат Жүрек, армысың!

2015 жыл.





Төртінші бөлім.

*Бақыттымын
мен енді*

(Аудармалар)



Эдвард КОЦБЕК²

ТҮЗУ СЫЗЫҚ

Қарт суретші қылқаламын тағы да ап,
Түзу сызық сызбақ болды құлшынып.
Өңшең қисық сызық жатты жамырап,
Шошып кетті тұла бойы түршігіп.

Бар ғұмырын осы жолға сарп етті,
Қаншама рет үмітін жел ұшырды.
Түзу сызық? Көз алдында жалт етті,
Өліп бара жатқандығын түсінді.

Түсінді қарт өлім бойын меңдеді,
Бұдан да енді бір ғажайып күй ұшпақ.
Түзу сызық дегеніне көнбеді,
Қолы құрғыр тарта берді қиыстап.

² Словения ақыны Эдвард КОЦБЕК 1904 жылы қарапайым еңбек адамдарының отбасында туған. Тағдыр тауқыметін, мұқтаждықты көрген. Ақын, прозашы, публицист, қоғам қайраткері. Соғыс жылдарында халықтық-азаттық қозғалыстың белсенді мүшесі болған. 1936-1941 жылдар аралығында Словениядағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың шынайы көрінісін әшкерелейтін, ұлттық өзекті мәселелерді көтерген өткір мақалаларымен танылады. Осы азаматтық көзқарасы оны югослав коммунистерінің антифашистік қозғалысына араластырады.

«Жер» (1934), «Үрей» (1963), «Хабарлама» (1969) сияқты жыр жинақтарының, «Қорқыныш пен қайрат» (1951) атты новеллалар және бірнеше партизан қозғалысы жайлы жазылған естеліктер жинағының авторы. Француз ақындарының өлеңдерін аударған (П.Клодель және басқалар).





Жатыр ойда, санасында сұрағы:
«Бұл адамға тартылған сый немене?
Еркіндіктің құны неден тұрады,
Адамның ол дегеніне көне ме?»

Түсінді қарт немересі, әне бір,
Астроном,
ғарышқа көз қадайды.
Болжамынша, ол жақта да бар өмір
Сапырылысқан сайрандарды санайды.

Түзу сызық жоқ ендеше. Амал не?
Өмір, бәлкім, қисықтардың тегі де...
Бәлкім сенің көрген түсің,
жоқ әлде
Сергектіктің тылсым иректері ме?

Уақыт қанша талмай айтып келеді,
Ұғына алар болса жанның түйсігі.
Сағат сайын гүл де ауырлай береді,
Көбейеді кеңістіктің қисығы.





ЕНДІ...

Сөйлеп ем,
«Мылқаусың», – деді дүрлігіп,
Жазып ем,
«Соқырсың», – деді білдіріп.

Олардан аулақ кетіп ем енді,
Ақсақтығымды айтып тынды олар.
Шақырып қайта өтіне берді,
Керендігімді де білді олар.

Атойлап сезім, билеп кеткенде денемді,
Әлгілер сөкті: «Есалаң екен», – деп енді.

...Бақыттымын мен енді.



ҚОЛДАР

Кәнігі бір қарақшылар арасында жүргендей,
Қос қолымның ортасында келем мен де. Тірімін.
Бірі әлгінің не істеп жатыр? Бөлек ғұмыр сүргендей
Не істеп жатыр? Біреуінде шаруасы жоқ бірінің.

Жүректен бе? Сол қолымды сәл ессіздік билеген,
Оң қолымда ақыл басым, кармауды да біледі.
Бірі үнемі алуға әуес. Сонда олжа мен сый деген,
Екіншісі қолда барын жоғалтып ап жүреді.

Ал бүгін ше? Мен өлімнен қашқанда
Сүріндім де құлап-тұрдым талап қып.
Жан ұшырдым, жанталастым тірек іздеп тастан да,
Қос қолымды қан-жоса қып қанаттым.

Екі қолым екі жақта. Храмдағы ана бір
Кәдімгідей алып шамның қос тұтқасы секілді.
Күдік, сенім бір алау боп лапылдайды, жанады,
Күрсінісі не еткен ыстық? Шарпып өтер бетінді.





Матей БОР³

АППАҚ ТЫНЫШТЫҚ

Біздің барак қар астына көмілген,
Мен мұндамын, сен андасың
естілмейді дыбыс түк.
Не соқпақ жоқ, жол да үзіліп, бөлінген,
Арамызда мынау аппақ тыныштық.

Аяулым-ау, қалай хабар аламын?
Қайдасың сен?
Не істемекпін мен енді?
Түсім екен:
төсінде анау даланың
Көрдім сенің жансыз, өлі денеңді.

Сокпақ, жол жоқ. Аппақ қар тек — жақсы үміт,
Естілмейді екеуіміздің даусымыз.
...Қар үстімен келе жатқан ақсиып,
Ажал дейтін біздің жарылқаушымыз.

³ Словения ақыны Матей БОР 1913 жылы туған. Ақын, прозашы, драматург, сыншы. Шын аты — Владимир Павшич. Халықтық-азаттық күрестің белсенді мүшесі болған. Азаттық күреске дейінгі жылдарда оның есімі әдебиет және театр жайлы жазылған пікірталасты мақалалары арқылы кеңінен танымал бола бастайды. 1940 жылы «Люблян қоңырауы» атты журналда оның циклды лирикалық өлеңдері жарық көреді. «Дауылды да жеңеміз» (1942), «Өлең» (1944), «Көлеңкелеріміздің іздері» (1958), «Алға, алға» (1963) тағы басқа поэтикалық жинақтардың, «Қашықтықтар» романының (1961), «Түнек шеңберлері» (1953), «Аквариумдағы ғарыш» (1955), «Жұлдыздар мәңгілік» (1959) атты пьесалардың авторы. 1974 жылы төрттомдық шығармалар жинағы жарық көрген. Шекспир шығармаларын аударушы ретінде де танымал.



ШКІРТАЛАС

- Қажеті не осы бізге көпірдің?
- Су үстінен өту керек кезінде.
- Қажеті не су дейтұғын нөпірдің?
- Қату үшін керек қыстың көзінде.

- Ал, қажеті қаншалықты көк мұздың?
- Қажет, қажет. Көпір салмау үшін де.
- Су не үшін керек? Мәнін ашып жеткізгін.
- Балық дейтін нәсібің бар ішінде.

- Ал балықтан не үлгі бар ізгі енді?
- Үндемейді. Үндемеу де көмек қой.
- Үндемеудің керегі не бізге енді?
- Құрған ауға түсіп қалмау керек қой?!





Бронюс МАЦКЯВИЧЮС⁴

САҒЫНЫШ

Баладай болсам көкегін ойлап, сағынған?
Келмейді-ау қыста, ұмытқан.
Әнекей, әне әйнектің арғы жағында,
Шашақты ақбас бұлттар.

Беріліп сосын, ыркына кетсең бой ұрып,
Мейрімсіз мұң да жаныңды жейді кеміріп.
Кетеді ол да тойынып,
Кетеді ол да семіріп.

⁴ Литва ақыны Бронюс МАЦКЯВИЧЮС 1929 жылы Литваның Дзуккии облысында туған. Табиғаты қатаң, жұтаң болғанмен, рухани игіліктерге бай бұл өңір ақынның алтын бесігі болады. Оның балалық, жастық шағы қырқыңшы жылдардағы тап тартысының күшейіп тұрған уақытымен және екінші дүниежүзілік соғыспен тұспа тұс келді. Осы күрделі кезеңдер және 1950-1953 жылдар аралығында әскер қатарында болған уақыт оның табиғи дарынын ұштай түседі, рухын жанып, өр тұлғасын қалыптастырып, азаматтық және ақындық болмысының бедерлене түсуіне ықпал етеді. Осы жылдары оның «В строю» атты алғашқы жыр жинағы жарық көреді. Бұдан кейінгі жылдарда ақынның «Беспокойные птицы» (1958), «Подвигом измеряем сердца» (1962), «Проводи меня, ветер» (1968), «Цветение маков» (1972) деп аталатын шығармалар жинағы шығады. 1973 жылы Вячеслав Кузнецовтың аударуымен «Советский писатель» баспасынан орыс тіліндегі жыр жинағы шықты («Беспокойные птицы»). Ақынның бірнеше өлеңдері қазақшаға аударылып (аударған Ғ.Ештанәев), Астана қаласындағы «Аударма» баспасынан «Әлем әдебиеті кітапханасы» сериясымен шыққан «Еуропа поэзиясы. XX ғасыр» деген жинаққа енді.



Аспаннан бүгін жұлдыздар жерге тамшылап,
Алтын Ай-орақ шалғынды кешіп барады.
Ғажайып мына иіске тұрмас жан шыдап,
Жалбыр бұлттардың жел болып жетті хабары.

Тұр едім сол сәт ескі әуендермен қауышып,
Өткеннің бәрін шықсам-ау шарлап, нәр алып.
Ескертті кенет трактордың тарғыл дауысы:
– Қой енді, оян!
Келмеске кеткен балалық.





ХАТ

Бақшада ерек күй төгіп, мама, тұр шабыт,
Қызыл-көк алау жалап бақ.
Көк мұздың үсті.
Іңір тұр, әне, бусанып,
Қырау боп сосын жапырақтарға қонақтап.

Именшек, ерке мұндылау күйге батса да,
Естілді ғажап жапырақтардың сыбдыры.
Балалық, бәлкім, оралған шығар бақшаға,
Байқады екен кім мұны?

Тек үнсіз ғана құлақ сап желдің үніне,
Аралап кетем тұманды көктің арасын.
Сезесің бе енді, ойлап та көргім келмейді,
Мұндылау ана қараша күздің қарасын.

Жамырап тұрған жапырақтарға қосылып,
Бау-бақша құсап менің де жанғым келеді.
Тұрмаса екен үрейден тірлік тосылып,
Тұрса екен сөзден сезіліп шындық дерегі.

Алшандай бассан, жатқанда бәрі дөп түсіп,
Осы үшін ғұмыр кешу де адам парызы.
...Бәйек боп жел жүр жапырақтарды қопсытып,
Бақшаға суық болмасын дейді-ау тәрізі.





Сәулелі шуак.
Толқынды өзен.
Ырыс-құт,
Балалық шақтың сарайы анау. Не еткен үн?
Сәбидің онда ұйқысы сынды тыныштық,
Демі де сондай жеп-жеңіл.

Сағынған әуен, онда тек самал-жыр есіп,
Сықырлы сазы жетті анық.
Кетсем бе екен тырналар көшіне ілесіп,
Ертегі елін бетке алып.

Пейілі дұрыс перінің қызын көрмекке
Тырналарға еріп кетсем бе алыс,
Жол қанша?
Қарағай иісін аңқытып, шіркін, жер-көкке,
Сіміртсем бәрін құмары қанып болғанша.

Сұлулықтардың жанарға бәрін сиғызып,
Қондырып бәрін ақ жүрек дейтін алаңға.
Сарай бар ғажап.
Сықырына оның сүйгізіп,
Енгізем қалай сені онда?





Көрмеймін, бейнең тылсым ба?
Араға түсіп уақыт.
Кетуіңді күтіп тұрсың ба?
Жанымды менің жылатып.

Берілді белгі, тұрма енді,
Жыламайтыныңды білемін.
Жоқ боларыңды білгенде
Табатын да едім бір емін.

Төселген рельс – сынақ-ты,
Жатар ем бөгеп жолыңды.
Жаралы бұлан сияқты
Жетер ем созып қолымды.

Жетер ем,
Көзден ұшырдым,
Бермейді енді бетін күн.
Мүмкін емесін түсіндім
Жылдарды жарып өтудің.





ШИНЕЛЬ

Тамшысы тастай, төпелеп жаңбыр жауып тұр,
Қайыңның шашын жұлқылап жел де болмайды.
Шинельді алып жамылшы.
(суық – қауіп бұл),
Жаңбырлы күнгі жасыннан сені қорғайды.

Ал, жаным, алшы. Жамылып алшы сақтанып,
Танырсың ыстық балалық шақтың табын мың.
Парақтары да осында жатыр сақталып
Ертегі есіл шағымның.

Күн кешіп келем адамдық атқа адал, шын,
Куәсі осы солдаттық киын шақтардың.
Табылар, мүмкін, қалтасын аңдап қарарсың,
Парағы саған жете алмай қалған хаттардың.



Шындығым осы: жұлдызым дедім шырайлы,
Аспаннан түсті шашылып.
Түн бойы тынбай сұңқылдап гармонь жылайды
Ұйқымды менің қашырып.

Дөңбекшіп шықтым телміріп түннің төсіне,
Ғашығым жайлы мазалай берді мені де ой.
Жаныңды жаншып жылайды гармонь несіне,
Жүрегі оның сырқаттан ада еді ғой?





КӨПІР

Табаны – шынжыр, моторы – дүлей, сөзі – алау,
Көпірді кешіп барады жылдар.

Алда ақ таң.

Күндердің күні майысып көпір тозар-ау,
Ғасырдың жүгі жаншыған ауыр салмақтан.

Майысар, тозар...

Кеудесін тосып жатады,

Қиындық пенен қызықтың өлшеп бағасын.

Қалмаса қалмас артында даңқ пен атағы,

Әзірше тұр ғой жылдардың жалғап арасын.

Жолдар-ай, жолдар!

Бәрінен дерек береді,

Сергітер сосын таңдайға түскен тамшы-үміт.

Көпірлерге ұксап менің де өлгім келеді,

Ғасырым салған салмаққа жаным жаншылып.





Владас ШИМКУС⁵

СОЛДАТ ХАТТАРЫ

Бірінші хат

Алғы шеп.

Ұра.

(дәл мендей ешкім ұққан жоқ),

Көкжиек темір танкке толып тұр әне.

Тыншу жоқ мұнда.

Мұндағы тыныштықтан тек

Йод пен күлдің күлімсі иісі шығады.

Тыныштық дейсің. Жадында ғана ол сақталған,

Оның да қызық жазылған жаратылысы.

Мен туған үй тұр.

Балалық әне.

Тәтті арман,

Тыныштық неткен бау-бақша, ғажап гүл іші!

⁵ Литва ақыны Владас ШИМКУС 1936 жылы Литваның солтүстік-батысындағы Юцяй деген деревняда дүниеге келген. Филолог. Шығармалары 60-шы жылдардан бастап жарық көре бастады. Өлеңдері орыс тіліне аударылып, «Литературная газета», «Новый мир», «Знамя», «Вопросы литературы», «Огонек», «Смена» басылымдарында жарияланған. Орыс тіліндегі алғашқы жинағы 1963 жылы «Земля вас любит» деген атпен жарық көрді. 1973 жылы «Ульи» деген атпен екінші жыр жинағы орыс оқырмандарының қолына тиді. Аударғандар – Владимир Корнилов және Леонид Миль.





Кенеттен ғайып мен туған үй де,
Бау да жоқ,
Аспанға сіңіп жоғалған барлық із біткен.
Бұлттар да ғайып, қара бұлт сынды жау да жоқ,
Мен ғана жалғыз жарыққа анау үздіккен.

Екінші хат

(өлген дұшпанның мүрдесіне)

Қажеті қанша болды екен саған жерімнің?
Құмы да бөлек, топырағы да оның өзге еді.
Қоқысқа толып көздерің,
Жатырсың енді қу сүйек болып.
Жеңілдің.
Төресі бола алмайсың енді төрімнің.

Кешқұрым. Күн де көкжиекке иек тұр сүйеп,
Сумақай жел де сиқырлы тілмен жалғай ма ән?
Күлші енді, күлші, саудырлап қалған қу сүйек,
Қар менен жаңбыр астында қалып сарғайған.

Жібергендер үшін, күткендер үшін күл енді,
Берілді бұйрық, басынды тіктің. Бұл – шындық.
Сен үшін біреу дұғасын оқып тұр енді
Эльбаның үстін күрсінтіп.

Жатырсың енді қу сүйек болып.
Жеңілдің.
Төресі бола алмайсың енді төрімнің.





Үшінші хат

(ұлыма)

Қалайсың ұлым, жарығым менің, өзегім,
Жатырсың не істеп? Қоса ма бізді жол-жылым?
Аман-сау ма әлгі кішкентай ғана көжегің,
Есен бе, балам, кінәсіз қыжым қонжығың?

Өртенді үй-жай.
Қалшылдап Жер де шошынды,
Ойыншықтарын да жылады ойран салғанда от.
Жылама, балам, жалмауыз өртте тосылды,
Ойыншығың отқа жанған жоқ.

Ғалам дегенің мәңгілік. Бастан кешерсің,
Қуаныш, күлкі.
Көреді ұрпақ кеңдігін.
Сен бірақ, балам, жетімдік көріп өсерсің?
...Айташы, ұлым, маған не істедің тағы сен бүгін?

Төртінші хат

(досыма)

Ажалсыз ең ғой, сиқырың бар ед жететін,
Жауған оқ мынау жаныңнан қорқып,
дарымай қаңғып кететін.

Өлмеуің керек еді ғой, досым,
құладың неге сен бүгін?
Бұл қалай болды, бұл қалай болды?
Жауабын берер енді кім?

Жерледік сені. Естіртер ел-жұрт анаң,
Естірттік біз де өлімің жайлы ағашқа,
аспан, далаңа.





Жерледік сені. Сиреді қатар.
Айналдың, досым, ғазалға,
Өлетін кезек менікі еді,
алжасқан шығар ажал да.
Өлмеуің керек еді ғой...

Бесінші хат

Рейн теңізді бетке ап ағады,
Шығысқа қарай, поездар, тынбай заулап қал.
Жолы бар жүрер, әркім-ақ жөнін табады,
Үйді-үйге енді тарауы керек солдаттар.
Аспаннан Ай да сәулесін төгіп қарайды,
Қараңғылықтың да шығардай қалт-құлт жаны жүр.
Жаяу әскер де тарайды сосын, тарайды,
Шабуылдан соң тағы бір.

Алтыншы хат

Қайтқам жоқ үйге, жатырмын сызды окопта,
Аяқтай алмай топырақ асты хатымды.
Жазамын әлі. Қалмаймын жайсыз атаққа,
Шөп болып шығып, танытам өзге затымды.
Жазамын,
Жазамын,
Жазамын...

Қалпында әлем. Ағаштар даусы – ғажап үн,
Күндізде, түнде сендерде менің назарым.
Хат жазам әлі, жеткен жоқ менің ажалым,
Жазамын,
Жазамын,
Жазамын...



Ян РАЙНИС⁶

«ЖАДЫНА ЖАЗЫП АЛҒАНДАР» кітабынан

Айдынды кешіп, алаулап, әне, батты күн,
Қып-қызыл отқа айналып көктің етегі.
Жарқырап тұрған заттардың бәрі тап бүгін,
Күнменен бірге көкжиек асып кетеді.

Күнменен бірге кетеміз бұрып ат басын,
Күнменен бірге кетеміз бұрып ат басын.
Батқан күн сосын өзінен кейін жабады
Қап-қара түннің қақпасын.

⁶ Ян РАЙНИС (Янис ПЛИЕКШАН) (1865-1929) — Латвияның халық ақыны.



КҮЗГІ КЕШ

Қып-қызыл болып батты күн,
Ығысып бұлттар төменге,
Аспанның шырақ-шаттығын
Тастаған қамап, көгендеп.
Оты өшкен еңіс, дала, орман,
Бозарған аспан төбеңде.

Жайылма суда жайлы ағын,
Сабырлы, сырлы күйі бар.
Кенеттен бұлтты қақ жарып
Ақ нұрға бөлеп аймағын
Аспаннан сәуле құйылар.

Алтын нұр сіңген айдынға,
Құрыштан құйған көк аспан.
Қашады бұлтпен қайғың да
Сырқатты жаның сауығар
Сұлулықпенен таласқан.

Түн ұзақ болсын, бәрібір,
Мұңы жат болмас, бәрібір,
Бәрінен ерте жарқ еткен
Жұлдызым менің әне тұр.





ШАҢ

Тау менен алқап, даланы,
Сұрғылт шаң басты қаптап ап.
Ал қызыл күннің алауы
Шалғынды кетті отқа орап.

Алапат оттай жалынды
Жанымды кетті күл ғып Күн.
Тынысым шаңнан тарылды,
Сұрықсыз бәрі тірліктің.

Тынши ғой, жүрек-шынарым,
Тартпаған азап бар ма алда?
Тастақ жер мәңгі тұрағың,
Не қалды дейсің жалғанда?





Күн жарығын шашып бар,
Қарығып көз, талып тұр.
Айыра алмас жасықтар,
Алуан түсін жарықтың.

Бітелді құлақ,
(Кетер ме?)
Үнінен кенет у-шудың.
Әуреге түсті-ау бекерге
Әуені кешкі тылсымның.

Дамылдау керек бізге енді.
Көз, құлақ, сәл-сәл, жарай ма?
Тыншиды сосын жүрек пен
Ымырт та, анау тоғай да.





Зинаида ЧУМАКОВА⁷

**ШАЛҒАЙДА ҚАЛҒАН
ЖЫЛДАР-АЙ ...**

Парақтап тағы отырмын қызық күндерді,
Бал ашып қайтем өткенге.
Жастығым менің кетті алыс, қалды бір белгі
Қумақшы болам. Өткенге пенде жеткен бе?

Иық та мынау батпан да батпан салмақ бар,
Жарқырап жұртқа шығуды қойдым, не керек.
Кеш болып қалған жоғын да білем жан баптар
Ол кездің таңы керемет еді-ау, керемет.

Қайтарсам, шіркін, шалғайда қалған жылдарды,
Жас едім онда серуендеп өскен гүлзарды.
От болып лаулап, алаулап бақыт нұрлы өңмен,
Бар әлем онда тұратын ғажап күндерден.
Шалғайда қалған жылдар-ай, жылдар, ән-ғұрып,
Есімде менің қалдыңдар сендер мәңгілік.

Жанарымда әлгі жарқыл жоқ, бәрі бекер ме,
Құпия сырын ашпақшы болам бір ауық.

⁷ Зинаида ЧУМАКОВА – жезқазғандық ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.



Жұтынып тұрған таң қалам ағаш-шетенге,
Басынан да оның кетпеп пе ед талай жыл ауып?

Өлеңге айттым жанымның мұңды күйін де,
Сүргем жоқ өмір. Бәрі де текке қалды құр.
Баламын. Ұйықтап кетіппін туған үйімде
Бір түндей болып өтті де кетті бар ғұмыр.





ЖАНЫҢДЫ ЖАЛАҢАШТАМА

Азабы жетер басқа да,
Басы артық істе салмақ бар.
Жаныңды жалаңаштама,
Екінің бірін таңдап қал:

Күнделік жүргіз шаршама,
Сол ұғар сырды, басқа – қас.
Құпиянды ашып алса да
Жауыңа жайып тастамас.

Ит өсір болса амалы,
Досың сол, сыртқа теппейді.
Ұнатып өзі-ақ алады,
Сатпайды, алдап кетпейді.

Құшақтап жастық, ал, жыла,
Жыр оқы, сенбе басқаға.
Барсаң тек адам алдына,
Жаныңды жалаңаштама.





ЖҮРЕГІМ ЕНДІ БАСҚАША БОЛА АЛМАЙДЫ

Дәрігердің сөзі. Таппадым қашар жолды одан,
Жүрегінде сенің сұмдық бар, – дейді ол маған.
– Өмір сүруге қабілеті де оның тым әлсіз,
Әлі де қайтқан, нәрі де оның құнарсыз.

Ал бұған енді қайтіп мен жауап беремін,
Талай жыл мен де жанымды зерттеп келемін.
Аңсатқан оны арманның жасыл көктемі,
Шаршатқан оны адамның қасіреттері.

Қайғыдан қалыс қалсам-ай дейсің. Ол да мін,
Жеткенше күшім досымның арын қорғадым.
Қайғырдым бірге, қуандым бірге. Сынбадым,
Көрмейсің бе енді жүректің қажып тұрғанын.

Көрмейсің бе енді бір сұмдық аңдып, торып тұр,
Жүрекке мынау өзгеріс керек болып тұр.
Самарқаулыққа үйретсем бе екен құрсын деп?
Дегбірі кетіп тұрғанын қара дүрсілдеп.

Жүрегім енді басқаша бола алмайды,
Сұмдық бар онда, жазылмас онда бар қайғы.



КӨКТЕМ КЕТІП, ЖАЗ КЕЛДІ

Тағы да көктем жазға орын берді ұсынып,
Көңілден ұзап кетті үнсіз ол да соқпақпен.
Таныдым мен де тірліктің заңын түсініп,
Өкініш болған, өмір—ай, неткен тәп-тәтті ең.

Көктеммен бірге бір жакқа мен де асығам,
Қалдырып артқа армандарымды ақ маңдай.
Асуы қиын асқақ шындардың басынан,
Қарайды жылдар, жазғырып мені жатқандай.

Күлкіммен жойдым басқанда жанды мұнар-мұң,
Сілкінем сосын, кім қалай мұны топшылар.
Мен осы, бәлкім, есейіп қалған шығармын,
Бұл жерде жаздың жазығы, тіпті, жоқ шығар.





ЖАЗҒЫРМАНДАРШЫ

Жазғырмандаршы, жазалы сен де болмайсың,
Сүймендер құлай, қызғаныш кәбі бір өртер.
Қайғырма қатты, жараңды жаза алмайсың,
Тумауың керек, өлмеуің үшін күні ертен.

Азапты таста, қажеті бар ма осының,
Жылама текке өмірден асқан жоқ бақыт.
Жетеді мынау тірлікте күрес, тосын үн
Қайратың қайда, қарарсың көңіл тоқтатып.

Кекке кек дейді. Қайтесің текке шабысып,
Қауқары қайтқан қағида бұл да кешегі.
Мейірім қашса, жалғыздық жайлар бақ ұшып,
Жақсылық іске жанашыр керек деседі.

«Тойота» мінген көршінді көріп қызғанба
Атақ-даңқ пенен әмиян қусан, құп демес.
Қайғысыз ғұмыр бұйыртсын деңіз бізге Алла
Басқасы, бауырым, түк те емес.





Татьяна ВЕД⁸

ТҮСІМДЕ ДЕ МҰҢНАН ҚАШЫП ЖҮРЕМІН

Жылады жел,
күрсінді аспан түнімен,
Есігімді біреу келіп қаққандай.
Еске аламын әлі күнге мұны мен,
Сол түсімде бақытымды тапқандай.

Түсімде мен шуақ-нұрға шомылып,
Шалқып жүрмін, тербетеді кейде ағын.
Сұлумын мен,
Көрсен еді соны ұғып
Түсінер ме ең, түсіме енген мейманым?!

Сылай сипап менің саусақтарымнан,
Жетелейсің көкжиектен әріге.
Тербелеміз аумай қалып сағымнан
Кенет түк жоқ...
Түсім екен бәрі де.

Не боп кеткен жарқылдаған гүл өңім?
Қайта жаттым, ұйқы ұжмақ мекен деп.
Түсімде де мұңнан қашып жүремін,
Бақытты сәт ұзақ болса екен деп.

⁸ *Татьяна ВЕД – жезқазғандық ақын.*

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім.

Мамия-тірлік

КӨЗ ЖАСЫ	8
АБАЙДЫҢ АРМАҢДАРЫ БАР	9
ЕЛШІ КЕРЕК	11
КҮЗДІҢ КҮНІ	13
КЕТЕМІН	14
«Жанымды қарып мұз-қайғы...»	15
ТӘУЛІК ТАМАМ БОЛҒАНДА	17
ТҮНДЕ	18
ЖАҒАЛАУДАҒЫ ЖАБЫРҚАУ	19
ТІРЛІК-КӨКПАР	20
«Қабағынды аш...»	21
АРЫЛУ	22
«Аспанның ашылмай қабағы...»	24
ӨРКЕНИЕТПЕН БЕТПЕ-БЕТ	25
ЛЕНИН ЕСКЕРТКІШІ ОРНЫНДА	28
«Көңілімнің қайсыбір қаупін басып...»	30
«Ақын аға!...»	31
«Тірлік осы...»	32
АДАМЗАТҚА АРЫЗ НЕМЕСЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ КӨЗІ ТІРІ ЕҢ СОҒҒЫ КУӘГЕРІНІҢ АМАНАТЫ	33
ӘН	35
АУҒАН СОҒЫСЫ МҮҒЕДЕГІНІҢ МОНОЛОГЫ	37
БҰҒЫЛЫМ МЕНІҢ, ТАҒЫЛЫМ МЕНІҢ	39
БІР ӨЛЕҢ	40
АДАМДАР-АЙ	41
ЖҮР, КЕТТІК	43
ӘШІМТАЙДЫҢ «ҚОҢЫР ҚАЗЫ» (сүй-өлең)	45
КЕШПІР, БАБА	49
КЕШПІР, БІЗДІ!	52



ҚАСЫМНАН ҚАЛҒАН.....	54
ҚАЗАҚ ДЕЙТІН ХАЛЫҚПЫН.....	55
БҰЛАН ҚАЙТҚАН.....	57
КҮН ҚАЛА.....	59
ДАЛА ҮНІ.....	61
САУСАҒЫНДА НЕ СҰМДЫҚ.....	62
ҚАРТТАРЫМ.....	63
ҚҰЙҚАБАЙДЫҢ СОВЕТІ.....	64
САҒЫНЫШ.....	65
«Уай, Сандыбайдың Ердені!..».....	67
ТӨРДЕН ОРЫН САЙЛАНДАР.....	69
КЕҢГІР БОЙЫНДАҒЫ КЕШ.....	70
«Күбір-күбір күңкіл көшіп көңілден...».....	73
БІЗДІҢ АУЫЛ.....	74
БІР ҰЛ ТУУ КЕРЕК-ТІ ҚАРҚАРАЛЫ.....	76
ШЫҒАРЫП САЛУ.....	78
ЖАЛҒЫЗ АРША.....	80
«Сан сауалға шырмалып санаң ұдай...».....	81
АҚТОҒАЙДАН ҚАЙТҚАНДА ТУҒАН ЖЫР ЖОЛДАРЫ	
«Күпия-сыр – құздары...».....	83
«Қатпар-қатпар тастарын...».....	84
«Қызыларай – киелім...».....	84
«Қызыл бояу...».....	85
«Аптаптан аулақ безініп...».....	85
«Шатысады дүние кең дегендер...».....	86
ЖОЛДАР.....	87
ҚАЗАНЫМ ЖҰРТТА ҚАЛМАСЫН.....	88
АШЫНУ.....	90
КЕШ. ҚАРТ. БОЗБАЛА.....	92
«Бір күнімнен сорақы боп бір күнім...».....	93
УАҚЫТТЫ БАҒАЛАУ.....	95

Екінші бөлім.

*Маңдайымнан
мамыр сипап өткенде*

КӨБЕЛЕКТІҢ ҚАНАТЫНДА ӨЛЕҢ ЖҰР.....	98
СҰЛУ ЕШКІЛЕР.....	99
БАҚЫТ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС.....	101
АЙЛЫ ТҮН АСТЫ – АҚ САРАЙ.....	103
«Ұғам десең менің тылсым жанымды...».....	106





«Өзінді кінәлама...».....	107
КӨҢІЛ ТАМШЫЛАРЫ	108
«Сезім де сайқал сенбеймін...»	109
«Қайтады қаңтар, басылады ызғар, өкпегі...»	110
«Ойлы күнім пара-пар боп ғасырға...»	111
«Толастайтын сыңайы жоқ тынышымды ап...»	112
ӨМІР СОЛАЙ НЕМЕСЕ БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ	113
БАЗАРЫН АҢСАУ	113
САҒЫНЫШ (<i>мектеп бітіргеннен кейінгі 40 жылдан соң...</i>).....	115
АВТОБУСТАҒЫ АРУ	118
«Әне, тағы сәтсіз болды сапарың...»	120
ӨЛЕНІМ	121
ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ҚАНАТЫНДА БІР ГӘП БАР	122

Үшінші бөлім.

Күс жолы

(Поэмалар)

ӨКІНІШ	124
БЕТПАҚДАЛА	132
ҚОШТАСУ НЕМЕСЕ СӘРІНЖІП АҚЫННЫҢ СОҒҒЫ СӨЗІ	140
МЫРЗАБЕКТИҢ ҚАРА АТЫ (<i>поэма</i>).....	147
КЕТБҰҚАНЫҢ СОҒҒЫ КҮЙІ (<i>лирикалық поэма</i>)	153
АМАНАТ ЖҮРЕК, АРМЫСЫҢ!	165

Төртінші бөлім.

Бақыттымын мен енді

(Аудармалар)

Эдвард КОЦБЕК	
ТҮЗУ СЫЗЫҚ	174
ЕНДІ	176
ҚОЛДАР	177
Матей БОР	
АППАҚ ТЫНЫШТЫҚ	178
ПІКІРТАЛАС	179



Бронюс МАЦКЯВИЧЮС	
САҒЫНЫШ	180
«Аспаннан бүгін жұлдыздар жерге тамшылап...»	182
ХАТ	183
«Сәулелі шуақ...»	184
«Көрмеймін, бейнең тылсым ба?...»	185
ШИНЕЛЬ	186
«Шындығым осы: жұлдызым дедім шырайлы...»	187
КӨПР	188
Владас ШИМКУС	
СОЛДАТ ХАТТАРЫ	189
ТӨРТІНШІ ХАТ	191
Ян РАЙНИС	
«Айдынды кешіп, алаулап, өне, батты күн...»	193
КҮЗГІ КЕШ	194
ШАҢ	195
«Күн жарығын шашып бар...»	196
Зинаида ЧУМАКОВА	
ШАЛҒАЙДА ҚАЛҒАН ЖЫЛДАР-АЙ	197
ЖАНЫҒДЫ ЖАЛАҒАШТАМА.....	199
ЖҮРЕГІМ ЕҢДІ БАСҚАША БОЛА АЛМАЙДЫ	200
КӨКТЕМ КЕТІП, ЖАЗ КЕЛДІ	201
ЖАЗҒЫРМАНДАРШЫ	202
Татьяна ВЕД	
ТҮСІМДЕ ДЕ МҰҢНАН ҚАШЫП ЖҮРЕМІН.....	203



**Ғазиз
ЕШТАНАЕВ**

«ТАМШЫДА ДА ТАҒДЫР БАР»

ЖЫР ЖИНАҒЫ



Редакторы *Қызжібек Әбдіғаниқызы*
Көркемдеуші редакторы
Кенжеғазы Айтжұманұлы
Суретші *Нұрмұхамбет Наурызбаев*
Беттеген *Қуаныш Әділғазин*

Басуға 00.05.2018 ж. кол қойылды.
Қалыбы 84x100¹/₃₂. Басылымы офсеттік.
Қаріп түрі «DS Times». Шартты баспа табағы – 10,075.
Таралымы 5000 + 000 дана. Тапсырыс №

«Ан Арыс» ЖШС, 050000,
Алматы қаласы, С. Мұқанов көшесі, 223 «В».

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.